

өндіретін «Наука-Восток» акционерлік қоғамы жұмыс жасайды. Қалада барлығы 4,5 мың шағын кәсіпорын бар.

Білім беру жүйесі саласында Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау техникалық университеті, Көкшетау экономика және менеджмент институты бар.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Ақтөбе облысы 1932 жылы 10 наурызда құрылған. Орталығы – Ақтөбе қаласы. Ақтөбе облысында 12 әкімшілік аудан (Алға, Әйтеке би, Байғанин, Ырғыз, Қарғалы, Мартөк, Мұғалжар, Темір, Ойыл, Қобда, Хромтау, Шалқар), 7 қала (Ақтөбе, Алға, Қандыағаш, Хромтау, Шалқар, Темір, Ембі), 3 кент (Шұбаршы, Бадамшы, Шұбарқұдық) бар.

Облыс қазба байлықтарға бай. Облыста хромит, никель, кобальт, фосфор, титан, алтын, боксит, күкірт, мұнай мен табиғи газ (Жаңажол, Шұбарқұдық, Кеңқияқ кен орындары), тас көмір, калий тұздары өндіріледі.

Өзендері Мұғалжар тауынан, Жайық және Жем үстірттерінен басталады. Елек, Қобда, Ор, Ойыл, Жем, Ырғыз, Торғай, Өлкейек өзендерінің суы қар еріген кезде молайып, күзге қарай өзендердің көбі бөлек-бөлек қарасуларға айналады. Облыста көл аз. Тұщы көлдер облыстың шығыс бөлігінде орналасқан, ең үлкені – Шалқар.

▼ *Ақтөбе қаласы*



АҚТӨБЕ

Ақтөбе – Қазақстандағы ірі индустриялы қала, Ақтөбе облысының әкімшілік орталығы (1932 жылдан). Қала Мұғалжар тауының солтүстік-батысында, Елек өзенінің сол жағалауында орналасқан. Қаланың атауы жота, төбелердегі тастардың, кварцтардың түстеріне қарай «Ақ» және «төбе» сөздерінің бірігуінен жасалған. Ақтөбе – темір жол, әуе және автомобиль қатынастарының маңызды торабы.

Ақтөбе қаласының іргесі 1869 жылдың мамырында патша әскерінің Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алуы үшін соғыс бекінісі ретінде қаланған. Кейін 1891 жылдың 25 мамырынан уездік қалаға айналып, Торғай облысындағы Ақтөбе уезінің орталығы болады. 1920 – 30 жылдары қалада паровоз және вагон депосы, механикалық зауыт, диірмен, элеватор, нан комбинаты, «Металлист» артелі салынады. Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейін хром және ферроқорытпа, тамақ және жеңіл өнеркәсіп орындары ашылады. Мұнда 1946 жылы құрылған «Ақтөбекұрылыс» тресі – ірі құрылыс ұйымы жұмыс істейді.

Қазіргі таңда қалада 11 жоғары оқу орны мен 16 колледж экономика саласына мамандар даярлауда. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті, Медицина академиясы, Т.Бигелдинов атындағы республикамыздағы жалғыз Әскери Жоғары авиация училищесі, т.б. бар.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Атырау облысы – 1938 жылы 15 қаңтарда Гурьев (қазіргі Атырау) облысы болып құрылған. Қазіргі Атырау облысының құрамында 1 қала, 7 аудан, 15 кент бар. Облыс орталығы – Атырау қаласы.

Облыстағы жер беті сулары Еділ өзенінің сол жақ тармақтарынан, Жайық, Ойыл, Сағыз және Жем өзендерінің төменгі ағыстарынан және үлкенді-кішілі көлдерден тұрады. Өзендерден Жайық пен Жем ғана Каспий теңізіне құяды, ал Ойыл мен Сағыз оған жетпей, құмға сіңіп кетеді. Ірі көлдері – Индер, Жамансор, Айғыркөл, т.б.

Жер қойнауында мұнай мен газдың ірі кен орындары шоғырланған (Теңіз, Құлсары, Байшонас, Қараарна, Кенбай, т.б.).

Атырау облысында мұнай өндіру, балық аулау және оны өңдеу, машина жасау, металл өңдеу, құрылыс материалдарын өндіру, сондай-ақ химия, тамақ және жеңіл өнеркәсіп салалары дамыған. Мұнай түрлі кәсіпшіліктерде өндіріліп, Атырау мұнай өңдеу зауытында өңделеді. Сөйтіп, Ресейдегі, т.б. шет елдердегі мұнай өңдеу зауыттарына жіберіледі. Балық аулау мен өңдеу өнеркәсібі, негізінен, Каспий теңізінде орналасқан.

АТЫРАУ

Атырау – Жайықтың екі жағасын бойлай орналасқан байырғы қалалардың бірі. Ертеде Каспий теңізінің тартылып кеткен табанына ел қоныстанып балық және мал шаруашылығымен айналысқан. 1640 жылы ағайынды орыс көпестері Гурьевтер осы жерге қала салдырған. Сол себепті қала алғашында Гурьев аталған. Жергілікті қазақтар оны Үйшік деген. Ал 1992 жылдан бері Атырау деп өзгертілді.

Қала – елеулі тарихи, саяси оқиғалардың орталығы. Мұнда атақты тарихи тұлғалар – XVII – XVIII ғасырларда шаруалар көтерілісінің ұйымдастырушысы болған Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлына, қазақтың күйші-композиторы Құрманғазыға ескерткіштер орнатылған.

Атырау 1938 жылдан Атырау облысының әкімшілік орталығы болып табылады. Қала маңында ежелгі Сарайшық қаласының орны бар.

Атырау өнеркәсібінің басты саласы – мұнай-химия өндірісі. Республикамыздағы тұңғыш мұнай өңдеу зауыты да осында салынды. Мұнда «Ембі мұнайгаз», «Атырау жылу электр орталығы» және т.б. өндіріс орындары орналасқан. Сонымен бірге мұнай өңдеу құралдарын шығаратын, механикалық және кеме жөндеу зауыты, балық консервілеу, ет, сүт және нан комбинаттары бар.

▼ *Атырау қаласы*



АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Алматы облысының жері ежелден сақ, үйсін, қаңлы тайпаларының, Ұлы жүз қазақтарының атамекені болған. XIX ғасырдың ортасында Жетісуды патшалық Ресей жаулап алады. 1932 жылдың 10 наурызында Алматы облысы болып құрылады.

1944 жылы 16 наурызда Алматы облысынан Талдықорған облысы бөлініп шықты. Талдықорған облысы 1959 – 67 жылдары Алматы облысы құрамында болып, 1967 жылы 23 желтоқсанда қайта бөлінді. 1997 жылы 22 сәуірде Талдықорған облысы таратылып, оның аудандары Алматы облысына қосылды.

Бүгінгі күні облыс аумағында 16 аудан және 3 облыстық бағыныстағы қала (Қапшағай, Талдықорған, Текелі) бар. Әкімшілік орталығы – Талдықорған қаласы. Қалалары: Алматы, Талдықорған, Қапшағай, Текелі, Талғар, Жаркент, Үштөбе, Ұшарал, Қаскелең, Есік, Сарқант.

Алматы облысының экономикасы көп салалы. Өнеркәсіпте электр энергетикасы, машина жасау және металл өңдеу, құрылыс материалдары, тамақ өнеркәсібі, ұн, жарма және құрама жем салалары жақсы дамыған. Облыста жеңіл өнеркәсіп, ағаш өңдеу, фарфор-фаянс өндірістері қалыптасқан.

ТАЛДЫҚОРҒАН

Талдықорған қала атағын 1944 жылы алған. 2000 жылдан Алматы облысының орталығы болып саналады. Қала Қазақстанның оңтүстік-шығысында, Жетісу (Жоңғар) Алатауының батысында, Қаратал өзенінің жағалауында орналасқан.

Қаланың даму тарихы ерекше. 1869 жылы Талдықорған қыстауының орнына Гавриловка ауылы бой көтереді. 1922 жылы ол Қапал уезінің орталығы болып, қайтадан Талдықорған аталады. 1932 – 44 жылдары аудан орталығы, 1944 жылы Алматы облысынан бөлінген Талдықорған облысының орталығы болып бекітіледі. 1959 жылы облыс таратылады. 1968 жылы Талдықорған облысы қайта құрылып, қала оның орталығына айналады. 1997 жылы облыс тағы таратылып, Алматы облысына



▲ Талдықорған қаласындағы Қабанбай батыр ескерткіші

қосылады. 2000 жылы 14 сәуірде облыс орталығы Алматыдан Талдықорған қаласына көшіріледі.

Қаланың атауы екі сөздің бірігуінен: «талды» – «талы көп», «қорған» – «қамал», «бекініс» мәніндегі сөздерден құралған. Атаудың мағынасы «талмен қоршалған қамал, бекініс, қорған» дегенді білдіреді.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Батыс Қазақстан облысы 1932 жылы 10 наурызда Орал облысы болып құрылған. 1996 жылдан Батыс Қазақстан облысы болып аталады. Әкімшілік жағынан Батыс Қазақстан облысы 12 ауылдық, 1 қалалық әкімшілік ауданға, олар 4 кенттік және 155 ауылдық әкімшілік округтерге бөлінген. Орталығы – Орал қаласы. Қалалары: Орал, Ақсай; ірі кенттері: Бөрілі, Деркөл, Зачаганск, Круглоозерное, Чапаев.

Облыста ұзындығы 100 км-ден асатын 14 өзен бар. Бастысы – Жайық өзені, ол солтүстік-шығыстан оңтүстікке қарай ағады. Оның облыс жеріндегі ұзындығы 500 км-ге созылған. Жайыққа облыс аумағында Емболат, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау, Барбастау өзендері құяды. Батыс Қазақстан облысы аумағында 140-тан астам көл бар. Суы тұщы, маңызды көлдері: Қамысты, Самар, т.б.

Батыс Қазақстан облысының экономикасында ауыл шаруашылығының үлесі басым. Мұнда астық егу, жайылымдық мал шаруашылығы, етті-сүтті сиыр өсіру жолға қойылған. Облыста мұнай, газ өндіру, металл өңдеу және машина жасау, тамақ және жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдары, ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету, т.б. салалар жақсы дамыған. Ірі өндірістерден Қарашығанақ газ-конденсат комбинаты, «Металлист», «Зенит», «Металл өңдеу», «Омега» зауыттары, т.б. кәсіпорындар жұмыс істейді.

Облыстың жер қойнауы мұнайға, әсіресе, газға мейлінше бай. Мұнда Қазақстандағы зерттелген газ қорының 90 %-дан астамы шоғырланған (Қарашығанақ газ конденсаты кен орны).

ОРАЛ

Орал қаласы – Қазақстандағы әсем қалалардың бірі, 1932 жылдан Батыс Қазақстан облысының орталығы. Қала Жайық өзенінің жағасында, Шағанның Жайыққа құяр тұсында орналасқан.

Қаланың іргесі XVII ғасырдың I ширегінде Ноғай хандығымен шекарада шағын әскери бекініс-тірек ретінде Жайық қалашығы деген атпен салынған болатын. 1613 жылы қала қазіргі Орал қаласының орнына көшірілді. 1775 жылдан Жайық қалашығы Орал қаласы болып өзгертілді.

Қалаға ірілі-ұсақты 16 елді мекен қарайды. Ірілері: Зачаганск, Деркөл, Круглоозерное, Серебряково, т. б.

Қалада «Зенит» зауыты, «Омега», «Металлист», Орал механикалық зауыты, Орал арматура зауыты, Орал полипласт зауыты және т.б. кәсіпорындар бар. Қала өзен бойындағы ірі өзен айлағы болып табылады. Орал қаласында XVIII ғасырда салынған көптеген сәулет ескерткіштері сақталған.



▲ Орал вокзалы

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Жамбыл облысы 1939 жылы 14 қарашада құрылған. Орталығы – Тараз қаласы. Облыс аумағында 10 аудан, 4 қала бар. Қалалары – Тараз, Қаратау, Жаңатас, Шу.

Облыстағы ең үлкен өзендер – Шу, Талас өзендері. Асы өзені суы мол жылдары Таласқа қосылады. Көптеген орта және кішігірім өзендер (Шабакты, Бүркітті, Ырғайты, Құрағаты, т.б.) Қырғыз Алатауы мен Шу – Іле тауларынан және Қаратаудың беткейлерінен бастау алады. Көлдердің көбі жазда құрғап, сорға айналады. Ең ірілері – Ақжар, Ащыкөл, Ақкөл, Билікөл, Үлкен Қамқалы, Кіші Қамқалы, т.б.

Жер қойнауынан газ, фосфорит, түсті металдар (алтын, күміс), тас көмір, барит, гипс, селитра, ас тұзы және т.б. әр түрлі құрылыс материалдары табылған.

Жамбыл облысында өнеркәсіптің әр түрлі салаларымен бірге суармалы егіншілік және жайылымдық мал шаруашылығы жақсы дамыған.

Облыс өнеркәсібінің жетекші салалары – тау-кен, химия, жеңіл және тамақ өнеркәсіптері.

Облыс аумағы X – XIII ғасырларда салынған тарихи-архитектуралық ескерткіштерімен дүние жүзіне кең танымал. Мұнда Айша бибі, Бабажы қатын, Шамансура мұражайлары мен Қарахан мазары сақталған. Ежелгі Тараз ескерткіштерінен мемлекеттік қорық-мұражай ұйымдастырылған.

ТАРАЗ

Тараз қаласы Орта Азиядағы ең көне қалалардың бірі болып саналады. Ол Қазақстанның оңтүстігінде, Талас өзенінің сол жағалауында орналасқан. Тараз қаласы – қазіргі уақытта Жамбыл облысының әкімшілік орталығы.

Тараз қаласының тарихы бастан кешкен бір жайт – түрлі себептермен қала атының бірнеше рет өзгеруі. Мысалы, ерте ортағасырда Янги, 1853 жылы – Әулие Ата, 1936 жылы – Мирзоян, 1938 жылы – Жамбыл атауларын алған. Ал 1997 жылы қаңтар айында ежелгі Тараз аты қайтарылып берілді.

Қазіргі уақытта Тараз гүлденген жасыл қалаға айналды. Тамаша сәулет ескерткіштерінің бірі – қаланы қақ жарып ағып өтетін Талас өзенінің үстіне салынған «Тас көпір».



▲ *Тараз қаласының орталық алаңы*

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Қарағанды облысы 1932 жылы 10 наурызда құрылған. Облыстың құрамына 11 қала, 39 кент қарайды. Әкімшілік орталығы – Қарағанды қаласы. Қалалары: Қарағанды, Абай, Балқаш, Жезқазған, Қаражал, Қарқаралы, Приозерск, Саран, Сәтбаев, Теміртау, Шахтинск.

Қарағанды облысы Ұлытау қыраттарынан Қарқаралы, Қарағайлы, Қызыларай тауларына дейін 1000 км-ге созылып, қазақтың ұсақ шоқысы – Сарыарқаны түгелімен қамтиды. Оның аумағына Еуропаның Англия, Бельгия, Голландия, Дания сияқты мемлекеттері сыйып кетеді.

Бұл аймақтың тарихына көз жүгіртсек, XIX ғасырдың басынан сауда-саттық орталығына айнала бастаған. Қоянды, Баянауыл жәрмеңкелері жұмыс істеп, Қытай, Орта Азия және Ресеймен сауда қатынасы орнаған.

Қазақстанның орталық бөлігінде орналасқан бұл аймақтың жер асты қазынасы ежелден мәлім. Оның мысын, жезі мен әктасын кезінде бүкіл Орталық Азия пайдаланған.

Облыста жергілікті кен байлықтары мен ауыл шаруашылығы шикізатының негізінде көмір өндіру, энергетика, қара және түсті металлургия, химия өнеркәсібі, машина жасау және металл өңдеу, құрылыс индустриясы, жеңіл және тамақ өнеркәсіптері дамып, облыс экономикасының негізгі салаларына айналған.

Өлкенің негізгі байлығы – Қарағанды алабының кокстелетін тас көмірі мен Жезқазған, Қоңырат, Саяқ мыс кендері. Көмір өндіру, кокс шығару кеніштерінің бастылары: Қарағанды, Шахтинск, Абай, Саран, Тентек, Күзембаев шахталары, Шұбаркөл, Қушоқы кималары. Саранда «Сабырхан» көмір байыту фабрикасы жұмыс істейді.

Сонымен қатар темір, марганец кендері, полиметалдар, сирек металдар кездеседі. Темір мен марганецтің 40-қа жуық кен орындары белгілі. Маңыздылары: Ақтау, Қаражал, Қарсақпай, Балбырауын, Жезді, Найзатас, Үшқатын, Қамыс. Құрамында қорғасын, мыс және түсті металдар болатын полиметалдар кені Гүлшат, Қызылеспе, Ақшағыл, Қарағайлы, Жәйрем кен орындарынан өндіріледі. Сирек металдардың: вольфрам, молибден, ванадий, висмут, кобальт, сынап, сурьма, күміс, кадмий, т.б. мол қоры табылған және бұл металдар республика бойынша түгелге дерлік осы аймақта өндіріледі. Ерекше кокстелетін көмірдің, шойын мен болаттың, марганецтің 100 %-ы осында шығарылады. Жез (марганец) кенінің қоры бойынша дүние жүзінде III орында, ал ТМД елдері арасында Украинадан кейін II орында.

Облыста мыс өнеркәсібі екі орталықта дамыған. Оның біріншісі – «Қазақмыс» корпорациясына қарайтын Жезқазған кен-металлургия комбинаты. Екіншісі – «Балқашмыс» кен-металлургия комбинаты. Жезқазған, Балқаш кен-металлургия комбинаттары мыс балқытумен қатар, таза алтын, күміс, т.б. сирек металдар алумен де шұғылданады.

Ауыл шаруашылығының жетекші саласы – қой шаруашылығы. Мұнда жергілікті жердің қатаң табиғатына бейімделген етті-майлы еділбай қойы өсіріледі.

Қарағанды облысы өзендерінің маңыздылары – Нұра, оның сол салалары – Шерубай-нұра және Құланөтпес пен Кеңгір өзендері. Сонымен қатар Жарлы, Қарқаралы, Талды, Есіл, Өлеңті, Шідерті, Түндік өзендері және Сарысу, Терісаққан, Торғай, Ұлыжыланшық өзендерінің жоғарғы ағыстарының маңызы өте зор. Облыстың оңтүстік-шығысын Мойынты, Жәмші, Тоқырауын, Құсақ, т.б. өзендер суландырады. Облыста ірілі-ұсақты

1910 көл бар. Олардың ірілері – Балқаш, Қарасор, Қыпшақ, Керей, Қарақойын, Қияқты, Шошқалы, Балықтыкөл, Шыбынды, Тассуат, Ащысу.

ҚАРАҒАНДЫ

Қарағанды – облыс орталығы, республика бойынша жер көлемі жағынан ең үлкен, экономикалық әлуеті жағынан жетекші қаланың бірі. Халық арасында Қарағандыны «Кеншілер қаласы» деп атайды. Тарихына көз жіберсек, бұл жерде алғашқы елді мекен 1,5 ғасыр бұрын көмір қазып алуға байланысты пайда болған екен.

Қарағанды атауының мағынасы «қарағаны көп жер» дегенді білдіреді.

Кеңестік кезең жылдары қанат жайып өркендеген жаңа қалалар қатарына жатса да, оның 170 жылдай тарихы бар.

1833 жылы қазақ жігіті Аппақ Байжанов суыр інінің жанынан жылтыр қара тас тапқан. Оның тас көмір екендігі анықталып, кейіннен осы маңда қала көтерілді. Ал 1936 жылдан облыс орталығына айналды.

Қарағанды – ірі өнеркәсіп орталығы. Мұнда «Қарағандыкөмір», «Көміринвест», «Қарағанды маргарин зауыты», «Қарағандынан», «Қарағанды кәмпиті», машина жасау-құю зауыты және тағы басқа көптеген кәсіпорындар бар.

Облыс жеріндегі табиғаты көркем жерлердің бірі – қарағай және қайың ормандары көздің жауып алатын Қарқаралы өңірі.

Қарағанды – Қазақстанның мәдени және ғылыми орталықтарының бірі. Қалада демалыс саябақтары, аквапарктер мен этнографиялық парктердің орны ерекше. Сондай-ақ республикалық Ғылым Академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесі мен ғылыми-зерттеу және жобалау институттары, Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ, медициналық, политехникалық, педагогикалық, кооперативтік институттар, арнайы орта кәсіптік білім беру орындары, өлкетану мұражайы бар.



▲ Қарағанды қаласындағы кеншілерге арналған ескерткіш

ЖЕЗҚАЗҒАН

Жезқазған – Қарағанды облысына қарайтын ірі қала, Қазақстандағы түсті металлургияның негізгі орталығы. Қала Сарыарқаның батысында, Ұлытау жотасының оңтүстігіндегі Кеңгір бөгенінің оңтүстік-батыс жағалауында орналасқан.

Жезқазғанның іргесі 1939 жылы 3 мың халқы бар Кеңгір ауылының орнында тұрғызылған. 1941 – 54 жылдары Үлкен Жезқазған кенті деп аталды, 1954 жылы ол қалаға айналды. Қала 1973 – 1997 жылдарда Жезқазған облысының орталығы болды. Ал қазіргі уақытта Қарағанды облысының Жезқазған қалалық әкімшілік орталығы.

Жезқазғанда «Қазақмыс» корпорациясы, «Казкат» біріккен кәсіпорны, «Кеңгір» химия-өндірістік кәсіпорны, электр жабдықтарын шығаратын «Симпл» серіктестігі және т.б. жұмыс істейді.

Қаланың атауы «жез» және «казған» сөздерінің бірігуінен жасалған. Бұл – «жез қазылып алынған, жез кені өндірілген» деген мағынадағы көне атау.



БАЛҚАШ

Балқаш – Қарағанды облысында, Қарағанды қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 487 км қашықтықта, Балқаш көлінің солтүстік жағалауында орналасқан өнеркәсіпті қала. Қала 1932 жылы Балқаш көлінің солтүстігінде 20 км жердегі Қоңырат мыс кені мен Қарағанды көмірінің негізінде жұмыс істейтін ірі мыс қорыту зауытының құрылысына байланысты салына бастады. Қысқа мерзім ішінде салынған 10-нан аса жұмысшы қалашықтарының бірігуінің нәтижесінде 1937 жылы Балқаш қаласы пайда болды.

Балқаш – еліміздегі түсті металлургияның ең маңызды орталықтарының бірі. Мұнда мыс және түсті прокат зауыттары, өндіріс газдарынан күкіртті натрий мен күкірт қышқылын алатын химия өнеркәсібі бар. Сонымен қатар асыл металдар (жылына 600 т күміс, 3,5 – 5 т алтын өндіреді) зауыты, жаңа қондырғылармен жабдықталған мырыш зауыты, кірпіш, механикалық жөндеу зауыты, балық консервілеу комбинаттары жұмыс істейді. «Балқашмыс» комбинаты – республикадағы ең ірі кәсіпорынның бірі.

Қаланың атауы Балқаш көлінің атына байланысты аталған.



▲ Балқаш қаласы

СӘТБАЕВ

Сәтбаев – Қарағанды облысы Жезқазған қалалық әкімдігі құрамындағы қала. Қала Жезқазған қаласынан солтүстік-батысқа қарай 20 км жерде орналасқан. Іргесі Жезқазған кентінің мыс кенін игеруге байланысты 1954 жылы қаланған. 1973 жылы Жезқазған кеніші мен оның төңірегіндегі кәсіпорындардың жұмысшылары тұратын қалаға айналды.

Сәтбаев – республикадағы ірі кен орталықтарының бірі. Өндірістік кәсіпорындардың көпшілігі түсті және сирек металдарды барлау және оларды өндіру ісімен шұғылданады. Қалада шахта құрылысы тресі, геологиялық барлау экспедициясы, Жезқазған тоқыма фабрикасының бөлімшесі, нан, сыра зауыттары жұмыс істейді. Сондай-ақ кен колледжі, мәдени-ағарту мектебі бар.

Қалада 1928 – 41 жылдары академик Қаныш Сәтбаев тұрып, орасан зор еңбек атқарған. Осыған байланысты қалаға әйгілі ғалымның есімі берілген.

ТЕМІРТАУ

Теміртау – Қарағанды облысындағы ірі өнеркәсіптік қаланың бірі. Жетекші саласы – қара металлургия. Ол Қарағанды қаласынан солтүстік-батысқа қарай 35 км жерде, Нұра өзенінің бойында орналасқан.

Қаланың тарихы 1905 жылдан басталады. Мұнда Саратов губерниясынан қоныс аударушылар келіп орнығып, елді мекеннің негізін қалаған. Олар ауылдың атын сол

жердегі Жауыр шоқысының атауымен Жауырөткел деп атап кеткен. 1909 жылы оның аты Самарқан деп өзгертілген. 1945 жылы қазан айында Теміртау атауы берілген.

Теміртаудың негізгі өнеркәсібі – болат балқыту комбинаты. Қазіргі таңда болат балқыту жөнінен дүние жүзінде жетекші орында. Сонымен бірге Теміртау – қара металлургияның, химия, энергетика өндірісінің және құрылыс индустриясының ірі орталықтарының бірі.



▲ Теміртау қаласы

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Қостанай облысы 1936 жылы 29 шілдеде бұрынғы Қостанай мен Торғай губернияларының негізінде құрылған. Құрамында 5 қала, 13 кент, 16 аудан бар.

Қостанай облысы өзендер мен көлдерге бай. Өзендер Тобыл мен Торғай және Ұлыжыланшық өзендерінің алабына жатады. Қостанай облысында 7 мыңнан астам көл бар. Олар көбіне тұщы келеді. Тұзды көлдердің ішінде кейбіреулерінің (Әулиесор, Сабынды, Қарабасты, Қарақалпақ, Жылысор, Балықты, Ақсуатсор, т.б.) емдік және курорттық маңызы бар.

Облыс өндірісінің басты саласы – темір, боксит және асбест өндіріп, байытатын ірі кәсіпорындары бар тау-кен өнеркәсібі болып саналады. Оған көмекші салалар есебінде энергетика, машина жасау, металл өңдеу өнеркәсіптері дамуда.

Тау-кен өнеркәсібінің ірі кәсіпорындары – Соколов-Сарыбай (Рудный қаласында), Қашар (Қашар кентінде), Лисаков (Лисаковск қаласында) кен байыту комбинаттары.

Бұларда Қазақстандағы темір кенінің 85%-ы өндіріледі. Жеңіл өнеркәсіп құрамында мата тоқу, киім мен аяқ киім тігу кәсіпорындары бар.

Қостанай облысы – Қазақстандағы ең ірі егін және мал шаруашылығымен айналысатын аймақ.

ҚОСТАНАЙ

Қостанай – Қостанай облысының орталығы. Ол Тобыл өзенінің жағасында орналасқан. Қаланың іргесін 1897 жылы Ресей патшасының жарлығына байланысты қазақтың жергілікті руларынан тартып алынған «Қостанай» атты қоныста Еділ бойы мен Орынбор губерниясынан көшіп келген орыс шаруалары қалаған. Алғашқыда ол «Николаевка» деп аталды. 1893 жылы бұрынғы Торғай облысында жаңадан ендірілген уездік аумақтық-әкімшілік бөлініске сәйкес оған «Қостанай» атауы берілді де, Қостанай уезінің орталығына айналды. 1917 – 19 жылдары Қостанайда Кеңес үкіметі орнап, 1920 жылы сол кездегі Ақтөбе облысындағы өзімен аттас округтің, 1925 жылы губернияның, 1936 жылы жаңадан құрылған Қостанай облысының орталығына айналды.

Бүгінгі таңда облыста тамақ, құрылыс материалдары, машина жасау мен металл өңдеу, химия өнеркәсіптері жұмыс істейді.



▲ Қостанай қаласындағы “Медеу” қонақ үйі

РУДНЫЙ

Рудный – Қостанай облысындағы қала (1957 жылдан). Ол Қостанай қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 45 км жерде, Тобыл өзенінің сол жағасында орналасқан. Іргесі 1954 жылы Соколов және Сарыбай ірі темір кендерін игеруге және Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының салынуына байланысты қаланған.

Қала экономикасы мен өнеркәсібінің негізін Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты құрайды. Оның құрамында Соколов және Сарыбай ашық кеніштері, 2 байыту және кен жентектеу фабрикалары бар. Комбинат үлесіне өнеркәсіп өнімінің 80%-ы, ал Қазақстанда өндірілетін темір кенінің 85%-ы тиесілі.

Рудныйда кара және түсті металлургия салаларында жұмыс істейтін кадрларды даярлайтын политехникалық институт, индустриялық колледж, 6 кәсіптік-техникалық және музыка, спорт мектептері бар.

Тобыл өзенінің жағасында демалыс саябағы, Сергеев пен Қаратомар бөгендері салынған.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Қызылорда облысы – Қазақстанның оңтүстігіндегі әкімшілік-аумақтық бөлік. Ол 1938 жылы 15 қаңтарда құрылған. Облыс орталығы – Қызылорда қаласы. Облыс құрамында 7 әкімшілік аудан (Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған), 3 қала (Арал, Қазалы және республикалық мәндегі Байқоңыр қаласы) бар.

Облыстың жер бедері, негізінен, жазық, құмды белестер, төбешік, шоқылар болып келеді.

Аймақтың жер асты байлықтары толық зерттелмеген. Кен байлықтарынан ас тұзы, сульфат, мирабилит, тенардит тұздарының өнеркәсіптік маңызы зор. Сондай-ақ құрылысқа қажетті ұсақ қиыршық тастар, әйнек және шыны бұйымдар жасайтын кварц құмы, қыш, гипс, алебастр, цемент балшығы, әктас, тақтатас, қоңыр көмір кездеседі.

Қызылорда облысы түсті металл кені бойынша Қазақстанда 3-і орын алады. Сапалы ас тұзының 60%-ы, мұнай мен газ конденсатының 21,4 %-ы, мырыштың 15,1 %-ы, уран қорының 14 %-ы осы облыстың еншісінде.

Қызылорда облысында республикада жиналатын күріштің 70%-ы, бақша өнімдерінің 20%-ы, қаракөл елтірісінің біршама бөлігі өндіріледі.

Облыстың шаруашылығы, халықтың әл-ауқаты мен денсаулығына Арал апаты зиянды әсерін тигізді.

ҚЫЗЫЛОРДА

Қызылорда – Қызылорда облысының әкімшілік, экономикалық және мәдени орталығы (1938 жылдан). Сырдария өзенінің оң жағалауына орналасқан. Қаланың іргетасы Қамысқала атты елді мекенде 1817 жылы салынған Қоқан хандығының Ақмешіт бекінісі ретінде қаланды. 1853 жылдың тамызынан басқыншы, генерал В.А. Перовскийдің атымен бекініс Перовск форты аталды. 1867 жылы Перовскіге қала мәртебесі беріліп, уезд орталығына айналды. 1901 – 06 жылдары Орынбор – Ташкент темір жолы салынған тұста қала халқы қарқынмен өсті. 1917 жылы 30 қазанда (12 караша) Кеңес өкіметі Қазақстанда бірінші бо-лып Перовскіде орнады. 1922 жылы қаланың Ақмешіт аты қайтарылғанымен, 1925 жылдың сәуірінде Қызылорда деп өзгертіліп, Қазақ АКСР-ның астанасы мәртебесі (1929 жылға дейін) берілді. 1938 жылы Қызылорда облыс орталығына айналды.

XX ғасырдың 30-шы жылдары қалада электр станциясы, диірмен, наубайханалар, балық өңдеу, күріш, кірпіш зауыттары жұмыс істеп тұрды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары аяқ-киім фабрикасы, ет комбинаты, астық өнімдері комбинаты, сүт зауыты, целлюлоза-картон зауыты іске қосылды. 1956 жылы қала іргесіндегі Тасбөгет кенті жанынан су бөгеті салынды.

Кейінгі жылдары қаланың архитектуралық келбеті жаңарып, тарихи орындар қайта жаңғыртылды. Жаңа әуежай, аквапарк, Сарқырама каналы, жағажай, төрт жұлдызды «Самал» қонақ үйі, «Еуразия» кешені салынды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш, Қорқыт Ата, Абылай хан, Амангелді Иманов, Мұхтар Әуезов мүсіндері орнатылған.

Білім беру және мәдениет саласында қалада 30-дан аса жалпы білім беретін мектеп, 5 колледж, 3 кәсіптік-техникалық мектеп, Қызылорда мемлекеттік университеті, Экономика, экология және құқық университеті, Гуманитарлық университет, облыстық мемлекеттік архив, драма театры, филармония, көркемөнерпаздар шығармашылық үйі, облыстық халық шығармашылығы мен білім беру және мәдени жұмыстардың ғылыми-әдістемелік орталығы, т.б. бар.

БАЙҚОҢЫР

Байқоңыр – Қызылорда облысының Қармақшы ауданында орналасқан қала. Оның іргесі 1955 жылы қаланған. Байқоңыр – ғарыш айлағы. Байқоңыр ғарыш алаңын салу үшін таңдап алынған. Оның елді мекендерден қашық болуы, экватор жазықтығына жақындығы, ракета ұшырудың қауіпсіздігі, қайтып оралатын ғарыштық нысандар үшін қолайлы қону аймақтарының болуы, т.с.с. мәселелер ескерілді.

Байқоңыр алаңынан 1957 жылы 4 қазанда тұңғыш ғарыш ракетасы сәтті ұшырылды. Ол дүние жүзіндегі ең бірінші Жердің жасанды серігін (ЖЖС) орбитаға шығарды. 1961

жылы 12 сәуірде адамзат тарихында тұңғыш болып Ю.А. Гагарин «Восток» ғарыш кемесімен ғарышқа аттанды. Содан бері Байқоңыр ғарыш кеңістігін игеруде көптеген жаңашыл бастамалардың старттық орнына айналды. Күннің, Айдың, Шолпанның алғашқы жасанды серіктері, «Восток», «Восход», «Союз», «Прогресс» ғарыш кемелері, «Салют», «Мир» орбиталық станциялары, байланыс мақсаты үшін пайдаланылатын және метеорологиялық бақылаулар жүргізетін ЖЖС-і,



▲ Байқоңыр ғарыш айлағы

Айды, Марсты, Шолпанды зерттеуге арналған ғарыш аппараттары ұшырылды.

1991 жылы 2 қазанда Байқоңырдан тұңғыш қазақ ғарышкері Т.Әубәкіров «Союз Т-13» ғарыш кемесімен ғарышқа көтерілді. 1994 жылы Ресеймен бірлескен бағдарлама бойынша Т.Мұсабаев ғарышқа аттанды.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Маңғыстау облысы – Қазақстан Республикасының оңтүстік-батыс бөлігіндегі әкімшілік бөлік. Маңғыстау облысы 1973 жылы құрылған. 1988 – 90 жылдары Атырау облысының құрамында болып, 1990 жылдан жеке облыс ретінде бөлініп шықты. Қалалары – Ақтау, Жаңаөзен, Форт-Шевченко.

Облыстың жер қойнауы кенге бай. Мұнай мен газдың 59 кен орны (Өзен, Жетібай, Қаламқас, Қаражамбас, Солтүстік Бозашы, Тенге, Тасболат, т.б.) жұмыс жасайды. Жер қойнауынан темір кені, қоңыр көмір, әктас, ұлутас, т.б. табылған.

Қазіргі кезде 2 электр жүйесі, атом-энергетикалық комбинаты, Каспий машина жасау, мұнай-газ өндіру кәсіпшіліктері, пластмасса зауыты, ұлутас және басқа құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындар, Қазақ балық флотының кәсіпорындары жұмыс істейді.

Облыста үш теңіз айлағы (Ақтау, Форт-Шевченко және Құрық) қызмет көрсетеді.

АҚТАУ

Ақтау – Маңғыстау облысының орталығы (1973 – 88, 1990), қала, теңіз әрі әуе порты. Ақтау қаласы Каспий теңізінің шығыс жағасында орналасқан. Іргесі 1959 жылы Маңғыстау түбегінде мұнай, газ, уран және т.б. қазба байлықтарының ашылуына байланысты қаланған. 1963 жылы оған қала мәртебесі берілген.

Ақтау 1964 – 1991 жылдар аралығында Шевченко аталып, кейіннен тарихи атауы қалпына келтірілді. Ақтау қалалық әкімшілігінің құрамына Маңғышлақ және Өмірзақ кенттері кіреді.

Қала атом энергиясын пайдаланады. Атом-электр станциясының қуатымен теңіз суын тұщылайтын қондырғы жұмыс істейді. Мұнда химия өндірісі дамыған, газ өңдеу, пластмасса зауыттары, металлургия комбинаты бар.

Каспий теңізінің жағасы халықтың демалуына және су спортын дамытуға қолайлы.



▲ Ақтау қаласының мешіті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Оңтүстік Қазақстан облысы – Қазақстан Республикасының оңтүстігіндегі әкімшілік-аймақтық бөлік. Облыс 1932 жылы 10 наурызда құрылған. 1962 – 92 жылдары Шымкент облысы деп аталды. Орталығы – Шымкент қаласы. Облыс құрамында 11 әкімшілік аудан, 4 қалалық әкімдік, 7 қала (Шымкенттен басқа), 13 кент бар.

Оңтүстік Қазақстан облысы жерінің оңтүстігінен солтүстік-батысына қарай Сырдария өзені ағып өтеді. Сырдарияға Арыс, Келес, Құркелес өзендері құяды. Оңтүстік-шығысындағы Арыс өзенінің салалары: Бадам, Сайрамсу, Ақсу, Жабағылы, Машат, Дауылбаба, Боралдай өзендерінің шаруашылық маңызы зор. Қаратау жотасынан басталатын Бөген, Шаян, Арыстанды, Шылбыр, Байылдыр, Көксарай, т.б. өзендер облыс орталығын сумен қамтамасыз етеді. Ірі көлдері: Ақжайқын, Қызылкөл.

Жер қойнауынан полиметалл, қоңыр көмір, темір, уран кентастары, фосфорит, вермикулит, тальк, барит, гипс, отқа төзімді саз, әктас, гранит, мәрмәр, кварц, т.б. кен байлықтары табылған. Республикада уран кенінің қоры жағынан бірінші орын, фосфорит және темір кентасының қоры жағынан үшінші орын алады. Түсті металлургия, машина жасау, химия, мұнай өңдеу, тамақ өнеркәсібі, әсіресе, Шымкент, Кентау қалаларында жақсы дамуда. Мұнай-химия өнеркәсібі саласындағы ірі кәсіпорындар: «ПетроКазахстанОйлПродактс» ААҚ (мұнай өңдеу) және «ИнтеркомШина» ААҚ (шина шығару).

Металлургия өнеркәсібіндегі басты кәсіпорын – «Южполиметалл» ЖАҚ (қорғасын, мырыш, т.б. өндіреді).

Елімізде шығарылатын трансформаторлардың, фармацевтикалық препараттардың, минералды және газды сулардың, мотор майының, бензиннің басым бөлігі, мақта талшығы, мақта майының барлығы дерлік Оңтүстік Қазақстан облысында өндіріледі.

ШЫМКЕНТ

Шымкент – ежелгі қалалардың бірі. Ол еліміздің оңтүстік-шығысында Бадам мен Сайрам өзендері аралығында орналасқан. Қаланың іргесі екі мың жыл бұрын қаланған. Ерте орта ғасырда Ұлы Жібек сауда жолында жайғасқан ол XVIII ғасырда ірі қалаға айналды. 1864 жылы патшалық Ресейдің қарамағына көшер алдында қаланың айналасы алты шақырымды құрап, алғашқы қамалдары тұрғызылған еді.



1932 жылдан бастап Шымкент облыс орталығы болды. Қазіргі Шымкент – еліміздің ірі өндіріс және мәдениет орталықтарының бірі. Қала өндірісі жергілікті ауылшаруашылық шикізаты мен маңызды қазбаларды қайта өңдеу базасында дамыды. Бүгінгі Шымкенттің басты кәсіпорны – республикадағы түсті металлургия алыптарының бірі – қорғасын зауыты. Жақсы дамыған саласы – жеңіл өнеркәсіп: мақта-мата комбинаты, тігін фабрикасы.

Шымкент аймағының қысы жұмсақ әрі қысқа, ал жазы ыстық әрі ұзақ болып келеді. Мұнда жемістер мен көкөністердің бірнеше түрі өседі.

КЕНТАУ

Кентау – Оңтүстік Қазақстан облысындағы өнеркәсіпті қала. Шымкент қаласынан солтүстік-батысқа қарай 190 км жерде, Қаратаудың оңтүстік беткейіндегі сұр топырақты шөл белдемінде орналасқан.


Іргесі 1955 жылы «Мырғалымсай» кентінің негізінде қаланған. Қала құрылысының жоспары 1944 – 45 жылы бекітіліп, 1960 – 80 жылы салынды. Бұл жерден кен шығатын болғандықтан, қаланың аты «кен» және «тау» сөздерінің бірігуінен қойылған.

Кентау – Қазақстандағы машина жасау және тау-кен өнеркәсіп орталықтарының бірі. Қала экономикасындағы ірі кәсіпорындар: «Трансформатор зауыты» ашық акционерлік қоғамы, барит өнімдерін, түсті металл концентраттарын өндіретін «Оңтүстікполиметалл» жабық акционерлік қоғамы, трикотаж өнімдерін шығаратын «Табыс» акционерлік қоғамы және т.б. болып табылады.

ТҮРКІСТАН

Түркістан – Оңтүстік Қазақстан облысындағы қала. Сырдарияның оң жақ жағалауында, Қаратау жотасының етегінде орналасқан. Түркістан қаласы 1928 жылдан Түркістан ауданының әкімшілік орталығы болып табылады. Қалада механикалық жөндеу, мақта тазалау, кірпіш зауыттары, темір-бетон бұйымдарын шығару, т.б. айналысатын кәсіпорындар жұмыс істейді.

Түркістан қаласында қасиетті орын Қожа Ахмет Иасауи кесенесі орналасқан. 1991 жылы «Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы» ашылды. Қорық-мұражай Қожа Ахмет Иасауи кесенесі, Үлкен қылует, Әулие Құмшық Ата қылуеті, Сегіз қырлы кесене,





▲ Түркістандағы тайқазан

Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі, Шығыс моншасы, Есім хан кесенесі, т.б. ескерткіштерді қамтиды.

1991 жылы Түркістанда Қожа Ахмет Иасауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті ашылды.

ЮНЕСКО шешімімен 2000 жылы Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде аталып өтілді.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Павлодар облысы Ертіс өзенінің орталық алабын алып жатыр. Ол 1932 – 1938 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан облысына қарайтын аудан болған. 1938 жылдың 15 қаңтарында жеке облысқа айналды. Облыста 10 аудан, 3 қала, 7 кент бар. Қалалары: Павлодар, Екібастұз, Ақсу.

Ертіс өзені облыс жерін шығыстан солтүстік-батысқа қарай ұзына бойы қиып өтеді. Өзеннің облыс бөлігіндегі ұзындығы 420 км және оған бірде-бір сала қосылмайды. Облыстың батыс жағымен кішігірім Өлеңті және Шідерті өзендері ағып өтеді. Облыста көлдер көп (1210 көл). Олардың ішіндегі ірі көлдері: Сілетітеңіз, Жалаулы, Қызылқақ, Үлкен Әжболат, Маралды. Тұщы көлдер, көбінесе, Ертіс жағасы мен облыстың солтүстік бөлігінде тараған.

Павлодар облысының жер қойнауы кен байлықтарына бай. Облыстың негізгі байлығы – дүние жүзіне белгілі Екібастұз қоңыр көмірі. Полиметалл кендері Майқайың кендері тобында тараған. Олардың құрамында алтын, күміс, қорғасын, мыс, мырыш және күкірт колчеданы бар. Облыстың оңтүстігіндегі Баянауыл ауданында Бозшакөл мыс кен орны орналасқан. Сонымен қатар облыс аумағында темірдің, никельдің, хромиттің, т.б. металдардың кендері шоғырланған. Темірдің ірі кен орны Шідерті өзенінің төменгі ағысындағы Қызылқақ көлі маңында.

Жазы ыстық, қуаң, қысы ұзақ, суық және боранды.

Баянауыл – Павлодар облысындағы жаратылыстан қаймағы бұзылмаған қастерлі мекен. Табиғатының ерекшелігі әсем тауларымен, көлдерімен, аңызды жерлерімен көз тартады. Адамдардың жанына саялы демалыс орындарымен әйгілі.

Павлодар

Павлодар қаласы Қазақстанның солтүстік-шығысында, Ертіс өзенінің оң жағалауында орналасқан. X – XI ғасырларда осы өлкеде кимектердің қалалары және астанасы болған. Кимек атты қаған сол жерде билік жүргізген. Беріде қаланың іргетасы 1720 жылы Коряковский қамалы деген атпен қаланды. Қазақтар арасында Тұзкент, Тұзқала атауларымен белгілі. Павлодар 1861 жылы қала, ал 1938 жылдан бері облыс орталығына айналды.

Облыс жері, негізінен, ойдым-ойдым жазықты келеді. Тек оңтүстік-батыс жағы көтеріңкі, Сарыарқаның Қызылтау және Баянауыл тауларына ұласады. Биік жерлері – Әулие (1055 м) және Ақбет (1026 м). Павлодардың жер қойнауы көмірге бай (Екібастұз). Мұнда түсті және сирек металдар, ас тұзы өндіріледі.

Қалада машина жасау, түсті металлургия, мұнай айыру, металл өңдеу, құрылыс материалдарын дайындау комбинаттары, тамақ және жеңіл өнеркәсіп орындары бар. Маңызды кәсіпорындары: Павлодар трактор зауыты, Павлодар алюминий зауыты.

▼ *Павлодар қаласы*



Екібастұз

Екібастұз – Павлодар облысындағы қала. Екібастұз Павлодар қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 150 км жерде орналасқан. Осы маңнан ат басындай екі кесек тұз табылған. Қала соған байланысты Екібастұз деп аталған.

1876 жылы мұнда тас көмір бар екені мәлім болып, соның негізінде 1898 жылы «Воскресенск» акционерлік қоғамы ұйымдастырылды. 1957 жылдың 12 маусымында жұмысшы кенті қалаға айналды.

Жергілікті өндірісі көмір болғандықтан, көмірден электр өндіретін үш жылу электр станциясы салынған. Сондықтан Екібастұз қаласы Қазақстандағы ең ірі көмір және энергетика өндіру орталығына айналды.



СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Солтүстік Қазақстан облысы Қазақстанның қиыр солтүстігінде орналасқан. Облыс 1936 жылы 29 шілдеде құрылды. 1997 жылы құрамына Көкшетау облысы қосылып, 1999 жылы оның үш ауданы мен Көкшетау қаласы Ақмола облысына берілді. Солтүстік Қазақстан облысының құрамында 13 әкімшілік аудан, 5 қала, 2 кент бар. Орталығы – Петропавл қаласы.

Облыстың аумағын Есіл өзенінің орталық бөлігі, Аққанбұрлық және Иманбұрлық өзендері, Шағалалы өзенінің төменгі ағысы, Ащықарасу, Ащысу өзендері, сондай-ақ Сілеті өзенінің төменгі ағысы басып өтеді. Шаруашылық үшін Есілдің маңызы ерекше. Солтүстік Қазақстан облысы – көлдерге өте бай облыстардың бірі. Ең ірі көлдері: Толыбай, Үлкен Қарақамыс, Тоқты, Қак, Ақсуат, Ұлыкөл, Тораңғыл, Үлкен Қоскөл, Саумалкөл, Шағалалытеңіз, Қалыбек, Теке, Көксеңгірсор, Сілетітеңіз, т.б.

Өнеркәсіптің басты саласы машина жасау болып табылады. Екінші орынды тамақ өнеркәсібі алады. Өнімнің қалған түрлеріне жеңіл өнеркәсіп, электр энергетикасы, т.б. салалар жатады. Ірі өнеркәсіп орындарына Петропавл вагон және локомотив депосы, шағын литражды қозғауыштар зауыты, Петропавл прокат (қақтау) жабдықтары мен бөлшектері зауыттары жатады. Тамақ өнеркәсібі саласында Петропавл ет комбинатының, сүт-май зауыты, ұн тарту зауыттарының маңызы зор. Олар сапасы жоғары өнімдерін шет елдерге шығарады.

ПЕТРОПАВЛ

Петропавл – Есіл өзенінің оң жағасындағы «Қызылжар» деп аталатын ежелгі қазақ қонысының орнында орналасқан қала. Қаланың іргесі 1752 жылы патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатына сәйкес Петр І-нің әскери бекінісі ретінде қаланған. 1825 жылдан бастап қала санатында. 1868 жылдан кейін Петропавл Сібір мен Түркістан сауда жолының бойына орналасуына байланысты ірі сауда орталығына айналады. XX ғасырдың басында ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп орталықтарының біріне айналды. 1936 жылдан Солтүстік Қазақстан облысының орталығы болып табылады.

Бүгінде қаладағы ірі кәсіпорындарға «Еуразия», «Вита», «Молочный союз» акционерлік қоғамдары, нан комбинаты, ликер-арақ зауыты және т.б. жатады.

Мұнда екі мемлекеттік жоғарғы оқу орны: Солтүстік Қазақстан университеті және Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігінің әскери мектебі бар.



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Шығыс Қазақстан облысы Қазақстанның солтүстік-шығысында орналасқан. 1932 жылы 10 наурызда құрылған. 1997 жылы құрамына Семей облысы енгізілді. Облыс құрамында 15 әкімшілік аудан, 10 қала, 24 кент бар. Облыс орталығы – Өскемен қаласы.

Шаруашылығының басты саласы – өнеркәсіп. Оның құрамында кен өндіру, түсті металлургия, энергетика, машина жасау, құрылыс материалдары өнеркәсібі, ағаш өңдеу, тамақ және жеңіл өнеркәсіптер дамыған.

Облыс өнеркәсібінің негізін кен өндіру өнеркәсібі құрайды. Негізгі өндірілетін өнімдері – түсті металл (мыс, мырыш, күміс), алтын, титан, көмір. Кентасты, негізінен, Риддер және Зырянов полиметалл кен аудандарындағы «Қазақмырыш» АҚ-на қарасты кеніштер, Ертіс маңы полиметалл кенді ауданындағы «Қазақмыс корпорациясына» қарасты кәсіпорындар өндіреді.

Асыл металл өндіру саласы бойынша Шығыс Қазақстан облысында 27 кәсіпорын бар. Оларда 17,3 тонна алтын өндіріледі. Негізгі алтын өндірушілерге «Бақыршық» кен кәсіпорны, «ФИК», «Алел», «Алтынтөбе» АҚ-ның, «Андас Алтын», «Даңқ», «Жерек» ЖШС-терінің кеніштері жатады.

Облыстағы көмір өндіру 6 нысан бойынша жүзеге асырылады. Олар – Қаражыра, Кендірлік және Алакөл кен орындары.

Облыс өнеркәсібінің басты түсті металлургиясы «Қазмырыш», «Өскемен таған-магний комбинаты», «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ-дары, «Қазақмыс корпорациясы» АҚ-ның «Шығыс Қазмыс» бөлімшесін, «Қазниобий Ертіс химия-металлургия зауыты», «Ертіс сирек элементтер компаниясы», «Қазмырыш-тех» ЖШС-терін қамтиды. Бұл кәсіпорындар өздерінің шығарған сан алуан бағалы өнімдері бойынша дүние жүзіне белгілі.

ӨСКЕМЕН

Өскемен Қазақстанның шығысында Алтай тауы Үлбі жотасының түбінде Ертіс өзенінің оң жағалауында орналасқан. Қаланың іргесі 1820 жылы әскери қамал ретінде қаланып, Усть-Каменная бекінісі аталған. Ертеректе қазақтар Үлба, Тұңғиық тұмсық, Қараөзен деген атауларды да қолданған. Өскемен «Усть-Каменная» сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшырауынан пайда болған. 1939 жылы бұл қала Шығыс Қазақстан облысының орталығына айналады.

Қала ірі қорғасын-мырыш, титан-магний кәсіпорындарымен, құрылыс материалдары комбинаттарымен, арматуралар, құрал-жабдықтар, цемент, минералды заттар зауыттарымен, жібек маталар және жиһаз жасау фабрикаларымен әйгілі. Сонымен бірге машина жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсіптері де кең дамыған.

Өскеменде спорт сарайы мен кешені, этнографиялық және өлкетану мұражайлары, Шығыс Қазақстан мемлекеттік және техникалық университеттері, түсті металдардың ғылыми-зерттеу орталығы бар.

Қала аймағының табиғаты көз тартарлықтай әсем. Марқакөл қорығы, Қатон-Қарағай ұлттық саябағы, қарағайлы, шыршалы ормандары, Алтай таулары бұл өңірге ерекше көрік береді. Бұл аймақтың халқы марал өсірумен айналысады. Маралдың мүйізінен дәрі-дәрмек жасалады.

СЕМЕЙ

Семей – Шығыс Қазақстан облысындағы қала. Ертіс өзенінің бойында орналасқан. 1939 – 97 жылдары Семей облысының орталығы болған.

Қаланың XVI – XVII ғасырлардағы аты – Доржынкит. Доржынкит қазіргі Семей қаласы тұрған жерден сәл жоғары, Ертістің оң жағасындағы дөңестің үстіне орналасқан. Түмен қаласының мұрағатынан табылған дерек бойынша, 1600 жылы Асма тархан Доржи деген кісі осы жерде жеті сарай салдырғандықтан, қаланың аты «Доржынкит» аталған. Семей қаласының орнында орналасқан жеті шатыр (Доржынкит) сарайлары патша үкіметінің ресми құжаттарында «Тас мешіт» деген атпен XVI ғасырдың басынан белгілі.

Ертіс өзеніне ТМД елдері бойынша ең үлкен аспалы көпір салынған. Семей – еліміздегі ірі ғылым-білім орталығының бірі. Онда Радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу университеті, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, М. Әуезов атындағы «Семей» университеті, Мемлекеттік медицина академиясы, Мемлекеттік заң институты, Қаржы-экономика институты, т.б. жоғарғы оқу орындары бар.

РИДДЕР

Риддер – Шығыс Қазақстан облысындағы қала. Риддер Өскемен қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 101 км жерде, Үлбі өзенінің жағасында орналасқан. Қала мәртебесі 1932 жылдан бастап берілген. Қаланың іргесі 1784 жылы орыс инженер-техникі Ф.Риддер осы маңнан полиметалл кенін ашуына байланысты қаланды. 1941 жылға дейін Риддер, 1941 – 2002 жылы Лениногорск деп аталған.

Риддер – Қазақстандағы түсті металлургияның ірі орталықтарының бірі. «Қазмырыш» акционерлік қоғамына қарайтын қорғасын, мырыш және сирек металдар өндіретін Сокольный, Быструшин, Андреев, Тишинский кеніштері бар. Екі кен байыту комбинаты, балқыту зауыты жұмыс жасайды.

Қалада дәрілік өсімдіктерді жинау және оларға селекция жүргізумен айналысатын ботаникалық бақ жұмыс істейді.

МЕРЕКЕ-МЕЙРАМ

Наурыз

Ежелгі заманнан бері Шығыс халықтары Наурыз мерекесін тойлап келеді. Бұл мереке табиғат пен адамның үндестігін көрсетеді. Наурыз күн мен түннің теңелген күні, яғни бір тәуліктегі күн мен түннің ұзақтығы бірдей болған күні тойланады. Көктемгі күн тоғысы наурыз айының 21-нен 22-не ауысқан түні болады. Осы уақыттан бастап күн ұзарып, түн қысқарады. Наурыз – жыл басы. Парсы тілінде «ноу» – «жаңа», «руз» – «күн» деген ұғымдарды білдіреді.

Халық наурыз мерекесіне алдын ала дайындалады. Үйдің іші ескі, қажетсіз заттардан тазартылып, үйге қос шырақ жағылады. Ыдыстардың барлығы ернеуіне дейін айранмен, сүтпен немесе бұлақ суымен толтырылады. Бұл – тоқшылықтың белгісі.

Мереке сәлемдесуден басталады. Ер адамдар қос қолдасып, ал әйелдер құшақтасып амандасады. Сәлемдескен кезде «Жасың құтты болсын!», «Ұлыс береке берсін!» деген сияқты тілектер мен құттықтаулар айтылады.

Ақсақалдар да, жастар да көкжиекті көру үшін жазық далаға шығады. Адамдардың барлығы: «Армысың, қайырымды Күн – Ана!» – деп күнге бас иеді. Күнге тағзым еткеннен кейін ер адамдар қолдарына күрек алып, бұлақтарды тазартады. Бұлақтардың қасына ағаштар отырғызады. «Бұлақ көрсең, көзін аш!», «Бір тал кессең, он тал ек!» деген сөздер осыдан шыққан болу керек.

Наурыз күні әр үйде мерекелік дастарқан дайындалады. Дастарқанға дәстүрлі ет тағамдары, ұлттық тамақтар қойылады. Бұл мейрамның негізгі асы – наурызкөже. Оны жеті түрлі тағамнан пісіреді. Сөйтіп, бүкіл халық ауыл-ауылды, үй-үйді аралап, амандасып, наурызкөже ішеді.

Халықта «Наурызкөжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!» деген сенім бар.



Дастарқан басында жастар үлкендерден бата алады. Бата – үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі.

Ақсақалдар: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!» – деп бата жасайды.

Кешке жақын жұрт үлкен айтысқа жиналады. Айтыс – домбырамен сүйемелденетін ақындардың өлең жарысы. Оған үлкендер де, жастар да қатысады. Наурыз айтыс – Жақсылық пен Жамандықтың, Суық пен Жылының, Жаз бен Қыстың айтысы. Сөз жарысын Жақсылықты дәріптеген ақын жеңеді.

Мереке қызған кезде жастар алтыбақан жанында ұлттық ойындар ойнайды. Ән айтып, би билейді. Той тойға ұласады.

Міне, Наурыз мерекесі осылай тойланады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы күні

1995 жылғы тамыздың 30-ы – Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданған күні. Конституция – әрбір мемлекеттің басты заңы. Осы заң арқылы сол ел азаматтарының құқығы мен міндеттері белгіленеді және олардың жүзеге асырылуы қадағаланады.

Конституцияның 1-бабында былай делінген: *«Қазақстан Республикасы өзін демократиялы, зайырлы қоғам, тең құқылы, әлеуметтік мемлекет деп таниды. Оның ең басты байлығы – адам және оның өмірі, құқығы мен бостандығы».*





Халықаралық әйелдер мейрамы

8 наурыз – балалар мен үлкендердің сүйікті мерекесі. Өйткені бұл – дүниедегі ең қымбат жан – аналар күні. Ананы әр ел әр түрлі атағанымен (мысалы: апа, ана, нана, мама, ненько, матушка, т.б.), бір қызығы, бұл сөз жұмсақ әрі нәзік естіледі. Мереке күні әрбір адам құрметпен анасына ең әдемі гүл шоғын сыйлап, ақ тілектерін айтып, жақсы сөздерін арнайды.



Бүкіләлемдік ғарышкерлер күні

1961 жылы 12 сәуірде адамзат тарихында тұңғыш рет жер шарынан ғарыш кемесі ұшырылды. Ғарышқа ұшқан Кеңес Одағының ұшқыш-ғарышкері Юрий Гагарин еді. Ол бүкіл адамзат үшін ғарыш әлеміне жарқын жол ашты. Қазақтың Байқоңыр ғарыш айлағы әлемге әйгілі болды. XX ғасырда Байқоңыр үлкен ғылыми-техникалық жетістіктерге жетті. Араға 30 жыл салып, 1991 жылы қазанның 2-сі күні қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ғарышқа ұшса, ал Талғат Мұсабаев ғарышта 3 рет болды және халықаралық экипаж құрамына да қатысты.



Юрий Гагарин



Тоқтар Әубәкіров



Талғат Мұсабаев

Халықаралық ынтымақтастық күні

Мамырайының 1-і күні – Халықаралық ынтымақтастық мерекесі.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Біздің елімізде 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар мекендейді. Олар өздерінің тілін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін сақтаған. Бір-бірімен тату тәтті, бейбіт өмір сүреді. Бұл ынтымақтастықты нығайту Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Халықтар достығы ассамблеясына жүктелген. Біздің елімізде ұлттық мәдениет орталықтары жұмыс істейді.



Отан қорғау күні


1992 жылы мамырдың 7-сі күні Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қарулы күштері құрылды. Осы кезден бастап бұл күн «Отан қорғау күні» болып аталып жүр. Қазіргі таңда республикамыздың көршілес мемлекеттермен өзара тәжірибе алмасып, бірлесіп жұмыс істеуіне мүмкіндік туған.

1995 жылы ынтымақтастық операцияларына қатысу мақсатымен Ортаазия батальоны (Ортаазбат) құрылды. Мемлекетіміздің Қарулы күштері өз еліміздің тыныштығын қорғап қана қоймай, бейбітшілік үшін күреседі.

Жеңіс күні

1945 жылы мамырдың 9-ы күні кеңес әскері гитлерлік Германияның ошағы – Берлинді алды. Сөйтіп, адамзат тарихындағы қанқұйлы Екінші Дүниежүзілік соғыс аяқталды. Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Соғысқа қазақстандықтар да өз үлестерін қосты. 497 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағына ие болып, 4101 мыңы қаза тапты. Миллиондаған жастардың өмірі қыршын кетті. Әйелдер мен қарттар жапа шекті.

Соғыстан қасірет көрген әрбір адам үшін бейбіт өмірдің маңызы зор. Бір тілек – жерімізде соғыс болмасын! Міне, бұл күннің Ұлы мереке ретінде тойлану тарихы осы.



Республика күні

1990 жылғы қазанның 25-і – біздің Отанымыз үшін айтулы күн. Осы күні Қазақстан Республикасының егемендігі туралы Декларация қабылданды. Қазақ халқы туған тілі мен мәдениетін, салт-дәстүрін дамытуға мүмкіндік алды.

1992 жылы Қазақстан Республикасының рәміздері белгіленді. Бұлар: ту, елтаңба, әнұран. Қазақстан халқының бостандығы мен тәуелсіздігін дүние жүзі халықтары танып білді. Әлемдік қауымдастыққа біздің ел де тең дәрежелі мүше болды.



Тәуелсіздік күні

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы Заң қабылданды. Мемлекеттік тәуелсіздіктің жариялануы – Қазақстан халқы үшін маңызды оқиға.

1993 жылғы қарашаның 15-і күні мемлекетіміздің ұлттық валютасы – теңге айналымға енді. Тәуелсіздік жарияланғаннан кейін республикада Қарулы күштер: Жалпы әскери жасақ, Әскери әуе күштері, Шекара әскері құрылды. Ал 1997 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен біздің Отанымыздың астанасы – Астана қаласы (Ақмола – Целиноград) болды. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы жаңа даму кезеңіне өтті.





Монеталар

Бүгінде отандық ақша сарайы қолданып отырған технология әлемнің тек бірнеше ақша сарайында ғана бар. Екі түрлі металдан, көгілдір глазурь орнатылып және гауһар тастармен (бриллианттармен) әшекейленіп жасалған қазақстандық монеталарды нағыз өнер туындылары деуге болады. Мұндай қымбат металдардан жасалған монеталарды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің кассаларынан сатып алуға болады. Оларды тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде де сатуға немесе сатып алуға болады.

Қазақстанда бүгінгі күнге дейін 190-нан аса топтамалық, мерейтойлық және ескерткіштік монеталар соғылды. «Қазақстанның тарихи-сәулет ескерткіштері және қолданбалы өнер», «Көшпенділер алтыны», «Ескіше соғылған монеталар», «Жібек жолы инвестициялық алтын монетасы», «Әлемнің ең шағын алтын монеталары», «Қазақстанның Қызыл кітабы» және т.б. монеталар топтамалары жарық көрді. Сонымен қатар, «Абайдың 150 жылдығы», «Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 60 жылдығы», «ҚР ұлттық валютасына 10 жыл», «Түркістанның 1500 жылдығы», «Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы», «Қазақстан шимайтастары» және т.б. сияқты жекелеген мерейтойлық монеталар жасалынды. Монеталардың беткі жағының ортасында Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген.

Енді солардың бірнешеуін қарастырайық.



ТОПТАМА БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛҒАН МОНЕТАЛАР

► «Көшпенділер алтыны»

топтамасы бойынша жарық көрген монеталардың бірі – 500 теңгелік «Шабандоз» монетасы. Бұл монета айналымға 2006 жылы 10 сәуірде шықты. 925 сынамалы күмістен әзірленген. Салмағы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм.

Таралымы – 5 мың дана.

Авторы: Басенов А.Ф.

Суретшісі: Золотухин А.П.





► Қазақстанның сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарларына арналған **«Қазақстанның Қызыл кітабы»** топтамасы бар. Бұл топтамаға жататын монетаның бірі – 500 теңгелік **«Ителгі»** монетасы. Монета айналымға 2004 жылы 20 қаңтарда шықты. 925 сынамалы күмістен әзірленген. Салмағы – 24 грамм, диаметрі – 37 мм, қалыңдығы – 2,7 мм.

Таралымы – 3 мың дана.

Сондай-ақ бұл топтамаға 500 теңгелік **«Алтай ұлары»** атты монета кіреді. Монета айналымға 2006 жылы 10 қазанда шықты.

Таралымы – 3 мың дана.

Авторлары: Басенов А.Ғ., Ивженко В.П.

Суретшілері: Золотухин В.П., Ивженко В.П.



◀ **“Қазақстан мешіттері мен шіркеулері”** топтамасы бойынша 500 теңгелік **«Орталық мешіт»** (Алматы қаласындағы) монетасы шықты. Ол айналымға 2006 жылы

22 желтоқсанда шығарылды. Монета 925 сынамалы күмістен соғылған, диаметрі – 38,61 мм, салмағы – 31,1 грамм етіп жасалынған.

Таралымы – 4 мың дана.

► **«Қазақстан салт дәстүрлері, ұлттық ойындары»**

топтамасы бойынша жарық көрген монетаның бірі **«Бесікке салу»** (500 теңгелік) деп аталады. Бұл монета айналымға 2006 жылы 22 желтоқсанда шықты. 925 сынамалы күмістен әзірленген. Салмағы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, 4 мың данамен таралымға шықты.

Авторлары: Басенов А.Ғ., Ивженко В.П.

Суретшісі: Ивженко В.П.



► **«Қазақстан шимайтастары»** топтамасы бүгінгі күнге дейін жеткен шимайтастарға арналған. **«Арба»** монетасы айналымға 2006 жылы 1 шілдеде шықты. Монетаға қола дәуірінің б.з.б. II мыңжылдығының екінші жартысындағы арбаның кескіні бейнеленген (Оңтүстік Қазақстандағы

Қаратау жотасындағы Арпаөзен шатқалынан табылған тастағы суретке негізделген).

Таралымы – 3 мың дана.

Авторы: Басенов А.Ғ.

Суретшісі: Золотухин А.П.



◄ **«Қолданбалы өнер»** топтамасы бойынша шыққан 500 теңгелік **«Жетіген»** монетасы айналымға 2004 жылы 11 қарашада жіберілді.

Жетіген – өзінің алғашқы түрін бүгінге дейін сақтап қалған қазақтың шекті музыкалық аспабы.

Таралымы – 3 мың дана.

Суретшілері: Басенов А.Ғ.,
Ивженко В.П.

“Қолданбалы өнер” топтамасы бойынша 2004 жылы 11 қарашада 500 теңгелік **«Асатаяқ»** монетасы айналымға шығарылды.

Таралымы – 3 мың дана.

Асатаяқ – қазақ халқының ежелден келе жатқан шайқау арқылы түрлі дыбыстар шығаратын ұлттық музыкалық аспабы.

Суретшілері: Басенов А.Ғ.,
Ивженко В.П., Золотухин А.П.





ЕСТЕЛІК ЖӘНЕ МЕРЕЙТОЙЛЫҚ МОНЕТАЛАР



◀ *«Ғасырлар белесі»* – Қазақстанның үшінші мыңжылдықпен салтанатты қауышуына арналған естелік монета. Монета номиналы – 100 теңге. Айналымға 1999 жылы 21 желтоқсанда шығарылды. Салмағы – 24 грамм, диаметрі – 37 мм, қалыңдығы – 2,7 мм. Таралымы – 2 мың дана. Суретшілері: Ивженко В.П., Ахвердян А.С.

► *«Ең кішкентай алтын монеталар»* топтамасы бойынша жарық көрген монетаның бірі – 100 теңгелік *«Ежелгі Түркістан»* монетасы. Монетаның сыртқы жағында Қожа Ахмет Иасауи кесенесі және сауда керуені бейнеленген. Ол айналымға 2005 жылы 16 сәуірде шығарылды. Монета 999 пробалы алтыннан жасалынған. Салмағы – 1,24 грамм, диаметрі – 13,92 мм. Таралымы – 15 мың дана. Авторлары: Ахвардян А.С., Кривец А.С.



► *«Қызыл қасқыр»* – 500 теңгелік монета. Айналымға 2005 жылы 23 желтоқсанда шығарылды. Монета 999 пробалы алтыннан жасалынған. Салмағы – 7,78 грамм, диаметрі – 25 мм. Монетаның артқы бетінде қызыл қасқырдың басы бедерленіп, көздері 2 дана гауһар тастан (бриллианттан) жасалынған. Бриллианттардың әрқайсысының диаметрі – 1 мм. Таралымы – 4000 дана. Авторы: Ахвардян А.С.





Қазақстанның ордендері мен медальдары

Орден – латын тілінен аударғанда «сап, дәреже, топ» деген мағынаны білдіреді. Батыс Еуропада орта ғасырларда монахтық, діни-әскери ұйымдар, құпия бірлестіктер “Орден” деп аталған. Олардың әрқайсысының өзіндік айырым белгілері болған. Бұл белгілер уақыт өте келе мемлекеттік сыйлық сипатын иемденіп, нәтижесінде сан алуан ордендер жасалынды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін, мемлекет және қоғамға еңбек сіңірген тұлғаларға құрмет белгісі ретінде өз ордендерін тағайындай бастады. Мұндай мемлекеттік ордендердің кімге берілетіндігін Елбасы анықтап, марапаттайды. Сондай-ақ, орден иегеріне орденмен қоса, оның аты-жөні жазылған кітапша тапсырылады.

Мемлекеттегі ең жоғарғы марапат «Алтын Қыран» мен «Халық Қаһарманы» атағы болып табылады.

Медаль белгілі бір даңқты оқиганың, көрнекті қайраткердің, жердің құрметіне шығарылатын металл белгі болып табылады. Ол екі жағынан (кейде бір жағынан) бедерленеді. Көбіне медаль дөңгелек, кейде тік бұрышты, көп бұрышты, сопақша немесе басқа да пішінде жасалады.

Медаль соғу ісі алғашқыда Ежелгі Римде, кейіннен, XIV – XV ғасырларда Италияда, Византияда жасалып, онымен марапаттау кеңінен тарала бастады.

Орден мен медальді мемлекет басшылары ерекше қызмет көрсеткен мемлекет қайраткерлеріне береді.

Қазақстан Республикасының наградаларымен республикаға еңбегі сіңген шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар да марапатталуы мүмкін.

Орден мен медальдар республика мүддесін қорғау жолында ерлік, батылдық пен қаһармандық көрсеткен азамат қайтыс болып кеткен жағдайда кітапшасымен бірге оның туыстарына тапсырылады.

Орден не медальмен марапатталған адам қылмысы үшін сотталған жағдайда соттың ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті шешімімен қайтарылып алынады. Сондай-ақ, заңсыз сотталып кеткен және толық ақталған азаматтардың мемлекеттік наградалары соттың ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті шешімімен иесіне қайтарылады.

Солардың ең негізгілерін сендер де біліп жүрулерің керек.





ОРДЕНДЕР

► **«Алтын Қыран»** – Қазақстан Республикасындағы ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі. «Алтын Қыран» орденімен республикаға зор еңбегі сіңген азаматтар марапатталады. Бұл орден жұлдыз пішімінде ақ, қызыл және сары түсті алтын құймасынан жасалады. Оның ортасында, шеңбер ішінде қыран құс бейнеленген. Төменгі жағында, қыранның айналасында «Алтын қыран» деген жазу бар. Жоғары жағына 3 лағыл тас орнатылған.

«Алтын қыран» орденімен бірқатар елдердің басшылары да марапатталды.



◄ **«Халық Қаһарманы»** – еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі жолында азаматтық және жауынгерлік ерлік көрсеткендерге берілетін атақ. Оған ие болған адамдарға айрықша ерекшелік белгілері – «Алтын Жұлдыз» бен «Отан» ордені тапсырылады.

«Отан» орденімен экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті дамытуға үлес қосқан мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі адамдар марапатталады. Сонымен қатар, демократия мен әлеуметтік үрдісті дамытуға ерекше үлес қосқан мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі азаматтарға да беріледі.



«*Барыс*» ордені бейбітшілікті, еліміздің егемендігі мен халықтар арасындағы достық қатынастарды, ұлтаралық ынтымақтастықты нығайтуға ерекше ат салысқан адамдарға беріледі. Ол 3 дәрежеден тұрады. І дәреже – орденнің ең жоғарғы дәрежесі. Дәрежелер III, II, I ретімен беріледі. Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен ерекше көзге түскен азаматтар үшін реттілік сақталмауы да мүмкін.



▼ «*Даңқ*» ордені 2 дәрежеден тұрады. І дәрежесі – жоғарғы дәреже. «Даңқ» орденімен Қарулы Күш, Прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік, Ішкі істер органдарының басшы құрамдағы офицерлері марапатталады. «Даңқ» орденін иемдену үшін әскерлерге басшылық жасап және осы басқару ісінде табыстарға қол жеткізу, сондай-ақ әскердің жоғары жауынгерлік даярлығы мен елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар, бұл орден әскери, шекаралық, ішкі қызметті үздік ұйымдастырған, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз еткен, заңдылық пен қоғамдық тәртіпті сақтауды нығайтқан азаматтарға да тапсырылады.





► **«Айбын»** орденімен әскери қызметшілер, Прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік, Ішкі істер органдарының қызметкерлері марапатталады. Бұл орденнің иегері атану үшін жауынгерлік әзірлікте, әскерлерді жоғары жауынгерлік даярлықта ұстауда, заңдылықты, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде табыстарға қол жеткізу қажет. Сондай-ақ «Айбын» ордені әскери және қызметтік борышын атқару кезінде батылдық пен жанқиярлық көрсеткен азаматтарға, мемлекет мүддесін қорғауда ерлік көрсеткендерге беріледі. Ол 3 дәрежеден тұрады. Ең жоғарысы – I дәреже. I және II дәрежелі «Айбын» ордендерімен офицерлер, III дәрежесімен – сарбаздар, матростар, сержанттар, старшиналар және мичмандар марапатталады.



► **«Парасат»** орденімен ақын-жазушылар, мәдениет пен өнер саласында (артистер, әншілер, режиссерлар, т.б.) еңбек ететіндер, ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері халықтың рухани өмірін жақсартуға қосқан табысты еңбектері үшін марапатталады.





«Достық» орденімен қоғамдағы өзара татулықты, халықтар арасындағы бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты сақтауға көп үлес қосқан азаматтар марапатталады. «Достық» ордені 2 дәрежеден тұрады. Кейбір айрықша жағдайларда реттілік дәрежесі ескерілмеуі де мүмкін.



◀ **«Құрмет»** орденімен экономика және әлеуметтік сала қызметкерлері, сондай-ақ ғылым мен мәдениет, білім беру ісін дамытуға зор үлес қосқан азаматтар марапатталады.

Сонымен қатар бұл орден мемлекеттік органдарда мінсіз қызмет атқарған, белсенді қызмет көрсеткен тұлғаларға да беріледі.





Медальдар

► **«Ерлігі үшін»** медалімен қиын-қыстау кезде адам өмірін сақтап қалған азаматтар марапатталады.

Суға кеткендерді құтқарған, адамдарды өрттен аман алып қалған, дүлей апаттар кезінде адамдарға жәрдем көрсеткен, сондай-ақ қылмысқа қарсы күресте ержүректілік пен жанқиярлық көрсеткен азаматтарға «Ерлігі үшін» медалі тапсырылады.



► **«Ерен еңбегі үшін»** медалімен экономикалық, әлеуметтік салаларда, ғылымда, мәдениет пен мемлекеттік қызметте үздік еңбек еткен азаматтар марапатталынады.



► **«Шапағат»** медалімен қайырымдылық қызмет пен мейір-шапағаттың нағыз үлгісін көрсеткен азаматтар марапатталады.



► **«Жауынгерлік ерлігі үшін»** медалі үнемі жауынгерлік сапта жүрген қызметкерлерге тапсырылады. Бұл медаль Қарулы Күштер, Республикалық ұлан, Президенттің Күзет қызметі, Ішкі және Шекара әскерлері әскери қызметшілері, сонымен бірге Прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік, Ішкі істер органдарының қызметкерлерін батыл және жемісті әрекеттері, мемлекеттік шекараны қорғауда ерлік пен жанқиярлық танытқандары үшін марапаттауға арналған.





ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ІРІ ШАЙҚАСТАР

Кир патшаның сақтарға жорығы

Ертеде біздің жерімізде еркіндік сүйгіш сақтар өмір сүрген. Шамамен екі жарым мың жыл бұрын күдіретті парсы патшасы Кир оларды бағындыруды ойлайды. Оның әскерінің тегеурініне ешкім төтеп бере алмайтын. Кирдің жеңімпаздығы туралы дақпырт әлемді шарлап кеткен. Алайда сақтарды бағындырамын деген ойы іске аспай, керісінше, бүкіл әлемге масқарасы шығады. Оқиға былай болған екен.

Кир жақсы қаруланған әскерін сақ-массагеттерді бағындыруға аттандырады. Сақ-массагеттердің падишасы ер жүрек Томирис еді. Кир оған елшісін жіберіп «Маған тұрмысқа шықсын» деген ұсыныс жасайды. Падиша Кирдің ойы өзінде емес, патшалықты иелену екенін түсініп, оң қабақ танытпайды. Ол Кир әскерінің өзеннің арғы бетінде – шекарада тұрғанын білгендіктен, елші жіберіп, кері қайтуын ұсынады. Алайда парсылар өзеннен өтіп, массагеттердің тобына жауыздықпен шабуыл жасайды.

Олар Томирисінің ұлы Спаргаписті тұтқынға алады. Падиша тағы да Кирден жерінен кетіп, Спаргаписті азат етуді талап етеді. Бірақ Кир шабуылын жалғастыра береді. Осы кезде бұғаудан құтылған Спаргапис өзіне қол жұмсайды. Ызаға булыққан Томирис Кир әскерін толық талқандайды. Осы шайқаста парсы патшасы Кир өліп, оның 200 мың жауынгері жер жастанады. Падиша Томирис «Іздегенің қан еді, ал іш, ендеше!» деп оның басын қан толтырылған меске батырады.

Парсылар сақтардың еркіндік үшін өз өмірін қиюға әзір екенін түсініп, басқыншылық жорықтарын тоқтатады.



Дарийдің сақтарға жорығы

Парсы патшасы Дарий I де біздің заманымыздан бұрынғы 519 жылы сақтарға жорық жасаған. Бұл жорықта Дарий I шошақ бөрікті сақтарды (тиграхаудаларды) жеңіп, олардың қолбасшысы Скунханы қолға түсіреді. Тиграхауда-сақтар бұл шайқасқа дейін парсыларға бағынышты болмаған. Сақтардың қажырлы қарсылық көрсетуінің арқасында Дарий I жеңіліске ұшырайды. Жортуылдардың бірінде Дарий патша сақтардан әрең құтылады. Ол жараланған жауынгерлері мен көліктерін тастап қашады. Дарийдің осы жорығы кезінде Ширак (Шырак) деген бір сақ жауынгері өз денесін өзі жарақаттап, парсыларға қашып барады. Ол өзін тайпаластарының жазалап, тастап кеткенін айтып, олардан кек алу үшін парсы әскерін бастап апаруға уәде береді. Осылайша парсы әскерлерін алдап, шөл далаға адастырып әкетіп, сусыз далада қырғынға ұшыратады.

Пиньчен шайқасы



Біздің заманымыздан бұрынғы I мыңжылдықта қалыптасқан ғұндар (хунну) тайпасы біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырдың соңына қарай бірігіп, қуатты әскері бар көшпелілер империясын құрған. Біздің заманымыздан бұрынғы 205 жылдан қаған тағына Мөде отырады. Мөде билік еткен тұста жауынгер ғұндар көршілеріне жиі шабуыл жасап, күйрете соққы беріп тұрады. Ғұндардан сескенген қытайлықтар шапқыншылыққа тойтарыс беру үшін Ұлы Қытай қорғанын салғызады.

Ғұндарды Мөде тәңірқұт, ал Қытайды Хань әулетінен Гаоцзу билеген кезеңде Пиньчен қаласы тұсында ірі шайқас болады. Қытай билеушісі ғұндарға қарсы 320 мың әскерін аттандырады.

◀ *Мөде қаған*

Бірақ дарынды қолбасшы Мөде қытайларды алдап қақпанға түсіреді. Ұрыс кезінде Мөде әскерінің бір бөлігі қаша жөнеледі. Жеңіске сенімді болған қытайлықтар олардың іздеріне түседі. Бірақ Мөденің есепсіз әскері Бей Дин тауының етегінде оларды қоршап алады. Қоршауды бұза алмаған қытай әскері суық пен аштықтан өле бастайды. Өз әскерін құтқару үшін Гаоцзу Мөдемен татулық келісіміне қол қояды. Ол Мөдеге өз қызын қалыңдыққа



▲ Гаоцзу

беріп, жібек мата, азық-түлік, киім-кешек түрінде мол салық төлейді. Бұл қытайлықтар үшін қорлық еді. Осылайша, ғұндар Қытайды ойсырата жеңеді.



◀ *Ұлы Қытай қорғанының ұзындығы 8 мың 851 километр және 800 метр.*

АТЛАХ-ТАЛАС ШАЙҚАСЫ

Қазақстан жерінде құрылған ежелгі түрік мемлекеттерінің бірі Түргеш қағандығы еді. Түргештер, негізінен, Жетісуды жайлаған. VIII ғасырдың ортасында Түргеш мемлекеті ыдырау кезеңін бастан кешірді. Алғашында осы сәтті қарлұқтар пайдаланды. Бірақ түргештер мен Жетісудағы өзге түркі тайпаларына қытайлар мен арабтар да айтарлықтай қатер төндірген еді. 751 жылы Жетісуға шығыстан Қытайдың Тан империясы әскері баса көктеп кірді. Олар Түргеш астаналарының бірі – Суябты басып алып, қиратты. Осы кезде оңтүстіктен арабтар да жорық бастады. Осылайша Жетісуда Қытай мен Араб халифатының мүдделері тоғысты. Қытай мен араб әскерлері Талас өзені алқабында түргештердің шағын қаласы Атлахтың маңында кездесті. Екі жақтан соғыс майданына 100 мыңнан жауынгер қатысты. Бес күнге созылған ұлы шайқастың тағдырын қарлұқтар шешті. Соғыстың шешуші кезеңінде олар көтеріліс жасап, қытайларға қарсы шықты. Қиян-кескі шайқаста арабтар жеңіске жетті.

Бұл тарихи жеңіс болды. Өйткені осы шайқастан соң талай жүз жылға дейін Қытай басып алмақ ойынан түңіле бас тартты. Арабтар бұл жерде ұзақ тұрақтай алмады. Шамалы уақыттан соң олар Жетісу жерінен кетіп, түрік тайпалары қайтадан осы жердің иесіне айналды.

ЫРҒЫЗ ШАЙҚАСЫ

Бұл – Хорезм шахы Мұхаммед пен Шыңғыс хан әскерлерінің арасындағы күтпеген кездесуден туындаған шайқас. Шайқас Ырғыз өзенінің бойында өткен.

Шыңғыс хан Жошы мен Сүбедей басқарған әскерін меркіттерге қарсы аттандырған болатын. Олар 1216 жылы ерте көктемде Ырғыз бойын жайлап жатқан меркіттерге шабуыл жасайды. Моңғолдар қашқан меркіттердің соңына түсіп келе жатып, жолда Сырдарияның батысында (қазіргі Ақтөбе облысы Ырғыз ауданына қарасты) Ырғыз өзені бойында қыпшақтарға қарсы жорықта жүрген Мұхаммед шахтың 60 мыңдық қолымен ұшырасып қалады. Жошы елші жіберіп, шайқасқысы келмейтінін айтады. Жошының шешіміне қарамастан, хорезмшах оны соғысуға мәжбүр етеді. Сөйтіп, тұтқиылдан жолыққан мықты қолмен аянбай шайқасуына тура келеді. Шайқас үстінде Мұхаммед хан қолға түсе жаздап, ұлы Жәлел-әд-Диннің ерлігінің арқасында әзер құтылады. Қақтығыс күні бойы жүріп, кеш түсе саябырлайды. Екі жақ келісіп, соғысты ертеңгі күнге қалдырады. Жошы әскері от жағып алдаусыратып, түн қараңғылығымен жасырын шығысқа қарай қайтып кетеді. Осылайша, бұл шайқаста ешкім жеңбеген.

ОТЫРАР ҚОРҒАНЫСЫ

1218 жылы жазда Отырар қаласына Шыңғыс хан жіберген 500 түйе, 450 адамнан тұратын сауда керуені келеді. Қайыр хан саудагерлердің арасында тыңшылар бар деген күдікпен керуенді тонап, адамдарын өлтіреді. Керуен құрамынан тек бір адам аман қалып, Отырардағы қырғын туралы Шыңғыс ханға жеткізеді. Бұл Шыңғыс ханның Орта Азияға шапқыншылық жасауына сылтау болды. Шыңғыс ханның Мұхаммед хорезмшахқа кінәлі адамды ұстап берсе бейбітшілік сақталатынын айтып жіберген елшілері де өлтіріледі. Осыдан кейін екі жақ та соғысқа әзірленеді.

1219 жылы Шағатай мен Үгедей бірнеше түменмен Отырарды қоршауға алады. Қайыр хан ақырына дейін қорғануға бел буады. Қайыр ханның 20 мың әскері болған, Хорезм шахы оған 50 мың әскер қосады. Отырар бес ай бойы қорғанады. Алайда бесінші айдың соңында өзінің он мың әскерімен көмекке келген Қараша-хажиб қала қақпасын моңғолдарға ашып береді. Шағатай мен Үгедей оны алғашқыда жақсы қарсы алып, содан соң олардың өз билеушісіне істеген сатқындығы үшін әскерімен қосып түгел өлтіреді. Қайыр хан қалған әскерімен ішкі қамалға бекініп, тағы бір ай соғысады. Ақырында, моңғолдар ең соңғы жауынгері өліп, қарсыласатын қаруы да қалмаған Қайыр ханды көмейіне күміс құйып өлтірген. Отырарды жермен-жексен етіп қиратып, халқын соңғы адамына дейін қырған.



НҰР ТОҚАЙ (КӨК ҚАШАН) ШАЙҚАСЫ

1457 жылы Әбілхайыр хан мен ойрат тайшысы Өзтемір әскерінің арасында болған шайқас Нұр Тоқай шайқасы немесе Көк Қашан шайқасы деген атпен аталып жүр. XV ғасырдың бас кезінде пайда болған Ойрат хандығы бірден Моғолстанның шығыс шекараларына шапқыншылық жасай бастайды. Өйткені ойрат (қалмақ) шонжарларын өз жайылымдарын кеңейту мүмкіндігі қызықтырды. Содан да олар Жетісуға ғана емес, Орталық Азиядағы отырықшы аудандарға да көз тікті. XV ғасырдың 50-ші жылдары ойраттар Сыр бойындағы қалаларға шабуыл жасады. Нұр Тоқай шайқасы Әбілхайыр хандығының астанасы – Сығанақ қаласына таяу жердегі жазықта өтті. Нұр Тоқай шайқасында ойраттар толық жеңіске жетіп, Әбілхайыр хан өз әскерінен қалған аздаған қолмен Сығанақ қаласына келіп тығылды. Қарсылыққа кезікпеген қалмақтар Түркістан, Ташкент пен Шахрух қалаларының төңірегін тонауға кірісті. Кетерінде Өзтемір тайшы Әбілхайыр ханмен аса ауыр бітім жасасты. Осы жеңілістен кейін Әбілхайыр хандығынан көшпелі тайпалар, соның ішінде Керей мен Жәнібек бөлініп кетті.

ЖОҢҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ



▲ *Жоңғарлардың әскери тұрағы.*
Қытай суреті

1635 жылы Батыс Моңғолиядағы ойраттардың шорос, хошоут, дурвэд, хойт деген төрт тайпасы бірігіп, Жоңғар хандығын құрған. Бұл мемлекеттің негізін Батыр қонтайшы қалаған. Батырдан кейін Сенге, Қалдан Бошақты, Севан Рабдан, Қалдан Серен қонтайшылар билік жүргізген. Жоңғарлар өзімен көршілес мемлекеттерге, әсіресе, Қазақ мемлекетіне шабуыл жасап отырған.

Жоңғарларды қазақтың бай су қайнарлары, шұрайлы жайылымдары, Қытай мен Орта Азияны байланыстыратын сауда жолдары қызықтырды.

Қазақ халқы ойрат-жоңғар шапқыншылығына қарсы екі жүз жылдай күресті. Соңғы қонтайшы Қалдан Серен дүние салғаннан кейін Жоңғар хандығында таққа талас басталды. Цин империясы осыны пайдаланып, 1755 – 57 жылдары жоңғарларға бірнеше рет шабуыл жасап, хандықты жойып жіберді.

«ШАҢДЫ ЖОРЫҚ»

Жоңғар хандығы талқандалғаннан кейін 1771 жылы 5 қаңтарда Еділ бойындағы қалмақтар атамекендері Жоңғарияға қайта көшуді бастады. Он бір мыңнан астам отбасы өзеннен өте алмай, Ресей жағында қалды. 180 мыңдайы қазақ жері арқылы Жоңғарияға



▲ Тұтқындалған қалмақтар.
Суретші Р. Қожағұлова



қарай жолға шығады. Қалмақтар маусым айының аяғында Мойынты өзеніне жеткенде, Абылай хан бастаған елу мыңдық қазақ әскері оларды қоршап алады. Қоршауда қалған қалмақтар үшінші тәулікте түнде қоршауды бұзып, қашып кетеді. Қазақ жасақтары жаудың соңынан қуады, тірі қалғандарын тұтқындайды. Қалмақтардың аман қалған шағын тобы ғана Қастек, Қаскелең, Кеген және Нарынқол жерлері арқылы Жоңғарияға жетеді. Қалмақтардың екінші тобы Балқаштың солтүстік жағалауы арқылы өтіп, Ілеге жете бергенде қазақ жауынгерлерінің соққысына ұшырайды. Осылайша қазақ жерін алты айда кесіп өткен 10 – 15 мыңдай қалмақтар Іленің жоғарғы жағалауына қарай қашып, Қытайға өтіп кетеді.

300 жылдық жоңғар-қазақ соғысының ең соңғы кезеңі тарихта «Шанды жорық» деген атпен қалды. Мұнда «Шанды жорық» деп аспанға бұрқыратып шаң көтерген жорық деген мағынаны емес, қалмақтармен соғыстың ең соңғы ірі, аяусыз өткен кезеңін бейнелеп отыр.

ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫ

XVII ғасырда Қазақстан жеріне күш-қуаты мол Жоңғар хандығы жиі-жиі шабуыл жасап тұрды. Қазақтар өз жерін таңғажайып табандылықпен, ерлікпен қорғады. Әскери тарихта осындай ұрыстардың бірі – Орбұлақ шайқасы ерекше орынға ие болды.

1643 жылы жоңғар билеушісі Батыр қонтайшы Іле – Талас алқабына 50 мыңдық әскер жібереді. Осы кезде шамамен 10 мың қырғыз Батырдың үстемдігін мойындаған еді. Мұны естіген қазақ сұлтаны Жәңгір жоңғарларға соққы беруге асығады. Қысқа уақыт ішінде оның туының астына 600 адам жиналады. Осы ұрыста топ бастаған арғын Ағынтай, алшын Жиенбет, қаңлы Сарбұқа, найман Көксерек, дулат Жақсығұл, шапырашты Қарасай, Суан Елтінді есімді батырлар халық жадында мәңгілік сақталып қалды.

Бар-жоғы 600 жауынгермен 50 мыңдық әскерге тойтарыс беру өте қиын. Сондықтан Жәңгір көмек сұрап, Самарқанд билеушісі Кіші жүзден шыққан Жалаңтөске шабарман жібереді. Өзі жоңғарлардың алдын алу үшін Жетісуға аттанады. Орбұлақ жерінде торуыл құрып жатқан Жәңгір жер жағдайын ескеріп, тау шатқалына өз батырларын оңтайлы орналастырып жасырып қояды. Қаймықпай ішкерілей енген жоңғарларға Жәңгір сұлтан ту сыртынан лап қояды. Садақ пен білтелі мылтықтарынан оқ жаудырып, бірнеше мың жауынгердің көзін жояды. Осы сәтте Жалаңтөс батырдың 20 мыңдық әскері дер кезінде жетіп үлгереді. Олар бірігіп, жауды талқандайды. Сөйтіп, жоңғарлар қазақ жерінен кетуге мәжбүр болады.

▼ *Орбұлақ шайқасы. Суретші Т. Асықов*



ҚАРАҚҰМДАҒЫ ХАЛЫҚ ҚҰРЫЛТАЙЫ

XV ғасырдың 50-ші жылдары басталған ойраттардың қазақ даласына шабуылы бірде күшейіп, бірде бәсеңсіп отырған. 1708 жылы жоңғарлардың жаңа шабуылы басталып, қазақтарды Ташкентке қарай ығыстырды. Мұндай жойқын жорыққа қарсы күрес ұйымдастыру үшін 1710 жылы қазақ халқының игі жақсылары жиналып, Арал маңындағы Қарақұм деген жерде құрылтай өткізеді. Құрылтайдың өтуіне сол кездегі қазақ ханы Тәуке ықпал жасайды. Жиынға қатысушылардың бір бөлігі жоңғарларға бодан болуды қаласа, екінші бөлігі қолайлы сәтті күтуді жөн көреді. Бірақ Қанжығалы Бөгенбай батыр халықты жоңғарларға қарсы шабуылға шығуға көндіреді.

Бұл бас қосуда Әбілқайыр хан үш жүздің біріккен әскерінің басшысы, ал Бөгенбай батыр бас қолбасшысы болып сайланады.

«АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМА»



▲ *Ақтабан шұбырынды. Суретші М. Қаспақ*

1723 жылы көктемде жоңғарлардың қалың қолы қазақ даласына 7 түмен әскермен басып кіреді. Шапқыншылар бейбіт елді қырып-жойып, жері мен мал-мүлкін тартып алуды көздеген еді. Қыстаулары бір-бірінен алшақ орналасқан, қыстан жүдеп шыққан қазақтар қапыда қалып, қырғынға ұшырайды. Ұлы жүз бен Орта жүз Сырдариядан өтіп, Ходжентке, ал Орта жүз руларының көпшілігі Самарқандқа көшеді. Кіші жүз Хиуа мен Бұхараға жылжиды. Кейбір тайпа-рулар Қызылқұм, Қарақұмға өтеді.

Тарихта бұл оқиға «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталады. Шапқыншылықтан, аштықтан қазақ халқы үштен екі бөлігінен айырылды. Осы кезеңдегі халықтың тартқан қасіретінен «Елім-ай» әні өмірге келген.

1726 жылы қазақтың үш жүзінің өкілдері Ордабасы тауында бас қосады. Құрылтайда әр рудың билері, даңқты қолбасшылары мен батырлары жауға бірлесіп соққы беруге шешім қабылдайды. Сөйтіп, қазақтар келесі жылы жоңғарларға қарсы шабуыл жасап, оларды қазақ жерінен ығыстыра бастайды.



БҰЛАНТЫ-БІЛЕУТІ ШАЙҚАСЫ

1728 жылы көктемде Ұлытау етегінде, Бұланты мен Білеуті өзендері аралығындағы Қарасиыр жазығында қазақ пен қалмақ әскерлері шешуші шайқасқа түсті. Шайқаста Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет, Бәсентиін Малайсары, Тарақты ер Байғозы сынды көрнекті қолбасшылар, Тайлақ, Саңырық мергендер ерлік көрсетті. Бұл жорықта қазақ жасақтары жеңіске жетті, ал жоңғарлар зор шығынға ұшырап, кері қашты. Сол жеңістен кейін жазықтың орталығындағы төбе «Қалмаққырылған» атанды.

Шайқас қазақ жауынгерлерінің рухының мықтылығын көрсетіп, бірлікте кез келген жауды жеңе алатынына көз жеткізді.

Тарихта Бұланты-Білеуті шайқасының маңызы ерекше. Өйткені бұдан кейін қазақтар үстемдікке ие болып, жоңғарлар басып алған жерлерді азат ете бастады.



▲ Бұланты-Білеуті шайқасы болған жерге орнатылған ескерткіш тақта



▲ Ұлы жеңіс

АҢЫРАҚАЙ ШАЙҚАСЫ

XVIII ғасырда қазақ халқы жоңғарлармен кескілескен соғыс жүргізеді. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасынан кейін хандар жауға тойтарыс берудің жалғыз жолы біріту екенін түсінген еді.

Аңырақай шайқасы 1729 жылы жазда мамыр – маусым айларында өткен. Шайқас солтүстігінде Балқаш көлі, оңтүстігінде Отар даласы, батысында Шу аңғары, шығысында Күртіге дейінгі аралықта болған.

Аңырақай шайқасына екі жақтан бірнеше мыңдаған жауынгерлер қатысады. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Шапырашты Наурызбай батырлар, ақын Ақтамберді мен Үмбетей жыраулар секілді тұлғалар туған жері үшін бір ту астына жиналады. Үш жүздің біріккен әскеріне Әбілқайыр қолбасшылық етеді.

Бұл шайқас қазақтарға оңайға түскен жоқ. Себебі, мықты әрі шыныққан жоңғарларды жауыздығымен, қолбасшылық дарынымен танымал қонтайшы Қалден Серен бастап кірген еді. Дегенмен, қиян-кескі ұрыста қазақтар оларды біржолата талқандайды. Жоңғарлар кері шегінуге мәжбүр болады.

Аңырақай шайқасындағы жеңіс – қазақ-жоңғар соғысындағы шешуші оқиға. Ол қазақ жерін азат етудің бастамасы болды. Жалпы қазақтардың жауға қарсы бірігуі олардың күшті қарсыласын жеңуіне жол ашты.



▲ Аңырақай шайқасы. Суретші Д. Өстеміров

Ауыр сынақ

1933 жылы Германияда билікке Адольф Гитлер бастаған фашистер келді. Фашистер неміс ұлты жер бетіндегі ең таңдаулы ұлт деп санады. Олар бүкіл әлемді жаулап, өз үстемдігін орнатуға ұмтылды. Барлық елдерді күшпен бағындырып, халқын құлға айналдырмақ болды. Гитлер өз заманындағы мықты әскерді жасақтап, озық қарумен, танкілермен, ұшақтармен жарақтанды.

1939 жылы 1 қыркүйекте неміс әскері Польшаны шабуылдады. Санаулы айлардың ішінде Францияны, Бельгияны, Голландия мен басқа елдерді басып алды. Еуропа түгелімен дерлік фашистік Германияның билігінде қалды. Шығыста Жапония АҚШ-қа соғыс ашты. Осылайша соғысқа ондаған мемлекет тартылып, Екінші Дүниежүзілік соғыс басталды.

1941 жылы 22 маусымда таң сәріде фашистік Германия соғыс туралы жарияламастан, КСРО-ға опасыздықпен басып кірді. Кеңес халықтары үшін Ұлы Отан соғысы басталды.


Отанды қорғауға бүкіл кеңес халқы көтерілді. Көптеген адамдар майданға ерікті түрде аттанды. Қазақстанда да әскери бөлімдер құрылды. Алматыда 316-шы дивизия жасақталды. Оған генерал И.В. Панфилов жетекшілік етті. И.В. Панфиловтың дивизиясындағы 28 жауынгер Мәскеуді ерлікпен қорғады. Оларға немістің 50 танкісі бағытталды. Бірақ жауынгерлердің ешбірі тайсалмады. Олардың барлығы дерлік жер жастанды. Бірақ жауды жібермеді. Осы ұрыста қазақ жазушысы Бауыржан Момышұлының даңқы шықты.

Қазақ ақыны Жамбыл Жабаев «Ленинградтық, өренім!» атты өлең жазды. Бұл өлең радиодан оқылды, қоршауда қалған Ленинградтағы үйлердің қабырғаларына жабыстырылды. Ленинградтықтардың тағдыры бүкіл елді алаңдатып, оларға барша халық қолдау көрсетті.

Қазақ халқының даңқты ұлы Нұркен Әбдіровтің есімі өшпейді. Ержүрек ұшқыш ұшағына оқ тигенде, отқа оранған ұшағын жаудың шоғырланған тұсына бағыттады. Жарылыс болды... Нұркен Әбдіров қаза тапты. Бірақ елімізді билеп-төстеді көксеген жүздеген жау да жер жастанды.



▲ Адольф Гитлер



▲ Иосиф Виссарионович Сталин

Осы соғыста мыңдаған қазақтар ерлік көрсетті. Ұшқыш Талғат Бигелдинов фашистерге қырғидай тиді. Оған ең жоғарғы Кеңес Одағының Батыры атағы екі рет берілді. Талғат Бигелдинов жау «қара ажал» деп атаған «Ил-2» ұшағымен көптеген фашистер мен олардың соғыс техникасын жойды.

Майданда мерген қыз Әлия Молдағұлова ерлікпен шайқасты. Достары оны еркелетіп Лия деп атайтын. Оған кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Бұл соғыста қазақтың тағы бір мерген қызы Мәншүк Мәметова асқан ерлік көрсетті. Ол да шайқаста мерт болды. Оған ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Сталинград шайқасы соғыстың шешуші сәті болды. Ол соғыстың барысын күрт өзгертті. Кеңес әскері осы шайқаста жеңіске жетіп, басқыншыларды өз жерінен біртіндеп қуа бастады.

1945 жылы мамырда Германияның астанасы – Берлин алынды.

Берлинді алуға мыңдаған қазақстандықтар қатысты. Солардың бірі аға лейтенант Р. Қошқарбаев Рейхстагқа Жеңіс Туын тіккендердің арасында болды.

1418 күнге және түнге созылған Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталды. 9 мамыр Жеңіс Күні болып жарияланды.

Соғыс жылдары 497 қазақстандық ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алды.



▲ Ұлы Отан соғысынан көріністер



▲ Жеңіс туы


ТЫЛДАҒЫ ЕРЛІК

Қазақстандықтар майданда ғана шайқасып қойған жоқ. Тылдағы халық жеңісті жақындату үшін қолдан келгеннің бәрін істеді. Қазақстандық еңбекшілер «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен күн демей, түн демей, демалыссыз еңбек етті. Олардың әрқайсысы майданға неғұрлым көп өнім берсе, жауға берілетін соққы соғұрлым пәрменді болатынын, демек, көп күттірген жеңістің тезірек келетінін жақсы түсінді. Соғысқа кеткен ер-азаматтардың орнына колхоз егістіктері мен зауыттағы станоктарда әйелдер мен балалар жұмыс істеді.

Қазақстан майданға керектінің бәрін берді: нан, ет, киім-кешек. Сонымен қоса әскерді қарумен, оқ-дәрімен, снарядтармен қамтамасыз етті. Жауға атылған 10 оқтың 7-еуі Шымкент зауытында жасалды. Танктер мен ұшақтарға керекті жанармай Қазақстаннан жеткізілді. Майданға көмектесу үшін адамдар, тіпті қолдарындағы ақшалары мен құнды заттарын да берді.

XX ғасырдың басында әлем чемпионы атанған қазақтың атақты балуаны Қажымұқан Мұңайтпасов жинаған ақшасынан 100 мың рубльді өткізді. Осы ақшаға ұшақ жасалып, онымен қазақ ұшқышы соғысты.





ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ БАТЫРЛАРЫ

ҚАБЫЛОВ ТӨЛЕН

Ерліктің өшпес ізін қалдырған қазақстандық Кеңес Одағы батырларының бірі – Қабылов Төлен. Ол 1917 жылы Алматы облысы Шелек (қазіргі Еңбекшіқазақ) ауданында дүниеге келген. 1942 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылып, Сталинград шайқасына, Дон, Қырым, Украина, Белорусь, Литва жерлерін азат ету ұрыстарына қатысқан. «Қызыл Жұлдыз», 3-дәрежелі «Даңқ» ордендерімен марапатталған. 1945 жылы 10 сәуірде Кенигсберг қаласы түбінде Төлен басқарған бөлімше жау танкілеріне қарсы шайқасты. Осы ұрыста Төлен гранатаны кеудесіне қысқан бойы жау танкісінің астына жата қалып, өзімен бірге танкіні жарып жібереді. Осындай ерлігі үшін оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

ЛУГАНСКИЙ СЕРГЕЙ ДАНИЛОВИЧ

Луганский Сергей Данилович (1918 – 1977) – Кеңес Одағының Батыры атағын екі мәрте алған қазақстандық ұшқыш. 1918 жылы 10 ақпанда Алматы қаласында дүниеге келген. Ол Орынбордағы ұшқыштар мектебінде, Мәскеудегі әскери-әуе академиясында білім алған. 1939 – 40 жылдар аралығында кеңес-фин соғысына қатысқан. II Дүниежүзілік соғыс кезінде Луганский ұшу сапарына 390 рет шығып, жаудың 37 ұшағын атып түсірді. Соғыстан кейінгі жылдары КСРО Қарулы Күштерінің Әскери-әуе күштері саласында әр түрлі жоғарғы басшылық қызметтерде болды.



▲ С. Д. Луганский



▲ Н. Әбдіров

НҰРКЕН ӘБДІРОВ

Өшпес ерлік жасап, Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақстандықтардың бірі – әскери ұшқыш Нұркен Әбдіров. Ол 1919 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында туылған. 1942 жылы шабуылдаушы ұшқыш Нұркен Әбдіров майданға жіберіледі. Алғашқы әуе шайқасына 23 қазанда қатысып, екі айға жетер-жетпес уақыт ішінде 16 рет әскери-әуе жорығына араласты, жаудың 12 танкісін, 28 автомашинасын және т.б. техникаларын, 50-ге тарта солдаты мен офицерін жойды. 1942 жылы 19

желтоқсанда Ростов облысы Боков ауданындағы Коньков хуторына шоғырланған жау танкілері мен автомашиналарына жасалған шабуылға қатысты. Шабуыл кезінде Нұркен Әбдіровтің ұшағы отқа оранды. Осыдан кейін ол ұшағын бұрып әкеліп, жау танкілерінің шоғырына соғады. Нұркен Әбдіровке әскери міндетін атқару кезінде көрсеткен мұндай өшпес ерлігі үшін 1943 жылы 31 наурызда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



▲ С. Баймағамбетов

СҰЛТАН БАЙМАҒАМБЕТОВ

Сұлтан Баймағамбетов 1920 жылы Қостанай облысы Әулікөл ауданы Қояндыағаш ауылында туылған. 1940 жылы әскер қатарына алынып, 1941 жылдың маусым айынан бастап Ұлы Отан соғысына аттанды. Алдымен мергендер ротасында, кейіннен пулеметшілер бөлімшесінде қызмет етті. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) түбіндегі ұрыстарда 50-ден астам дұшпанның көзін жойды. Өзі де 4 рет жараланған. 1943 жылы 25 шілде күні болған шайқаста жау дзотын кеудесімен жауып тұншықтырып, ерлікпен қаза тапты.

1944 жылы 21 ақпанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының шешімімен Сұлтан Баймағамбетовке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

ПАВЛОВ ИВАН ФОМИЧ

Павлов Иван Фомич 1922 жылы Қостанай облысының Мендіқара ауданында дүниеге келген. 1942 жылы Чкалов атындағы әскери-әуе ұшқыштары мектебін, 1949 жылы М.В. Фрунзе атындағы Әскери академияны бітірді. 1942 жылдың желтоқсан айынан Ұлы Отан соғысына аттанды. Жауынгерлік ұшу сапарына 200-ден астам рет шығып, өзі жаудың 3 ұшағын қиратты. 1944 және 1945 жылдары екі рет Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Соғыстан кейін авиация полкін басқарды. Павлов 1950 жылы қызмет барысында қаза тапты. 2 рет «Ленин» орденімен, т.б. көптеген ордендермен және медальдармен марапатталды. Қостанай қаласының орталық алаңына Павловтың қола мүсіні орнатылған.



▲ И. Ф. Павлов

ТАЛҒАТ БИГЕЛДИНОВ

Талғат Бигелдинов – Ұлы Отан соғысында екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақстандық ұшқыштардың бірі. Ол 1922 жылы 5 тамызда Ақмола облысы Ақкөл ауданы Майбалық ауылында дүниеге келеді. Соғыс басталғаннан кейін Саратов, Чкалов қалаларындағы ұшқыштар мектептерінде оқиды. 1943 жылдың ақпанынан майданға жіберіліп, сол жылғы 7 наурызда «Ил-2» шабуылшы ұшағымен жаудың «Мессершмит-109» жойғыш ұшағын атып түсірді. Бұл ерлігі бұрын-соңды кездеспеген оқиға ретінде әлемдік авиация тарихына енді. Соғыс кезінде ол 305 рет жауынгерлік тапсырмамен ұшып шығып, жаудың жүздеген танктерін, зеңбіректері мен солдаттарын жойды. Әуе шайқастарында фашистердің 7 ұшағын атып түсірді. Соғыстан кейін әскери-әуе күштерінде қызмет істеді. Бигелдинов «305 рейдов», «Ил-ы атакуют», «Аспандағы айқас» атты естелік кітаптар жазды.



▲ Т. Бигельдинов

БЕДА ЛЕОНИД ИГНАТЬЕВИЧ



▲ Л. И. Беда

Беда Леонид Игнатьевич 1920 жылы 16 шілдеде Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Новопокровка ауылында дүниеге келген. Кеңес Одағының Батыры атағын екі мәрте иеленген. Жоғары ұшу-тактикалық мектебін, Әскери-әуе күштері академиясын және Бас штаб әскери академиясын бітірген. Беда Чкалов атындағы 1-ші (қазіргі Орынбор) әскери-авиация училищесін 1941 жылы жылдам ұшатын бомбалаушы ұшақ ұшқышы мамандығы бойынша бітіргеннен кейін «Ил-2» шабуылшы ұшағына мамандану үшін училищеде қалдырылады. 1942 жылы 16 тамызда Сталинград майданында соғысқа кіреді. Ол соғыс кезінде 214 рет жауынгерлік тапсырма алған. Оның 154-інде ұшақтарға өзі жетекшілік еткен. Соғыстан соң Беда әскери қызметтерде жұмыс атқарды. Көптеген орден, медальдармен марапатталған. 1976 жылы автомобиль апатынан қаза болған.

ҚОШҚАРБАЕВ РАҚЫМЖАН

Рақымжан Қошқарбаев – Берлинде Рейхстаг қабырғасына алғашқылардың бірі болып жеңіс туын тіккен қаһарман қазақ жауынгері. 1924 жылы 19 қазанда Ақмола облысы Ақмола ауданында туылған. 1942 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылып, Фрунзе (қазіргі Бішкек) жаяу әскер училищесін бітірді. 1944 жылдың қазан айынан ол 1-Белорусь майданында взвод командирі болды. Лейтенант Рақымжан Қошқарбаев 1945 жылдың сәуірінен Берлинге шабуыл жасаған кеңес әскерлерінің алдыңғы сапында болып, Рейхстагты алу ұрысында асқан ерлік көрсетті. 30 сәуірде ол жауынгер Г.Булатовпен бірге Рейхстагқа бірінші болып жетіп, оның қабырғасына жалау қадады. Соғыстан кейін елімізге оралып түрлі қызметтер атқарды. «Қызыл Ту», 1-дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және медальдармен марапатталды.



▲ Р. Қошқарбаев

ТӨЛЕГЕН ТОҚТАРОВ



Тоқтаров Төлеген (1920 – 1942) – Кеңес Одағының Батыры. Ол 1920 жылы Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Қарақұдық ауылында дүниеге келген. Соғысқа дейін Лениногор полиметалл комбинатында жұмыс істейді. Ұлы Отан соғысы жылдарында Төлеген Тоқтаров 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы қатарында болды. 1942 жылы 9 ақпанда Бородино үшін болған ұрыста асқан ерлікпен қаза тапты. Тоқтаров туралы композиторлар Р.Елебаев «Жас қазақ» әнін, А.Жұбанов пен Л.Хамиди «Төлеген Тоқтаров» операсын жазды. Лениногор қаласында оған ескерткіш орнатылды. Алматы, Өскемен қалаларында Төлегеннің есімімен аталған көшелер бар.

ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВА

Молдағұлова Әлия Нұрмұхамедқызы (1924 – 1944) – қаһарман қазақ қызы, Кеңес Одағының Батыры. Әлия 1924 жылы 20 сәуір күні Ақтөбе облысы Қобда ауданында дүниеге келген. Анасы Маржан қайтыс болғаннан кейін нағашысы Әубәкір Молдағұловтың қолында тәрбиеленіп, Санкт-Петербургтегі №9 мектепте оқыған. 1941 жылы Ресейдің Рыбинск авиатехникумын бітірген. 1942 жылы өз еркімен Қызыл Әскер қатарына алынып, мергендер мектебін үздік бітіріп шығады. 1943 жылдың тамызынан



▲ Ә. Молдағұлова

2-ші Прибалтика майданында 26-шы атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысып, асқан мергендігімен көзге түседі. Ефрейтор Молдағұлова Новосокольники темір жол бекетінің маңында болған ұрыста жауынгерлерді шешуші шайқасқа бастап, қаһармандықпен қаза табады. Санкт-Петербург, Мәскеу қалаларындағы және көптеген облыстардағы ондаған мектептер, көшелер Молдағұлованың есімімен аталады. Новосокольники, Алматы, Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе қалаларында және туған ауылында ескерткіш орнатылған. Ақтөбе қаласында Молдағұлованың мемориалдық мұражайы жұмыс істейді. Мәскеудің № 891 орта мектебі жанында мұражайы бар.

МӘНШҮК МӘМЕТОВА



▲ М. Мәметова

Мәметова Мәншүк (шын есімі – Мәнсия) Жиенғалиқызы (1922 – 1943) – қаһарман қазақ қызы, Кеңес Одағының Батыры. Мәншүк 1922 жылы Батыс Қазақстан облысы Орда ауданында туылған. Ата-анасынан ерте айырылған Мәншүк балалық, жастық шағын Алматыда Ә.Мәметовтың тәрбиесінде өткізеді. Ұлы Отан соғысы басталған кезде Алматы медициналық институтында оқып жүрді. 1942 жылы тамызда Қызыл Әскер қатарына алынып, 21-ші атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысты. Аға сержант, пулеметші Мәншүк Мәметова ұрыстарда өзінің асқан мергендігімен және табанды батылдығымен көзге түсті. Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші ұрыста Мәметова ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза тапты. Туған жерінде оған ескерткіш орнатылған, Невель, Алматы, Орал, т.б. қалаларда Мәншүк Мәметованың атында көшелер бар.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

Момышұлы Бауыржан (1910 – 1982) – жазушы, даңқты жауынгер, гвардия полковнигі, панфиловшы, Кеңес Одағының Батыры (1990), Қазақстанның Халық Қаһарманы (1995). Мектепті бітірген соң соғысқа дейін мұғалім, ауатком хатшысы, милиция бастығы болып қызмет істеген.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен генерал-майор И.В. Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316-шы атқыштар (8-гвардиялық) дивизиясы құрамында майданға аттанады. Батальон, полк командирі болады. Соғыстың соңғы жылдарында осы гвардиялық дивизияны басқарады. 1950 жылы Кеңес Әскері Бас штабының жанындағы Жоғары әскери академияны бітіріп, әскери академияда сабақ береді және тұрақты әскери қызмет атқарады. 1956 жылы демалысқа шығып, өмірінің соңына дейін шығармашылық жұмыспен айналысады. Ол еңбектерін қазақ, орыс тілдерінде жазған. Оның «Артымызда Москва», «Генерал Панфилов», «Ұшқан ұя», «Төлеген Тоқтаров», «Соғыс психологиясы», «Офицер жазбалары», т.б. туындылары бар. Шығармалары бірнеше рет шет тілдеріне аударылды. Бауыржан Момышұлының есімі ауылдарға, көшелерге, Республикалық әскери балалар мектебіне, т.б. берілген.



▲ Б. Момышұлы

ДОСПАНОВА ХИУАЗ ҚАЙЫРҚЫЗЫ

Доспанова Хиуаз Қайырқызы (1922 – 2008) – қазақтан шыққан алғашқы ұшқыш жауынгер қыз. 1922 жылы Атырау облысына қарасты (бұрынғы Гурьев облысы) Құрманғазы ауданындағы Зормата ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Хиуаз мектепте оқып жүргенінде ұшқыш куәлігін алады. 1940 жылы мектепті алтын медальмен бітіріп, Мәскеудегі дәрігерлік институтқа түседі. Бірінші курсы бітіргеннен кейін өз еркімен майданға кетеді. Ол әскери ұшақты меңгеруді, жау тылында түнде шабуылға шығуды, әскери операцияларды қалай



▲ Х. Доспанова

бастап, қалай аяқтауды Саратовтағы әскери ұшқыштар училищесінде оқып үйренеді, өзінің ұстазы саналатын атақты Марина Михайловна Раскованың мол тәжірибесімен машықтанады.

Соғыс жылдары әйгілі 588-ші түнгі бомбалаушы полкінің құрамында соғысқан. Осы полктің әйел ұшқыштарының батырлығы үшін немістер оларға “Түнгі мыстандар” деген ат қойған. Хиуаз Наталья Меклина, Раиса Аронова, Александра Хорошилова, Евгения Жигуленко атты әріптестерімен бірге жауынгерлік тапсырмамен 300-ден астам рет аспанға көтеріліп, жаудың төбесіне жасын ойнатқан.

Ерлігі үшін Хиуаз Доспанова Қызыл Жұлдыз, Отан соғысының 2 дәрежесі, Қызыл Жалау ордендері және көптеген медальдармен марапатталды. Соғыстан кейін Хиуаз Доспанова қоғамдық, партиялық органдарда қызмет жасады.

Жеңістің 60 жылдығында Қазақстан Президентінің Қаулысымен оған «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

Даңқты жерлесіміздің орыс тілінде «Под командованием Расковой», қазақ тілінде «Халқым үшін» деген өзінің жазған кітаптары жарық көрген.

▼ Ә. Молдағұлова мен М. Мәметова ескерткіші



50-ші жылдары Қазақстанда тағы бір маңызды оқиға болды. 1955 жылы қазақ даласында Байқоңыр ғарыш айлағының құрылысы басталды.

Бір қызығы, XIX ғасырда осы жерді адамды опат қылатын орын санап, патша билігіне қажетсіз жандарды осында жер аударған.

1957 жылы Байқоңыр ғарыш айлағынан бірінші жасанды Жер серігі ұшырылды. Ол бүкіл әлемге қазақтың Байқоңыры Жер планетасындағы алғашқы ғарыш айлағы екендігін әйгіледі.

1961 жылы Байқоңырдан дүние жүзінде алғаш рет бортында адам бар зымыран ұшырылды. Ол бірінші ғарышкер Юрий Александрович Гагарин болатын.

Бүгінгі күні Байқоңырдан ғарыш кеңістігіне жаңа экипаждар ұшырылуда. Жерді ғарыштан алғашқы қазақ ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев бақылады.

ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВ

Әубәкіров Тоқтар Оңғарбайұлы – қазақтың тұңғыш ғарышкері, Т. Әубәкіров – техника ғылымдарының докторы (1998), профессор (1997), Кеңес Одағының еңбек сіңірген ұшқыш-сынақшысы (1990), авиация генерал-майоры (1992), Кеңес Одағының Батыры (1988), Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы (1995), Қазақстан Республикасының ұшқыш-ғарышкері (1995).

Тоқтар Әубәкіров 1946 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы «Бірінші май» ауылында туылған.

1969 жылы ол Ресей Федерациясындағы Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін бітіреді. 1976 жылы Мәскеу ұшқыш-сынақшылар мектебін, 1979 жылы Мәскеу авиация институтын тәмамдап, 1976 – 92 жылдар аралығында Мәскеудегі А.И. Микоян атындағы тәжірибелік-конструкторлық бюросының ұшқыш-сынақшысы болып қызмет істейді. 1991 жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшып (1991 жылы 10 қазанда Жерге оралады), «Мир» орбиталық кешенімен түйіседі. Онда ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал теңізі аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Сондай-ақ Қазақстан аумағындағы атмосфераны және жер бетін зерттеу, жұлдызды аспанды астрофизикалық бақылау жұмыстарын да ойдағыдай өткізеді.

1992 – 93 жылдары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1-і орынбасары, 1993 – 94 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Аэроғарыштық агенттігінің



▲ Тұңғыш ғарышкер – Т. Әубәкіров



бас директоры, Ғылым және жаңа технология министрінің орынбасары, 1994 – 95 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы болды. 1996 – 2000 жылдары ҚР Президентінің кеңесшісі, 2002 жылдан «Испат-Кармет» ААҚ-ның корпоративтік істер жөніндегі директоры қызметтерін атқарды. 2004 жылдан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. Авиация саласындағы, ғарышты игерудегі ерен еңбегі үшін Ленин Орденімен және көптеген медальдармен марапатталған.

ТАЛҒАТ МҰСАБАЕВ

Мұсабаев Талғат Амангелдіұлы – Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұшқыш-ғарышкері. Мұсабаев 1951 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарғалы ауылында туылған. Ол 1974 жылы Рига азаматтық авиация инженерлері институтын және 1993 жылы Ақтөбе жоғарғы ұшқыштар училищесін бітірді. Алматы облысындағы азаматтық авиация әуе қатынастарының Боралдай авиатобында инженер болып еңбек етті. 1987 жылдан АН-2 ұшағының 2-і ұшқышы, командирі болды. 1989 жылы Ульяновск (қазіргі Тольятти қаласы) қаласындағы ұшқыштар, диспетчерлер және инженер-техник кадрларын дайындау орталығын бітіріп, Алматы біріккен авиатобының 1-і ұшу тобында ТУ-134 ұшағының 2-і ұшқышы болды. ▲ Т. Мұсабаев



1990 жылы Ю.А. Гагарин атындағы ғарышкерлер дайындау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісті. 1991 жылы Мұсабаевқа «Ғарышкер-сынақшы» біліктілігі берілді. 1994 жылы 1 маусымнан 4 қарашаға дейін (ұзақтығы – 127 тәулік) «Союз-ТМ» ғарыш кемесінде борт-инженер ретінде ғарышта болып, ашық ғарыш кеңістігіне (жалпы ұзақтығы – 11 сағ 06 мин) шықты. Ұшу кезінде қазақстандық ғылыми-зерттеу жұмыстарының 2-і бағдарламасын орындады. 1998 жылы 29 қаңтар мен 25 тамыз аралығында (ұзақтығы – 208 тәулік) «Союз-ТМ-27» және «Мир» ғарыш кемелерінің кеме командирі ретінде ғарышта болды. Ұшу кезінде 5 рет (жалпы ұзақтығы – 30 сағ 08 мин) ашық ғарыш кеңістігіне шықты. Мұнда ғылыми-зерттеулер мен тәжірибелердің қазақстандық 3-і бағдарламасын орындады. 2001 жылы 28 сәуір мен 6 маусым аралығында «Союз-ТМ-32» ғарыш кемесімен Халықаралық ғарыштық станциясына барған бірінші экспедицияның экипаж командирі болды. Бұл ұшу кезінде ғылыми-зерттеулер мен тәжірибелердің қазақстандық 4-і бағдарламасын орындады. Мұсабаевқа Қазақстан Республикасының «Халық қаһарманы» және Ресей Федерациясының Батыры атақтары берілді.



Желтоқсан көтерілісі – 1986 жылы 16 – 19 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық қимылдары. Көтерілістің басталуына Мәскеудегі орталықтың республика халқының пікірімен санаспастан Ресейдің Ульянов облыстық партия комитетінің 1-ші хатшысы Г.В. Колбинді Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1-ші хатшысы етіп тағайындауы түрткі болды. 17 желтоқсан күні таңертеңгі сағат 8-де қаладағы Л.И. Брежнев атындағы алаңға (қазіргі Республика алаңы) саяси тәуелсіздікті талап еткен ұрандармен алғашында 300-дей адам жиналып, кешкісін көтерілісшілер саны 20 мыңға жетті. Бірақ көтерілісшілердің қойған талап-тілектері аяқ асты етіліп,

«бұзақыларды» күшпен тарату мақсатында алаңға құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен арнайы әскери күштер тобы жеткізілді. КСРО Ішкі Істер министрлігінің №0385 бұйрығы негізінде дайындалған «Құйын – 86» операциясы бойынша көтеріліс қатыгездікпен басып-жаншылды. 18 желтоқсан күні алаңға қайта жиналмақ болған көтерілісшілерге қарсы әскер күші қолданылды. Көтерілісшілердің қалған топтарын ығыстыру үшін жедел топ, милиция мен жасақшылардан арнайы топтар құрылып, қала көшелеріне аттандырылды. Осы әскери күштер 19 желтоқсан күні қаланың әр тұсында қайтадан шеруге шықпақ болған 6 топты басып, таратты. Алаңдағы көтерілісшілер таратылған соң ішкі істер бөлімдеріне 2401 адам жеткізілген (Алматы түрмесіне сыймағандықтан, қала сыртына апарып тасталғандарды қосып есептегенде барлығы 8,5 мың адам ұсталған). Желтоқсан құрбандарының қатарында Е.Сыпатаев, С.Мұхамеджанова, К.Молданазарова, Қ.Рысқұлбеков, М.Әбдіқұлов, Л.Асанова сынды ержүрек қазақ жастары бар. Желтоқсанның 19 – 23 аралығында халықтың наразылық шерулері мен митингілер Қазақстанның Жезқазған, Талдықорған, Көкшетау, Қарағанды, Арқалық, Павлодар, Жамбыл, Талғар, Сарқант, т.б. қалалары мен Сарыөзек, Шамалған, Шелек елді мекендерінде жалғасты.



▲ Республика алаңындағы бейбіт меріз

Желтоқсан көтерілісіне Кеңестер Одағы Коммунистік Партиясының (КОКП) Орталық Комитетінің қаулысымен «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деген баға беріліп, көтеріліске қатысқан азаматтар қуғын-сүргінге ұшырады. Тоталитарлық, отаршыл саясатқа қарсы қазақ жастарының азаттық күресі тарихи маңызы бар үлкен оқиға болды. Қазақстан тәуелсіздігін алған соң Желтоқсан көтерілісі туралы шындық қалпына

Желтоқсан көтерілісіне Кеңестер Одағы Коммунистік Партиясының (КОКП) Орталық Комитетінің қаулысымен «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деген баға беріліп, көтеріліске қатысқан азаматтар қуғын-сүргінге ұшырады. Тоталитарлық, отаршыл саясатқа қарсы қазақ жастарының азаттық күресі тарихи маңызы бар үлкен оқиға болды. Қазақстан тәуелсіздігін алған соң Желтоқсан көтерілісі туралы шындық қалпына



келтіріліп, бұл жөнінде «Желтоқсан. 1986. Алматы» (құрастырғандар – Т.Өтегенов, Т.Зейнәбілов), «Желтоқсан құрбандарын жоқтау», «Ер намысы – ел намысы» жинақтары, К.Тәбейдің «Мұзда жанған алау», Т.Бейісқұловтың «Желтоқсан ызғары» кітаптары мен «Желтоқсан» (бас редакторы – Х.Қожа-Ахмет) газеті жарық көрді, «Аллажар» (1991, реж. Т.Теменов), «Қызғыш құс» кинофильмдері түсірілді.

ҚАЙРАТ РЫСҚҰЛБЕКОВ

Рысқұлбеков Қайрат Ноғайбайұлы – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің қаһарманы. Қайрат Рысқұлбеков 1966 жылы Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Бірлік ауылында дүниеге келген. 1973 – 81 жылдары Шу ауданы Төле би ауылында С. Шәкіров атындағы мектеп-интернатта 8 жылдық білім алады. 1981 – 83 жылдары Бірлік ауылындағы орта мектепті бітіреді. 1984 – 86 жылдары Амур өлкесі Белогор қаласында әскери міндетін өтейді. 1986 жылы әскери бөлімшенің жолдамасымен Алматыдағы Сәулет-құрылыс институтына оқуға түседі. Осы жылы 16 – 18 желтоқсанда болған қазақ жастарының отаршылдық және әміршілдік жүйеге қарсы көтерілісіне белсене қатысады. Бірақ көтеріліс жаншылғаннан кейін 1987 жылдың қаңтарында Ішкі істер органының қызметкерлері «Алматыда бір төбелеске қатысты» деген желеумен Қайратты қамауға алады. Кейіннен, көпшілікке мәлім болғандай, тергеушілер неше түрлі айла-шарғылар қолдана отырып, оны С. Савицкийдің өліміне кінәлі етеді. Қазақ КСР-сы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі коллегиясының төрағасы Е.Грабарниктің 1987 жылы 16 маусымдағы Үкімімен Рысқұлбеков ең жоғары жаза (өлім) – ату жазасына бұйырылды. Зиялы қауым өкілдері КОКП Бас хатшысы Горбачев пен КСРО Жоғары Кеңесі Төралқасының төрағасы Громыконың атына Рысқұлбековтың жазасын жеңілдету туралы өтініш жолдады. Кейінен ату жазасы амалсыздан 20 жылға бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылды. Бірақ Шу, Қарағанды темір жол бекеттері арқылы Рысқұлбеков Семей түрмесіне жеткізіліп, құпия жағдайда оның өміріне қастандық жасалды.

Желтоқсан көтерілісінің құрбаны болған Рысқұлбеков еліміз егемендік алғаннан кейін Қазақстан Жоғарғы Соты Пленумының 1992 жылғы 21 ақпандағы шешімімен ақталды. Оған «Халық қаһарманы» атағы берілді.



▲ Қ. Рысқұлбеков



◀ “Желтоқсан құрбандары”



СЫПАТАЕВ ЕРБОЛ

Сыпатаев Ербол Мұқажанұлы – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің құрбаны. Ол 1964 жылы Алматы облысы Панфилов ауданы Еңбекші ауылында дүниеге келген. Е. Сыпатаев орта мектепті бітіргеннен кейін 1981 – 82 жылдары кеңшарда жүргізуші болып істейді. 1982 – 84 жылдары Кеңес Әскері қатарында болады. 1985 жылы Алматыдағы Энергетика институтына (қазіргі Алматы энергетика және байланыс институты) оқуға түседі.

1986 жылы 16 – 18 желтоқсанда болған қазақ жастарының отаршылдық-әміршілдік жүйеге қарсы көтерілісіне белсене қатысады. 18 желтоқсан күні ауыр жараланып ауруханаға түсіп, 23 желтоқсан күні сонда қайтыс болады. Мәйітін ауылына Ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері арнайы қарауылмен апарған. Қазақстан тәуелсіздік алған соң ғана Сыпатаев жөніндегі шындық айтыла бастады. Ол туралы баспасөз беттерінде, Желтоқсан көтерілісіне байланысты жарық көрген жинақтар мен кітаптарда жазылды. Жаркент қаласындағы бір көшеге (1995), ауылындағы оқыған мектебіне (1998) Сыпатаевтың есімі берілді.

ЛӘЗЗАТ АСАНОВА

Асанова Ләззат Алтынайқызы (27.07.70, Алматы облысы Панфилов ауданы Ақжазық ауылы – 25.12.86, Алматы) – Желтоқсан көтерілісінің құрбаны. 1985 жылы Алматы қаласына келіп, П. Чайковский атындағы музыкалық училищеге оқуға түседі. 1986 жылы 16 – 18 желтоқсан күндері болған қазақ жастарының отаршылдық және әміршілдік жүйеге қарсы көтерілісіне қатысады. Ол Орталықтың билеп-төстеушілігіне наразылық білдіріп, қаладағы Жаңа Алаңға (қазіргі Республика алаңы) алғашқы ереуілшілер қатарында «Қазақтар! Кіріптарлық құлдықта өмір сүргеніміз жетеді! Біз еліміздің тәуелсіздігін жеңіп алған кезде ғана азат бола аламыз!» деген ұранға қосылып шығады. Көтеріліс қатыгездікпен жанышталғаннан кейін басқа да ұсталған 87 адам қатарында Асановаға айып тағылып, қамауға алынады.



▲ Л. Асанова

1986 жылғы 16 – 18 желтоқсанда Алматы қаласында болған оқиғаларға түпкілікті баға беру жөнінде республика Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы құрған комиссия мүшесі Ф. Игнатовтың мәліметтеріне қарағанда, Ләззаттың мәйіті бірнеше күннен кейін музыкалық училище жатақханасынан табылғанда, ол туралы «жатақхананың



ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ 167


бесінші қабатынан құлап өлген» деген қауесет таратылған. Дегенмен, Асанованың денесін туған ауылына дейін Ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері арнайы қарауылмен апарған. Осыған қарағанда, ол жазалаушылар қолынан қаза тапқан. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан соң ғана Асанова жөніндегі шындық қалпына келтіріле бастады. Ләззаттың ерлігіне арналған ән («Қаһарман қыз – Ләззат қыз». Музыкасы – Ж. Тұрсынбаевтікі, өлеңі – Ө. Асылбектікі) жарық көрді.



▲ Желтоқсан оқиғасынан көріністер



ҰЛЫ ДАЛА МӘДЕНИЕТІ





Көшпенділердің наным-сенімі

КӨК ҚҰДАЙЫ – ТӘҢІР

Тәңірдің жаралуы туралы миф

Бағзы замандарда Ұлы Даланы мекендеуші көшпелілер Көк Құдайы – Тәңірге сенген. Осыған орай, олардың ұстанған діні «тәңіршілдік» деп аталған.

Тәңір – дүниедегі жан иелерін жаратушы, тіршілік лебін үрлеуші Бас Құдай. Бірақ ол пайда болғанға дейін ғаламды бұлдыраған тұман, буырқанған мұхит басып жатқан. Бабаларымыз – ежелгі түркілердің мифтерінде әлем осы мұхиттан жаратылған делінген. Ол былай суреттеледі: «... Баяғыда көк те, жер де болмаған, тек бір ғана шетсіз-шексіз мұхит болған. Күндердің бір күнінде мұхиттың ортасында Ақ Жарық көрініп, одан нұр шашқан алтын жұмыртқа шыққан. Оның ішінде күллі әлемнің болашақ түп атасы – Тәңір жаралған.

Тәңір өте ұзақ, миллиондаған жылдар бойы ұйықтады. Ақыры, бір күні оянды да, жұмыртқаның қабығын жарып сыртқа шықты. Жұмыртқаның үстіңгі жағынан Көкті жаратты, ал төменгі бөлігінен Жерді жасады. Көк Жерге құлап кетіп, жер жүзінде тағы да аласапыран орнамас үшін Тәңір олардың арасына темір қазық қойды. Ол Аспан таяғы – Темірқазық жұлдызы. Тәңір Темірқазыққа Көк жүзін айналып жүретін аспан арғымақтарын – жұлдыздар мен шоқжұлдыздарды байлап тастады».



Тәңір – ең жоғарғы Құдай

Көк пен Жерді жаратып, оларды бір-бірінен ажыратқан соң, Тәңір өмірге ұрпақ келтіру үшін өзі еркек пен әйелге бөлінеді. Құдай-әйелді ол Ұмай Тәңір деп атап, оны Сумер тауының ұшар басына, сүтті көлі (Сүткөл) бар Аспан тауының қия шыңына қондырады.

Көк жүзінде жол қалдыра сарқырай ағып, Сүткөлге құятын жұлдыздар жолы, Құс жолы – осы Ұмай Тәңір-Ананың сүті.

Тәңірдің құдіреті мен күш-қуаты шексіз, оның аузынан шыққан әрбір сөз ақиқатқа айналды. Екпіні тау тұрғызып, теңізді толтырды. Демі жел мен бұлттарға, дауысы күннің күркіреген дабылына айналып, оң көзінен Күн, сол көзінен Ай жаратылды. Жерге нөсер,



жаңбыр жіберіп, найзағай шатырлатып, өзі жаратқан Құдайлар мен адамдардың өмір сүруіне бөгет жасайтын жын-шайтандарды жасынмен соғып жайратты.

Тәңір – ең жоғарғы Құдай. Басқа Құдайлар оның әмірін екі етпей, ықтиярына бағынған.

Адамдардың да тағдыры Тәңірдің қолында, қашан туып, қалай өмір сүретіні және қай кезде өлетіні де тек оған ғана мәлім. Ал оларды ақиқат жолына салып, әрі сынау үшін Жер бетіне өзі қалаған пайғамбарларын жібереді. Сондықтан Адам өзінің барлық тілеулері мен құлшынысын Көк Құдайы – Тәңірге деген сенімімен үйлестіруі керек.

ОТ-АНА

От – Ұмай Тәңір-Ананың адамға сыйлаған жылуы мен ризығын бейнелейтін құдірет (ежелгі түркілер солай деп санаған). От түркілерде (баяғы заманда да, қазір де) әулие ретінде қастерленіп, қасиет тұтылған.

От-Ана құдайы Ұмай Тәңір-Ананың табанынан жаралған. Оның әкесі – құрыш, шешесі – шақпақ тас. От-Ана адамның үйінде, ошағында өмір сүреді. Адамдардың жаратылып, өмірге келуі От-Ананың желеп-жебеуімен болады.

Мифке сәйкес, отты ағаштан бірінші болып шығарған Надулуша пайғамбар. Отқа түкіруге, қоздап жанып жатқан шоқты басуға, ошақтағы отты өшіруге болмайды.

Қазақтардың отбасында жаңа түскен жас келін алғаш табалдырықтан аттағанда, күйеу жігіттің анасы немесе басқа бір егде әйел алақанын отқа жылытып, сонымен қалыңдықтың бетін сипаған...





Соғыс кезінде жауынгерлер халқының алдында адал болуға ант беру рәсімін өткізу үшін екі жерге от жағып, жас сарбаздарды «екі оттың» ортасынан өткізіп, қаруларын сүйгізген.

Басқа бір елдің елшісін дала әміршісіне (қағанға, ханға немесе сұлтанға) кіргізбес бұрын оны да екі оттың ортасынан өткізіп, отпен аластайды. Аластау рәсімінен кейін ондай адам жамандық жасай алмайды деп саналған. Егер елші жанып жатқан екі алаудың ортасынан өтуге қарсылық етіп қасарысса, онда оның сынақтан өтпегені. Мұндай жағдайда арам ниетті адам деп танып, оны өлтіріп жіберуі де әбден мүмкін. XIII ғасырда орыс князі Михаил Алтын Орда әміршісі Бату ханның ордасына кірер алдында аластау рәсімін орындаудан бас тартып, сол үшін өлімге кесілген.

ЖОЛДАРДЫҢ АҚ ЖӘНЕ ҚАРА ҚҰДАЙЛАРЫ

Көкте жол құдайлары, ағайынды екі жігіт – Алажол Тәңір мен Қаражол Тәңір тұрады. Бұлар көшпелілер үшін өте маңызды құдайлар. Алажол Тәңір – таң шапағының, жарық күннің ұлы. Қаражол Тәңір – түннің ұлы. Алажол таң сәріден аттанып, адамдарға жарық пен нұр-шуақ сыйлайды, күш-қуат беріп, өмірлерін ұзартады. Қаражол өз бауырының соңынан жүреді. Ол тек түнде ғана сапар шегеді. Күндіз жіберілген олқылықтарды түзетеді, науқастарды емдейді, жалқаулар мен жалған айтуға жаны құмарларды жазалайды. Құдайлар Тәңірдің жарлығын орындап, оның өмірлерін адамдарға жеткізіп отырады.





ЖЕР-СУ

Жердің қақ кіндігінде әлемдік Сумер тауы (немесе Хан Тәңір) тұр. Бұл – ежелгі түркілердің Олимпі. Онда құдайлар мен біздің ата-бабаларымыздың аруақтары мекен етеді. Таудың ортасында Жер мен Көк түйіседі. Олардың тоғысқан жерінен алтын бұтақты, алқа жапырақты Бәйтерек өсіп шыққан. Бәйтеректің ұшар басы Үлкен Тәңір мекендейтін Жоғарғы әлемге жетеді.

Сумер тауында жер мен судың иесі – Жер-Су тұрады. Ол – басты киелілердің бірі.

Сүткөлдiң шығысына қарай суы қызыл көл орналасқан. Бұл көл жай көзге көрінбейді екен. Сол суда Кер Балық, яғни теңіз жануарларының иесі тіршілік етеді. Оның ішінде жан-ұрықтар жаратылады. Кер Балық қажеттілігіне орай жан-ұрықтарды Жер-Суға беріп отырады. Жер-Су өз кезегінде оларды Жайыққа табыстайды.

Жайық Жер-Су берген жан-ұрықтарды От-Анаға табыстайды. Осыдан кейін От-Ананың желеп-жебеуімен тіршілік иелері жаратылады.



ҮЛКЕН ТӘҢІР МЕН ЕРКІЛІК

Әлемді бір-біріне қарама-қайшы екі құдірет билейді. Соның мейірімдісі – Үлкен Тәңір және оның мәңгілік бітіспес жауы – Еркілік (жамандық құдайы). Бұлардың екеуіне де көптеген жын-перілер бағынады. Үлкен Тәңірге ізгі ниетті – ару немелер, Еркілікке қара ниетті – қара немелер бағынышты.

Үлкен Тәңір – өте ақпейіл әрі мейірбан Құдай. Ол адамға еш уақытта жаманшылық жасамайды. Еркілік сайтан – Үлкен Тәңірдің мәңгілік





қас дұшпаны. Ол адамға қаскүнемдік жасамай тұра алмайды. Кейде адамға қарсы арамдықтарын тоқтатқандай болады да, аз уақыттан соң қитұрқысын қайта бастайды. Жер бетіндегі барлық бәле-жала Еркілік сайтаннан шығады.

ЕРКІЛІКТІҢ ОН СЕГІЗ ТОЗАҒЫ

Үлкен Тәңір Еркілікті жер астына айдап түсіргеннен кейін Үш Құрбыстан оған өлгендердің жандарын сотқа тартып, жазалауды тапсырады. Осылайша барлық өлгендердің тағдыры Еркіліктің қолына көшеді.

Еркілік қара темір сарайда тұрды. Бұл сарай тоғыз өзеннің Тойболдым өзеніне тоғысқан құйылысында орналасқан. Тойболдымның арнасы адамдардың көз жасына толып аққан. Оның үстінен аттың қылынан жасалған көпір тартылған. Оны қыл көпір дейді. Еркіліктің патшалығын мекен еткен өлген адамдардың қисапсыз көп жандары патшалықтан қашуды ойласа, осы қыл көпірге аяқ басқанда-ақ өзенге құлап кетіп, толқындар оны Еркіліктің қапас патшалығына қайтарып әкелер еді.

Жер астында 18 тозақ (тама) бар. Солардың әрқайсысында Еркіліктің жүз мың алшысы қызмет жасап, жер бетін кезіп, өлгендердің жанын аулайды екен. Еркек алшылар – шұтқыр, әйелдері – шүлмұс (албасты) деп аталады.






НЕСТОРИАН ДІНІ

Несториандық ілім – бұл христиан дініндегі алғашқы діни бағыттың бірі. V ғасырда Византияда пайда болған. Негізін Константинополь патриархы (428 – 431) Несторий қалаған. Несторийдің пікірі бойынша, адамды қасиетті Мария ана туған, кейіннен Иса адамға тән әлсіздікті жеңіп, мессия дәрежесіне жеткен.

Несторий ілімі Византия аумағынан қудалауға ұшырады, V ғасырдың соңында сасанидтік иран патшалары барынша қорғаштап, оның Иран жеріне таралуын қолдайды. Несториан дінін ұстанушылардың көпшілігі Иран мен Орталық Азия қалаларынан болатын. VII – VIII ғасырларда несториандық ілім Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларында кең таралды. Осы жерлерден тасқа қашалған көптеген несториан жазулары табылған. Арабтардың жаулап алуынан кейін Иран мен Орталық Азияда несториан ілімінің үгіт-насихаты саябырлады.



МАНИХЕЙЛІК

Манихейлік – христианшылдық пен ежелгі дін – зартуштрашылдықты үйлестіруге тырысқан III ғасырдағы парсы философы Манидің есіміне байланысты шыққан. Манихейлік әмбебап дін ретінде қаралды.

Манихейлік дін Шығыста, Парсы, Үнді, Тибет, Қытай елдерінде және Орталық Азияда, Түркістанда таралған. Ал оның іздерін Еуропадан, барлығынан бұрын Испанияда VI ғасырдан бастап кездестіреміз.

БАҚСЫЛЫҚ

Ата-бабамыздың тарихында бақсылық ерекше орын алған. Бақсылық – шаман дінінің осы күнге дейін жеткен сарқыны. Бақсы деп өзге тылсым әлеммен байланыс орнатып, ондағы түрлі рухтармен байланыс жасай алатын адамды айтқан. Бақсылар «әулиелерді», «аруақтарды», «періштелерді» шақырып, олармен тілдесе алады, адамның жаулары – дәу, пері, шайтан, албасты, жын, марту, т.б.-мен күреседі деген сенімде болған.

Бақысларға тән ерекше қасиеттердің бірі – емшілік (тәуіпшілік). Бақыслардың бәрі қобыз тартып, зікір салып, түрлі емдер жасайды. Оның қамшысы тиген адамның денесіне кірген шайтандар қашып, барлық сырқатынан құлан-таза жазылып кетеді деп сенген.

Бақыслардың өткенді біліп, болашақты болжау қасиеті болады. Олар аруақтар шақыру, қойдың жауырынын пайдалану, құмалақ ашу арқылы болашақты болжаған, өткенді көре білген, адамның ойын оқи алатын болған.

Халық арасында есімі ұмытылмаған әйгілі бақыслар болған. XIV ғасырда жасаған Салтық бақыс туралы ел ішінде талай жырлар мен аңыз-әңгімелер қалды. Себебі бүкіл Дешті Қыпшақта одан өткен білгір бақыс болған жоқ. XVIII ғасырда жасаған әйгілі бақыслар Балақай мен Қойлыбайлар туралы көптеген жырлар мен ғылыми зерттеулер жазылды. Қойлыбай бақыс туралы жырда оның қобызын ат жарысына қосып тойдағы бас бәйгені жеңіп алғаны суреттеледі.

Ислам халық арасында кең етек алып, шаман мәдениеті мен бақысылық өнерін ығыстырғанмен, олардың намыс-сенімдерінде шаман дінінің (тәңіршілдік) ізі сақталып қалды.



ЗАРАТУШТРАШЫЛДЫҚ

Осыдан 3000 жыл бұрын тұңғыш пайғамбарлардың бірі – Заратуштра ең көне алғашқы дін – заратуштрашылдықтың (зороастризм) негізін салған. Заратуштрашылдық Орталық Азияда пайда болып, кейін Иран, Ауғанстан, Үндістан, Ирак, Таяу Шығыс елдері аумағына таралған. Қасиетті кітабы – «Авеста» деп аталады. Заратуштрашылдық екі «мәңгілік бастау» – ізгілік пен зұлымдықты бір-біріне қарама-қарсы қоя отырып, дүниедегі барлық құбылыстарды осылардың күресімен байланыстырады. Бір ғана Жаратушы Ие – Ахура Маздаға сыйынуды уағыздайды. Заратуштрашылдықта отты ерекше қастерлеген. Ислам діні келген соң заратуштрашылдықты ұстанушылар ығыстырылып, олардың бір бөлігі Үндістанға кеткен. Қазір де заратуштрашылдық Үндістан мен Ирандағы кейбір тайпалар арасында сақталған.





ИСЛАМ ДІНІ

Әлемнің түрлі нәсілді, ұлтты, тілді 1 миллиард 800 миллионнан астам халқы ұстанып отырған ислам діні VII ғасырда Жазиратул-л Араб деп аталатын Араб түбегінде дүниеге келді. Аллаһ Тағала қасиетті Құранды осы елдегі Құрайыш тайпасынан шыққан Абдолланың баласы Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарымызға уахи етті. Ислам жаһандағы жанға қайырым, әділдік пен мейірім, игілік пен ізгілік тілейтіндіктен жүректерге жол тапты. Ол адам баласын жақсылық жасап, рухани тазалық пен ізгілік дәнін себуге үндейтін гуманизм діні болғандықтан, VII – VIII ғасырларда-ақ Азия, Африка және Еуропаның да біраз жерлеріне тарап үлгерді. Бірте-бірте жаңа дін Мәуереннаһр деп аталған Орта Азия өлкесіне де жетті. Сөйтіп, ислам IX – X ғасырларда сүнниттік бағытта түркілер әлемінде де нығая түсті.

Қазақ халқы жартылай көшпелі, жартылай отырықшы өмір сүрді. Сондықтан ислам дінінің кең-байтақ елімізге тарауы, қанатын қатайтып, түпкілікті тұрақтауы бірнеше ғасырларға созылды.

Ислам діні, әсіресе, Өзбек хан (1280 – 1342) тұсында ресми дінге айналғандықтан ықпалы күшті болды.

Арғы түркілердің Тәңірі, парсылардың Құдайы, арабтардың Аллаһы әр түрлі тілдерде қолданылғанымен, бір ғана мағына береді. Қазақтар «Тәңір жарылқасын! Құдай сақтасын! Аллаһ Тағала байлық-береке берсін!» деп дуалы сөздердің үшеуін қатар пайдаланады. Осындағы әрбір жағдайда жоғарғы Құдай – Көк құдайы – Тәңір мегзеліп тұр. Мұсылмандықты қабыл алған соңда қазақтар өз тамыр-тектерін, өздерінің басты діні болған тәңіршілдікті ұмытпаған.





ОРАЗА ҰСТАУ

Мұсылмандардың ай есебі бойынша, жыл сайын белгілі мерзімде, яғни тоғызыншы айда – қасиетті рамазан (рамадан) айында мұсылмандар отыз күн ораза ұстайды. Рамазан сөзі «келтіруші» деген мағынаны білдіреді. Бұл айда істеген құлшылық, тұтқан ораза Аллаһ алдындағы күнәлардың кешірілуіне себеп болады деп есептелінеді.

Ораза ұстаудың негізгі себебінің бірі – ашығу арқылы бүкіл іш құрылысын тазарту. Әрі осы айда ораза тұтқан адам рухани тазарып, байиды деген сенім бар.

Ораза тұту исламға дейін де болған, бірақ оны белгілі бір мерзімде емес, қалаған кезінде тұта берген. Ал исламның бекітуі бойынша ішіп-жеуден белгілі бір мерзім арасында тыйылады. Ораза ұстау дегеніміз – отыз күн бойы таң білінгеннен күн батқанға дейін ауызға дәм алмау, су, дәрі-дәрмек ішпеу, темекі тартпау, әдепсіз сөздер айтпау.

Рамазан айы – өте қасиетті ай. Осы айда «Құран Кәрім» түсірілген және періштелер жерге жиі түседі деп есептелінген. Рамазан айында мешітте болып, сонда уақытын өткізу – сауап.

Отыз күн бойы кешке қарай ораза тұтушы адамдар үшін таң атпай тұрып сәресін ішу және күн ұясына кіргеннен кейін ауызды ашу үлкен міндет болып саналады. Сәресін ішу мезгілі кезінде отқа піспеген дәммен, яғни жеміспен (құрма не мейіз), су не болмаса тұзбен ауыз ашады. Күні бойы астан тыйылу дәстүрінен кейінгі осы салт – оразаға ниет еткен адамның денсаулығына жақсы әсер етеді, себебі ораза тұтушы мұсылман баласы бірден асқазанға ауыр тиетін тағамдармен ауыз ашпайды.



◀ Кешкі ауызашар кезінде көршілері немесе жақын адамдары ораза тұтқындарды асқа шақырса, үлкен сауап болады деп есептеледі. Сондықтан ораза ұстаған мұсылмандарды ерекше қадірлеп, ауызашарға арнайы шақыру жалғасын тапқан үлкен дәстүрлердің бірі болып табылады.

«Оразаңыз қабыл болсын!» деген ақ ниеттегі тілектер рамазан айы бойы үнемі естіледі. Ораза айы үлкен мереке болып саналып, ауызашар кезінде жарапазан айтылған. Жарапазан айтушы үй иесін мақтап, өлең айтып, өзіне тиісті сыйлық алған.

Жарапазан айтқандарға құрт пен ірімшік, тәттілер мен дәмді тағамдар беріледі. Жарапазан айтушыларды дастарқан басына шақырады.

Дәстүр бойынша, рамазан айының 27-ші жұлдызы «қасиетті» деп аталады. «Құран Кәрімнің» түскен уақыты Қадыр түні ретінде атап өтіледі. Қадыр түнін күткен, оны көрген және тілек айтқан қабыл болады.

Көбіне, Қадыр түнін мешітте өткізеді, сонда құран оқып, ілім үйренеді, хадистер тыңдайды, молдалар пікір алмасады. Бұл түнде оқылған бір намаз басқа мың намаздың орнына жүреді деп саналады.

Жасы 9-ға толған қыз, 12-ге толған ұл бала әр рамазан айында отыз күн ораза ұстайды. Денсаулығы нашар адамдар, бала емізетін әйелдер, жолаушылар оразадан босатылады.

ПІТІР-САДАҚА БЕРУ

Ислам дінінде рамазан айында мұсылмандар жан амандығына шүкірлік ретінде мешітке барып пітір-садақа береді. Пітір-садақа жан басына қарай есептеледі. Садақа айт намазына дейін беріліп бітуі керек. Оның мөлшері жыл сайын бір килограмм бидайдың құнына байланысты өзгеріп отырады.

Пітір-садақа, негізінен, ақшалай, кейде заттай да берілуі мүмкін.



ОРАЗА АЙТ

Отыз күн ораза біткеннен кейін рамазан айының жалғасы ретінде үш күн ораза айт мейрамы өтеді. Айттан бір күн бұрын «арафа (арапа)» күні болады. Сол күні мерекеге арналған бауырсақ, шелпек пісіріледі. Арафа күні үй ішін тазалап, мерекеге дайындық жұмыстарын жасайды және балаларға арнап жаңа киімдер тігіліп, ас молынан пісіріледі.

Ораза айттың бірінші күні мұсылмандар таң атпастан мешітке барып, айт намазын оқиды. Айт намазынан бұрын азаншы мұнараға шығып, бірнеше рет «Намаз мерзімі

болды, намаз басталды», – деп хабарлайды. Айт намазына қарияларды балалары ертіп апарды. Жастар да айт намазына қатысу үшін мешітке барады.

Адамдар бірін-бірі «Айт қабыл болсын!», «Айтыңыз мүбәрәк болсын!» деп құттықтап, тілек айтады, ашу-араздық болса, татуласады, қателігін кешіреді.

Айт күндері әркім таза жүруге, әдепті сөз сөйлеуге тиіс, бұл жақсы әдет ары қарай жалғасын тауып жатады. Адамдардың бәрі мерекелі киімдерін киіп, бір-бірінің үйіне қонаққа барады.

Әр үйде дастарқан жайылып, айтқа арнайы пісірілген тағамдар мен дәмді-тәттілер келген балалар мен айттап келуші қонақтарға таратылады. Әр отбасында аруақтарға арнап дұға оқылады, «Құран Кәрімнің» біраз сүрелері айтылады.

Ауылды жерлерде балалар топ-топ болып айттап жүреді. Үй иелері оларға сыйлық береді, айттың тамағынан дәм татқызады.

Қазақ халқының ежелден келе жатқан осы дәстүрі қазіргі кезде ауылды жерден қалаға да тарап жатыр.



ҚҰРБАН АЙТ

Ораза айттан кейін жетпіс күн өткен соң “Құрбан айт” мерекесі басталады. Бұл мерекенің «Құрбан айт» аталуының себебі осы айтта құрбандық шалынады. Ораза айттағыдай, құрбан айттың алғашқы күні мұсылмандар мешітке немесе алдын ала белгіленген бір орынға жиналып, айт намазын оқиды.

Құрбан айттың негізгі мақсаты – өмірден кеткен жақындары мен туыстарын еске түсіру, соларға құран оқытып, құрбан шалу. Айттан бірнеше күн бұрын ата-бабалардың аруағына арнап мал сойып, ішек беретін салт бар. Үш күн үйде немесе арнайы мешітке барып, жақындарына құран оқытады, садақа береді.

Алғашқы күні жұрт мешітке жиналып, айт намазын оқығаннан кейін құрбандыққа мал сояды. Құрбандыққа қой, ешкі, сиыр, түйе, тіпті тауық та шала береді. Малдың басқа түрі немесе хайуандар құрбан шалуға жарамайды. Құрбандыққа шалынатын малды мұсылман адам бауыздауы қажет. Нашар, ауру малды құрбандыққа шалуға болмайды. Құрбандыққа шалынып отырған малды соймастан бұрын молда құран оқиды. Бауыздаушы адам шын көңілімен «Бисмиллаһир рахманир рахим!» деп малдың басын құбылаға, Мекке жаққа қаратып, сол жақ қабырғасымен жатқызып барып



сояды. Құрбандыққа шалынған малдың еті кемтарларға таратылады, бір бөлігі туған-туысқан, жақын-жолдас пен көршілерге дәм татқызу үшін тұтастай асылады.

Бұрынғы заманда құрбандыққа адам шалынатын екен, мұндай сорақы әдет дүние жүзі халықтарының көбінде болған. Осы дәстүрге Алла Тағала тарапынан бірнеше рет келіспеушілік танытқан хабар келген. Бірде бұл дәстүрге сай Ибраһим пайғамбар жалғыз ұлы Исмаилды құрбандыққа шалмақ болғанда, «мал сойылсын» деген хабармен бірге жеті қат көктен көк қошқар жіберіліпті. Ибраһим пайғамбар сол көк қошқарды құрбандыққа шалады. Міне, сол кезден бастап құрбандыққа мал шалу – үлкен міндеттердің бірі болыпты.

Азаннан басталған айт мерекесі мешіттегі намаздан кейін үй-үйлерде жалғаса береді. Үш күнге созылған құрбан айт мерекесінде әр үйде дастарқан жайылады, молынан ас пісіріледі. Бір-бірінің үйіне келген, үй-үйді жағалап айтшылаған адамдар құрбандыққа шалынған малдың етінен ауыз тиеді. Бұл күні үлкен мен кіші, жас пен қария бір-бірімен қуанышпен көрісіп, «Құрбан айт қабыл болсын!» – деп жүздесіп жатады. Құрбан айт күні дүниеге келген баланың атын Құрбанғали, Құрбанкелді, Айтбай, Айтқали, т.с.с. деп қойған.





Қазақ өмірінде малдың орны ерекше болды. Малдың күші, сүті, жүні, қылы, еті, терісі – халықтың тағамы, киімі, баспанасы, үй жиһазы – өмірінің, тіршілігінің негізі. Мал өсіру, малишылық – тіршіліктің (егіншілік, аңшылық, балықшылық сияқты) бір түрі. Тұрмыстың бұл түрінің адамзат өркениетіне, мәдениетіне қосқан үлесі зор. Малдың өнімінсіз әлі де күн көру қиын. Малдың етін айтпағанда, сүт және одан өндірілетін тағамдарсыз, жүн, тері және олардан жасалатын бұйымдарсыз қазіргі адамзат өмірін көз алдыға елестету мүмкін емес.

Көшпенділер бүкіл адамзатқа қажет нәрселерді ойлап тапты, мысалы: шалбар, етік, ер-тоқым, жүген; еттен, сүттен жасалатын тағамдар; теріден, жүннен жасалатын бұйымдар, т.б. Малишылық – адамзаттың байырғы дәуірден бері бірге жасасып келе жатқан кәсібі. Ол қоғамның әлеуметтік дамуына зор әсер етті, жаңа қарым-қатынастар, мәдениет, өркениет, өнер, қолөнер, ой-сананың қалыптасуына әкелді. Көшпенділерге тән қасиеттер жауынгерлік, табиғат талқысына көнбістік, поэзияға, көркем тілге, ойға тапқырлық деуге болады. Осылайша, көшпенділер өркениеті қалыптасты.

КӨШ.

Көшті арнайы көшбасшы тағайындалып, сол басқарған. Көш көліктері алдын ала сайланған. Көштің бағыт-бағдары байырғы қазақ күнтізбесі негізінде анықталып отырған.

Қазақ көшінде көптеген рәміздік мәні бар ырым-жоралғылар, тәрбиелік салт-дәстүрлер болған.

Көш барынша сәнді болады. Жұрттың бәрі бар жақсы киімін киіп, көшті барынша әшекейлейді. Туыс, жақын, сыбайлас ауылдар бір-бірімен қашан, қай жерлермен көшуді, қайда қонуды алдын ала келісіп алып, жарыса көшеді.

Көш басында жеңіл артылған атанға әшекейленген ақ текеметтен қоршау жасалып, оған сәнді киінген қыз немесе келіншек мінеді. Басқа түйелер де, олардың жүктері де барынша сәнді етіп жасалады, әйелдер тек кілем жапқан түйеге мінеді. Көштің ең





соңында қазан, ошак, шаңырақ артқан жуас, күшті түйе жүреді. Оны «шаңырақтүйе» дейді. Шаңырақтүйеге ешкім мінбейді. Жас жігіттер, қыз-келіншектер, балалар – бәрі атқа, тайға мінеді. Жылқыны айдап, көш бойы жарысып, аударысып, айтысып, қалжындасып, күліп-ойнап көңіл көтереді. Кеш түсе көш аялдап, қонатын жер таңдайды. Әуелі үлкен үйді (байдың үйін) тігеді. Жас жігіттер, қыз-келіншектер үйді тігіп, жүкті түсіріп, жинап, түйелерді, мініс аттарды ер-тұрманынан босатып, жайылымға жібереді. Ертеңінде көш қайтадан жолға шығады. Осылай бірнеше күн бойы жүріп отырып, межелі орнына жетеді.

КӨКТЕУ

Көктем шыға көшпелі қазақ ауылы қыстаудан көктеуге келіп қонады. Көктеудегі маңызды атқарылатын шаруа – мал төлдету. Малдың төлдерін аман сақтап қалу – малшы ауылдың тіршілігіндегі ең жауапты кезеңнің бірі. Мал төлдегенде ауыл адамдары шаруаға түгел жұмылады. Жаңа туған төлді алғашқы күндері дұрыс ауыздандыру, суықтан қорғау олардың жақсы өсіп-жетілуіне мүмкіндік туғызады.



Көктемде, мал төлдейтін кезде ауылды жыртқыштар көп торида. Ауылдың ортасында көгендеулі не ши қорада қамаулы төлдерді қасқыр да, түлкі де, бүркіт те ала алмайды.

Көктеуден жайлауға көшер шақта қой-ешкі, түйелер қырқылып, төлдерге ен-таңба салынады, жылқылар күзеледі.

Малдар төлдеп болғаннан кейін қозылар отығып, көш соңынан еруге жарай бастасымен жайлауға көшу басталады. Бұл кезде күніне жұрт қозыкөш жер жүреді. Яғни ол орта есеппен 14 – 15 шақырым. Көшерде көннің біріне жайлауда керек болмайтын қысқы құрал-жабдықтарды: жабу, ықтырма, қада сияқты ауыр заттарды көмбе жасап көміп қалдырып кетеді.

ЖАЙЛАУ

Жайлауға келген соң шөп мол болғандықтан мал бағу жеңілдеп, малшылардың қолы босап, демалып қалады. Жайлауда ел ас-жиын, той-томалақ өткізіп бір сергиді. Бие байланып, қымыз ашыту басталады.





Жазғы ыстықта, шыбын-шіркей көп кезде малды түрлі кене, сона, бөгелек, оқалақ сияқты жәндіктер мазалайды. Сондықтан малшылар әрбір малға үнемі бақылау жасап, кенеден тазалайды. Кейде ол жерлер жара болып, құрттап кетеді. Оны дер кезінде емдемесе, жара құрттап, асқынып, мал өліп те қалуы мүмкін.

Қыркүйектің бас кезінде қойлар екінші рет қырқылады. Күз түсе жайлаудан күздеуге көшу басталады.

КҮЗДЕУ

Қыркүйектің екінші жартысында жауын-шашын басталмай тұрып, қара суық түсе бастасымен күздеуге көшу басталады. Жайлаудан әуелі кедейлеу ауылдар көшеді, байлар 1 – 2 апта жайлауда жайлай тұруды жөн көріп, кейінірек қозғалады. Көш күніне 25 – 30 шақырым жер жүріп отырады. Күзгі көште түйелердің жүгі көктемгіге қарағанда ауыр болады. Күзгі көшу де қазақ өмірінің маңызды кезеңі: көктемдегіден мал саны артады, алдағы қыстан малды аман алып шығу үшін малды аздырмай, неғұрлым семірте түсу қажет. Қасқыр, ит-құстан малды қору керек. Сондықтан ауылдар күзде топтасып көшеді.

Күздеуде жаппай қысқа даярлық жұмыстары жүргізіледі. Жаңадан арқан есіліп, киіз басылып, қап тоқылып, киім тігіліп, базар барып қысқы астық сатып алынып, етік-мәсі тігіліп, т.б. көптеген жұмыстар атқарылады. Қара суық түсе бастасымен ауыл қыстауға көшеді.

ҚЫСТАУ

Күн суыта ауыл қыстауға келіп қонады. Суық түсісімен, мал арықтамай тұрып азық қорын қамдау керек. Қысқа дайындықтың бір түрі – соғым сою. Соғымға малдың барлық түрінен де сойылады.

Қазақтың қыстауы да әр жерде әр түрлі болды. Жартылай көшпелі, егін егетін, таза көшпелі қазақтардың қысты өткізуі бір-біріне мүлде ұқсамайды. Егін егетін жартылай көшпелі қазақтардың қыстауында адам тұратын үй, мал қора сияқты құрылыстар болған. Бұл қазақтар аз да болса малға жем-шөп дайындаған. Олардың малы жұт сияқты апатта түгел қырылып қалмайды. Бірақ оларда таза көшпелі қазақтардікіндей мал саны көп бола қоймайды.

Көшпелі қазақтар ерте кезде (XVI – XVII ғасырларға дейін) қысты киіз үйде өткізген, үйдің сыртынан екі қабат киіз жауып, іргесін қармен немесе топырақпен көміп қойып, қиды маздатып үзбей жағып отыра берген.

Бірақ қыста бір жерде ұзақ отыруға келмейді, себебі шөптің маңызы кетеді. Сондықтан маңайды барлап, шөбі, суы малға 1 – 2 аптаға жететін жер тауып, сонда қоныс ауыстырып



отырады. Негізінен, құмның арасына, күншуақ, ықтасын жерлерге, қалың қамысты көлдің жағасына, ну тоғайлы өзен арнасына, т.с.с. орындарға қоныстануға тырысады. Осылай, жұт болмаса, қазақ малын аман-есен көктемге жеткізетін болған.



ЖҰТ

Қазақ халқында «жұт – жеті ағайынды» деген сөз бар. Оларға: жұт, құрғақшылық, өрт, індет, сел, зілзала, боран жатады. Соның ішінде малдарын үнемі жайылымдарда бағатын көшпенділер үшін ең үлкен қатердің бірі жұт болған.

Мал шаруашылығында ең қиын, ең қауіпті кезең – қыс мезгілі, сондықтан ең қатерлісі – қысқы жұт. Қар қалың түсіп, арты жаңбырға айналып, соңынан күн суытып кетсе, қардың беті мұз болып қатып қалады. Малдар өз бетімен жайыла алмайды да, аштыққа ұшырайды. Қыс ерте түсіп, көктемнің шығуы ұзаққа созылып кетеді. Бұл жағдайда әуелі жылқыны жаяды, оның тұяғы мықты, қарды аршып, шөп тауып жеп, ол жеңіл жұтқа қиналмайды. Жылқының ізімен қойды жаяды, сөйтіп, малды қыстан аман алып шығады. Бірақ аяз қатты болса, бұл амал да жарамайды. Онда көшуге тура келеді. Егер шөбі мол жерге көшсе, ол жақсы, ал оған шама келмей қалса, қазақтың малы жұттың құрбаны болып, қырылып қалады. Мыңғырған байлар барлық малынан айырылып, жалшылыққа жалданып кететін жағдайлар да кездескен.

Әрбір ауыр жұттың салдары 3 – 4 жылға дейін білінетін. Қазақтың шаруашылығын шайқап, мал басын кемітіп кететін. Осылай дірдектеп жүріп, малын қыстан аман алып қалған қазақ көктемге жетсе, қуанып, наурызды тойлап, жаңа жылға жаңа үмітпен кірісетін.

Кейде жазда жауын-шашын мөлшері мүлдем азайып, ауа райы күрт ысиды, дамылсыз аңызақ жел соғады. Мұның салдарынан өсімдіктер өспей, қурап кетеді. Кейбір бұлақтардың, өзен-көлдердің суы тартылып қалады. Бұл да жұттың келуіне себеп болған. Халық малға шөп, су іздеп жаңа қоныстарға көшкен. Мұндай қиыншылық жылдары жауын шақыру үшін жұрт «тасаттық» берген. Бұл – Құдайдан тілек тілеп, құрбан шалу дәстүрі.




КИІЗ ҮЙ



▲ Киіз үйдің қаңқасы



▲ Шаңырақ



▲ Кереге

▲ Уық

Киіз үй – мал баққан көшпелі халықтардың қысы-жазы отыратын өте қолайлы және төзімді баспанасы. Ол тез құрылып, тез жиналады. Қыста жылы, жазда салқын болады. Көлеміне және сыртқы кейпіне қарай әр түрлі болып келеді.

Киіз үйді құрайтын негізгі қаңқасын киіз үйдің сүйегі деп атайды. Оларға кереге, уық, шаңырақ, есік немесе сықырлауық жатады. Сүйектері көлеңкеде кептірілгенталдан, жіңішке қайыңнан немесе теректен жасалады. Киіз үй жасаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Оны тек шебер-үйші жасайды.

Киіз үйді тігу оңай емес. Алдымен керегені (биіктігі екі метрдей) жайып, әр бөлігін бір-бірімен жалғастырып, бекітеді. Керегенің әр бөлігін «қанат» деп атайды. Қанат саны үй көлеміне қарай көбейе береді. Киіз үй төрт, алты, сегіз, он екі қанатты болады. Хан ордасы отыз қанатқа дейін жеткен.

Керегені құрып болған соң шаңырақты көтереді. Қазақ халқы шаңырақты кие тұтады. Шаңырақ – отан, әулет мағынасында да қолданылады. Оны «қара шаңырақ» деп атайды. Ұл бала әке шаңырағының иесі, мұрагері болып саналады. Киіз үйдің басқа сүйектері ескірсе, оларды жаңартуға болады, ал шаңырақты жаңартпайды. Әдетте, шаңырақты үй иесі, ер адам көтереді. Үлкен киіз үйлердің шаңырағын ат үстінде тұрып бақанмен көтерген. Бақан – бір ұшы екі аша етіп жасалған ұзын сырық.

Шаңырақты көтерген кезде оның жан-жағынан уықтарды шаншыған. Уықтың шаңырақты ұстайтын жағы үшкір, кереге басына байланатын жағы жалпақтау болып келеді, жалпақ жағын тесіп бау өткізеді, оны «уық бау» деп атайды. Осы бау арқылы уық пен керегенің басын біріктіріп байлайды. Шаншылып біткен уықтың сыртынан айналдыра басқұрмен шалмалап таңады.

Шаңырақтан кейінгі ерекше қастерленетін бөлшегі – босаға. Ол табалдырық пен маңдайшадан тұрады.



Оның екі жақтау ағашын «таяныш» дейді. Оған сықырлауық орнатылады.

Сықырлауық – киіз үйдің өте әшекейленіп жасалатын сәнді есігі. Бұл ортасынан ашылып-жабылатын жарма есіктерге ұқсас. Ол екі таянышқа ілмек арқылы ұстасады, ашып-жапқанда сықырлап тұрады, сондықтан оны сықырлауық деп атайды.

Осыдан кейін үйдің сыртынан киіз жабады. Киіздің төрт түрі бар. Олар: туырлық, үзік, түндік, киіз есік. Алдымен туырлықты керегеге керіп, ұзын баулары арқылы уыққа бекемдеп байлайды. Сонан соң бақанның көмегімен үзік пен түндікті жабады. Үзік шаңырақ шеңберінен кереге басына дейінгі аралықты қамтиды. Атауына сай олар үзік-үзік киізден құралады.

Түндік – шаңырақты жауып тұратын төрт бұрышты шағын киіз. Түндік арнаулы бау арқылы оңай ашылып-жабылады.

Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарғақ теріден жасалады. Ол шиыршықтап түріп қоюға ыңғайлы.

Киіз үйдің іші екіге бөлінеді. Олар: төр жақ (төрдің оң жағы, сол жағы), есік жақ (оң босаға, сол босаға). Қазақ халқы киіз үйдің ішін әсемдеп безендірген. Желбау – өрнекті, төгілме шашақты құр, шаңыраққа үш жерден байланып, керегеге асылады. Ол киіз үйге сәндік-жиһаздық сипат береді. Оның негізгі міндеті – дауыл кезінде шаңырақты салмағымен басып тұру.



▲ *Kiіз үйді тігу*



▲ *Kiіз үйдің есігі*





Әдетте, үйдің оң жағына ағаш төсек орнатып, оның тұсына тұскиіз ұстап, шымылдық құрады. Төрге жүкаяқ, оның үстіне әбдіре (сандық) қояды. Әбдіреге көрпе-жастық, тағы басқа жүктерді жинайды. Үйдің сол жағына тамақ салатын кебеже, қазан-аяқ салатын аяққап, ыдыс-аяқ (саба, торсық, ожау, кесе, тостақ және т.б.) қойылады да, осы араны шым шимен қоршап жабады. Бұл «ас-су бұрышы» деп есептелінеді. Ал үйдің ортасына тамақ асатын ошақ (таған) немесе темір пеш орнатып қояды.

Сәндік үшін жасалған желбау, басқұрбаулар мен тұскиіздер үй ажарын ашып, айрықша рең береді.

Киіз үйді осылай әр отбасы өз қалауларынша безендіріп жабдықтаған. Жабдықталған үйдің сәнді, әдемі болуы үй иелеріне байланысты.

КИІЗ ҮЙ ЖИҢАЗДАРЫ

Қазақ халқы ертеде киіз үйде тұрған. Сондықтан үй мүліктері мен жиһаздары ұлттық қолөнер дәстүрі бойынша көшпелі тұрмысқа лайықталып жасалған. Түрлі материалдардан әзірленетін үй бұйымдары киіз үй кеңістігімен жараса үйлескен. Оларда халықтың сан ғасырлық бай тәжірибелері көрініс тапқан. Үй жиһаздары көп орын алмайтындай және көші-қон кезінде алып жүруге қолайлы болатындай етіп жасалған.

Үй жиһаздары – *сандық, жағлан, кебеже, жүкаяқ, әбдіре, асадал, ағаш төсек, қолсандық, шайсандық, қобдишалар*, төсеніш бұйымдары – *кілем, текемет, алаша, сырмақ, құрақ көрпе, жержастық* және заттар мен ыдыс-аяқтарды сақтап, тасымалдайтын бұйымдар – *керме, кесеқап, аяққап, қоржын* сияқты дүниелерден тұрады.

Жиһаздар қатарында сәндік, әсемдік жағынан кілемнің орны ерекше саналады. Кілем, негізінен, Сыр өңірі мен оңтүстік өлкелерде тоқылып, сол жердің атымен аталған. Тоқылу ерекшеліктеріне қарай *қалы кілем* (түкті), *тақыр кілем* (түксіз) деп бөлінсе, ою-бедерлерінің жергілікті үлгілеріне сай – *адай кілемі, қоңырат кілемі, керей кілемі, үйсін кілемі*, т.б. түрлері бар.





Тоқыма бұйымдарының бірі – **алаша**. Арнайы аспап арқылы басқұр тәрізді жалпақ етіліп тоқылып, бірнешеуінің арасын қатарынан біріктіріп, терме алаша жасайды.

Үй жиһаздарының ішінде **сырмақ** – көне дәуірден келе жатқан көшпелілердің материалдық мәдениетінің озық жетістіктерінің бірі. Сырмақ (сыру деген сөзден шыққан) – ою бастырып немесе жиектері өрнектеліп сырылып жасалған түрлі-түсті төсеніш. Оны биязы жүннен басылған жұқа киіздің бетіне оюлар салып, кенеппен астарлап жасайды. Сырмақ, негізінен, мал баққан қазақ, қырғыз, моңғол сияқты көшпелі малшыларға тән бұйым. Оның ою-өрнегіне және көлеміне сәйкес бірнеше түрі бар. Ошақ тұсы (ортасы) ашық келетін, дөңгелектене жасалған көлемді сырмақ откиіз, шай сырмақ деп аталады.



Көлемі жағынан киіз үйге тұтастай төсеуге болатын төсеніш киіздің бір түрі – **текемет**. Текеметтің оюлы *текемет*, *шашақты текемет*, *салбырама текемет* сияқты түрлері бар. Текемет сырмақтан үлкен, енді болып келеді. Текемет жұқа басылған киіздің бетіне бөлек боялған түрлі-түсті киізді оюлап орналастырып, су сеуіп, шиге орап, киізше басып жасалады.



Тулақ – тайдың терісін шикідей керіп кептірген көн төсеніш. Сондықтан оны **тайтері** деп те атайды. Тулақ жасау үшін жаңа сойылған тайдың терісін шелінен, көк етінен арылтып, тазалап алады. Егер тері өте майлы болса, күйдірілген әктас, сортаң топырақ



немесе тұзды көлдің сазын жағып, майын алады. Терінің майын алу үшін құстың саңғырығын да жағады. Содан кейін теріні тегіс жерге немесе тақтайға керіп, шегелеп тастайды. Әбден кепкен тері қатайып көнге айналады. Теріні күн көзінен таса, көлеңкеде кептірген абзал. Кепкен терінің үстіне бөстек, көрпе, жержастық салып төсеніш ретінде пайдаланады. Жүн сабағанда тулақты төсеніш ретінде жүннің астына салады.

Үй тұрмысында тұтыну мен сәндік мәні зор бұйымдардың бірі – **сандық**. Ол киім-кешек, мата-пұл сияқты бағалы заттарды салып сақтауға арналған. Сандықтың бетін былғарымен қаптап, құйма күміспен әшекейлейді. Түгел былғарымен қапталғанды **жааглан** (шабадан – чемодан) деп атайды. Сондай-ақ сандықтың бет жағына жұқа мыс қаңылтыр, жез қаңылтырларды шаршылап, кереге көздеп қадау арқылы әшекейлеу де кең тараған. Әрбір үйде 2-4 сандық болады.



Әбдіре (абдыра) – үй бұйымдары мен ұсақ-түйек заттарды сақтайтын, көлемі әр түрлі болып келетін сандық түрі. Көтеруге ыңғайлы болу үшін екі бүйіріне қос-қостан тұтқа орнатылып, қақпағына құлып салынады.

Ас-тағам, ыдыс-аяқ сақтауға арналған мүлікті **кебеже** деп атайды. Көші-қонда түйеге арту үшін төрт бұрышына қайыс өткізетін тесігі бар құлақ жасалған. Төртқұлақ кебенің астына жүкаяқ қойылмайды. Қақпақтарын оймыштап, бедерлеп әшекейлейді. Бір үйде 3-5 кебежеге дейін болған.

Асадал – ыдыс-аяқ және азық-түлік сақтауға арналған ерекше мүліктің бірі. Ол кебеже, сандықтарға қарағанда биік болып келеді. Екі немесе үш қабат сөрелеріне күмістелген, сүйектелген қақпақтар орнатылған.

Ұсақ-түйек бұйымдар мен әшекей-зергерлік бұйымдарды шайсандықта сақтаған. Оны ерекше сәндеп, сүйектеп, күмістеп, әшекейлеп ұстаған.

Жүкаяқ – буылған тең, қатталған, бүктелген сырмақ, көрпе-жастық, кебеже, сандық сияқты заттарды қою үшін пайдаланылатын жиһаз. Асты қуыс болатындықтан үнемі жел кеулеп, жүктің асты дым тартып, көгермейді. Оны да алуан түрлі өрнектермен әшекейлеген.



Үйге сән беретін тұтыныс бұйымының бірі – *ағаш төсек*. Қазақтарда төсектің негізгі үш түрі сақталған. Біріншісі – екі басы қайқылау келген сүйеніш тақтайы бар төрт сирақтысы. Екіншісі – екі басы қайқылау келетін алты, сегіз сирақтысы. Соңғысы – екі басы тік келген төрт сирақты кереует.

Төсек бастарының қайқы болуы – жатқан адамның аяғы мен басы денесінен сәл биік келіп, демалғанда қан айналысы жақсы болатынын қазақтар баяғы заманда-ақ ескерген. Ол сондай-ақ, ажыратылып және құрастырылатындықтан көшкенде түйеге артуға өте қолайлы. Ағаш төсектерге салынатын қиюланған және оюланған төсек сырмақтар, тұсына қойылатын адалбақан, ілінетін тұскиіз, тоқылған, кестеленген төсекжапқыш, төсекаяқ, кермелері керемет жарасып, үйдің сәні мен ажарын аша түсетін болған.





МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Қазақ халқы, негізінен, мал шаруашылығымен айналысқан. Қазақ өзінің малын қой-ешкі, жылқы, түйе, сиыр деп төрт түлікке бөлген. Осы төрт түлік малдың әрқайсысын халық барынша өнімді, орынды пайдалана білген.

Қазақ даласында, негізінен, көшпелі мал шаруашылығы кеңінен дамыған. Мал бағудың өзіндік әдістерін, малды күтіп-баптаудың тәсілдерін онымен айналысқан ел жете меңгерген. Жайылымдарды жыл мерзімінің төрт кезеңіне байланысты тиімді пайдалану үшін белгілі қалыптасқан жүйемен көшіп, қоныс аударып отырған. Ол қоныстар қыстау, көктеу, жайлау, күздеу деп аталған.

Сонымен қатар қазақ даласында жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындар да кездесіп отырған. Олардың қыста бораннан, желден қорғанатын үй-жайы, қора-қопсысы болады. Жартылай көшпелі шаруашылықтар жайлауға көктем шығып, күн жылыған соң көшеді. Бұлардың жайлауы қыстаудан онша алыс болмайды. Қыстаумен байланысын үзбей, ондағы шаруаны да қолы тигенде істеп жатады. Ал, ең бастысы, бұлар жаз кезінде шөп шауып, малының қыстық азығын әзірлеуге күш салады. Жартылай көшпелі шаруашылықтар төрт түліктің ішінен жылқы мен қойды көп, түйені аздау, оның есесіне, сиыр малын жеткілікті мөлшерде асырайды.

Қой-ешкі

Қой шаруашылығы қазақтың көшпелі шаруашылығының негізі болып табылады. Мыңдаған жылдардың барысында күшті, етті, табиғаттың ыстық-суығына көнбіс қазақ қойлары пайда болды. Қазақы қойлар ірі, түстері қызғылт, қоңыр, ақ, қара, құйрықтары үлкен, майлы, қошқарлары көп жағдайда мүйізді болып келеді.

Ескі наным бойынша, қазақтар әр түліктің өз пірі болады және ол түліктерді қолдап-қорғап отырады деп сенген. Қой өсіруші қазақ қойларын індеттен, жұттан аман алып қалуын, өсіп-өнуін тілеп Шопан Атаға жалбарынған. Ал ешкінің пірі Шекшек Ата деп аталған.

Көктемде қой жаппай төлдейді. Қойлар қоздай бастасымен ел қой сауған. Қой сауу үшін қозылары енелерінен бөлек бағылады, қой өрістен келер алдында





қозылар көгенделеді. Қой сауылып болған соң, қозылар ағытылып жіберіледі де, олар қалған сүтті еміп, енесінің жанында болады. Түнде қозыны ірі қойдан бөліп, тоқылған шиден жасалған қозықораға қамайды.

Қойды қойшы таңертең ерте, күн шықпай жайылымға айдап әкетеді. Түскі ыстықта өзеннің маңына, көлеңке жерге жусатып қойып, демалады. Қой бірер сағат күйіс қайырады, сосын тағы үш-төрт сағат жайып, суарады да, ауылға алып келеді. Ауылға келген соң қойлар сауылып, екі-үш сағат күйіс қайырып демалып, тағы да суарылып, қозысымен бірге қараңғы түскенше жайылады.

Көктемнің соңына қарай қойдың жүнін қырку басталады. Көктемде қырыққан жүнді «жабағы жүн» дейді. Бағуы, күйі жақсы болса, жайлаудағы 3 – 4 ай ішінде қойдың жүні жақсы өседі. Қыркүйектің бас кезінде қой екінші рет қырқылады.

Қыста қойды далада бағып, қар астында қалған шөпті жегізеді. Қыста оларды күніне бір-ақ рет суарады, өйткені олар қар жеп жүреді.

Қазақ қоймен бірге ешкі де асыраған. Себебі ешкі – өсімтал, сақ, пысық, зерек мал, олар өрісте қашан да қой бастаған. Яғни ешкі аралас қойды бағу жеңілдеу болады.

Қойдың жүніне ешкінің қылшық жүнін араластырып, мықты арқан, жіп, көген, желі, басқұр, желбау еседі. Ешкінің терісінен жұмсақ, сапалы, қой терісінен жасауға келмейтін жақсы былғары жарғақ шығады.

Ешкінің лағы күзде «шыбыш» болса, көктемде «туша» болып өзі лақтайды. Еркегін «теке» дейді, тарттырылғанын «серке» дейді. Бірақ ешкінің саны аса көп болмаған. Өйткені олар суыққа шыдамсыз. Еті де қойдікіндей дәмді емес, сыйлы қонаққа союға болмайды. Сондықтан ешкі жеке түлікке есептелмейді, қойдың қосағында кетеді.

Жылқы

Қазақ жылқы пірін – Қамбар Ата деп атаған.

Қазақтың көшпелі тұрмысында жылқының орны ерекше. Далада жаяу адам ұзаққа бара алмайды, шаруасын да мезгілінде бітіре алмайды. Оның үстіне жылқының қымызы – өте құнды, шипалы табиғи сусын. Жылқының еті – өте жоғары сапалы тамақ, қазысы – тағамдық та, емдік те қасиеттері мол дүние. Ал оның терісінен түрлі бұйымдар (құлын жарғақ, етік, жүген, айыл-тартпа, құйысқан, саба, өмілдірік, үзеңгі бау, қанжыға бау, нөқта, шідер, қамшы т.б.) жасайды, қылынан арқан, жіп, желі, көген еседі, мұндай бұйымдар өте мықты болады.





Қазақтың өмірі қаншама ғасыр жаугершілікпен өтті. Халқымыздың басына сан рет төнген жаумен айқасып, Қазақстан деген ұлан-байтақ жерді сақтап қалуға жылқының үлкен үлес қосқанын айтпауға болмайды.

Жылқы төлін «құлын» деп атайды. Алты айдан асқан құлынды «жабағы», бір жасқа толғанын «тай» дейді. Еркектерін екіден асып үшке келгенде «құнан», үштен төртке өткенде «дөнен», одан кейін «бесті» дейді. Ұрғашысын екі жасында «байтал», одан кейін «бие» дейді.

Көктемде жылқыны күзейді. Күзеп алынған қылға жүн қосып көген, желі, қыл арқан, шылбыр, ноқта сияқты өте мықты, күнделікті шаруаға қажет бұйымдар жасайды. Күзеген кезде тайларға таңба басады. Осы кезде тай-құлындар мініске үйретіледі. Бие құлындаған соң 2 – 3 аптадан қалмай бие байлап, қымыз ашыту басталады.

Қыста қазақ жылқысы жазғы жиған күйінің, өзінің төзімділігінің арқасында баспана, қосымша жем-шөп іздемей, қар астындағы шөпті тұяғымен теуіп аршып жеп жүре береді.

Қазақта төрт жылқы тұқымы жеке аталып жүр. Бұлар – Жабы жылқы, Адай жылқысы, Көшім жылқылары және Қостанай жылқысы.

Түйе

Қазақтың көші-қонының тірегі – түйе. Түйенің пірі – Ойсыл қара.

Түйе – ыстыққа да, суыққа да төзімді жануар. Күтімді аса қажет ете қоймайды (сортан шөп жеп жүре береді, ол мол болса жемді қажет етпейді), суды да көп талғамайды. Бірнеше күн нәр татпай, су ішпей ауыр жүк көтеріп, шөл даламен жүруге шыдап береді.

Түйенің тұқымы екеу: нар (жалғыз өркешті түйе) және айыр (қос өркешті) түйе. Қазақстанда көбінде айыр түйе мен нар түйенің арасынан шыққан будандар да кездеседі. Бұл түйелердің әрқайсысының өзіндік қасиеттері бар: нар түйелер сүттірек, айыр түйелер жүндірек болады.

Түйе екі жылда бір боталайды. Түйенің еркегін «бура», ұрғашысын «інген», піштірілген еркек түйені «атан» дейді. Бота бір жасқа толғанда «тайлақ», екі жастан асқанда – «құнанша», үш жастан асқанда – «дөнен», төрт жаста: еркегі – «буыршын», ұрғашысы – «інген» деп аталады.

Жайлауға жетпей-ақ түйенің де жүні қыркылады. Мойнынан, басынан, иығы мен өркешінен алынған жүнді «шуда» дейді. Арқасынан, бүйірінен түскен жүнді «жабағы», басқа жерінен алынған жүнді жалпы «түйе жүн» дейді. Шудадан өте мықты шуда жіп иіріп, шекпен, шапан, қап тоқып, уық бау, кереге бау, басқұр, арқан сияқты түрлі мықты бұйымдар еседі. Жабағы жүнінен жылы көрпе сырады, күпі жасайды.





Түйені салт міну үшін емес, негізінен, жүк арту үшін асыраған. Құнанша кезінен бас үйретіп, көш-қон кезінде жеңіл жүк артып пайдалана бастайды. Көшкенде түйенің екі жағына теңдерді асып, жіппен буады. Тең болатын нәрселер – кебеже, сандық, ішіне түрлі дүниелер салып буылған жүк. Тең буылғасын оның үстіне түрлі басқа дүниелер (көрпе-жастық, киім-кешек, т.б.) салады да, үстінен кілем (немесе киіз, алаша) жауып, арқанмен тартып байлап тастайды. Барлық жүк артылғаннан кейін түйелерді тұрғызып, бір-біріне тіркейді.

Көшкенде киіз үйдің уықтары мен шаңырағын бір түйеге, керегелерді тағы бір түйеге артады. Киіздерді тең жасап, басқа жүктермен бірге екі-үш түйеге бөліп артады. Түйенің жүрісін басқарып, олай-бұлай бұрып отыру үшін оның екі танауының арасындағы мұрын шеміршегін тесіп, одан мұрындық өткізіп қояды.

Түйе жүнінің 85 пайызы өте бағалы түбіт, сүті өте майлы әрі шипалы. Түйенің сүтін ашытып, шұбат жасайды. Бұл денсаулыққа өте пайдалы тағам – сусынға да, тамаққа бірдей.

Сиыр

Сиыр – көшпелі елдің емес, отырықшы елдің малы, қазақтың төрт түлігінің бірі. Сиыр малының пірі – Зеңгі Баба.

Сиыр – күйіс қайыратын ашатұяқты жануар. Олар жершіл келеді, күтім таңдайды. Шөл және шөлейт жерден гөрі шалғын шөбі, суы мол жерде өсімтал. Қыста жем-шөппен камтамасыз етуді керек етеді.

Сиыр төлін 3 – 4 ай ғана «бұзау» дейді, 6 айға дейінгіні «баспақ», бір жасқа дейінгіні «торпақ», одан әрі «тана» («тайынша») дейді. Осыдан бастап жынысына қарай бөлек атайды: ұрғашысын – екі жасқа толғанда «құнажын», үшке толғанда «дөнежін» десе, еркегін «бұқа», піштірілген еркегін «өгізше» дейді.

Сиыр малын тек сүт пен еті үшін ғана емес, көлік ретінде де пайдалану орын алған. Өгізді арбаға жегумен қоса, соқаға жегіп жер жырту, тіпті кейде ат құсатып ерттеп міну салты да бар. Ол үшін өгіздің мұрнын түйенің мұрнын тескендей тесіп, шығыршық орнатып басқарып отырады.

Егер қой-ешкі, жылқы, түйе жаз айларында ғана сауылса, сиыр жыл бойы сүт береді, тек бұзаулағанға екі-ақ ай қалғанда ғана суалады. Сиыр бұзаулаған кезде бір жетіге дейін сүті қою – «уыз» болады. Уыз өте құнарлы – бұзаудың тез жетілуіне себі мол тиеді.





ҚАЗАҚСТАНДА ШЫҒАРЫЛҒАН МАЛ ТҰҚЫМДАРЫ



Қазақ жылқысы – салт міну, жүк тасу, ет пен қымыз алу үшін өсірілетін жергілікті тұқым. Ауа райының қолайсыз жағдайына төзімді, жем-шөп талғамайтын, үнемі далада тебіндеп жайылатын мал. Басы үлкен, кең сағақты, мойыны жуандау, етті, тұрқы ұзын, кеудесі кең, жоны жалпақ, сауырлы, аяқтары өте мықты, сүйекті, жалқұйрығы қалың әрі ұзын, денесі тығыз, етті келеді. Күзде тез семіреді. Қазақ жылқысының торы, жирен, сонымен қатар қара, құла, сұр, көк түстілері де жиі кездеседі. Қазақ жылқысы ұш-

қыр, жүйрік болмағанымен, алыс жолға өте шыдамды. Олар тәулігіне 300 шақырымдай жол жүре алады, ал 100 шақырымды 4 сағаттай уақытта шауып өтеді. Түрікмен, моңғол, солтүстік аймақтардың орман жылқыларымен будандастыру нәтижесінде «Қазақ жылқысы» тұқымының бірнеше тармақтары (Адай жылқысы, Көшім жылқысы, Қостанай жылқысы, жабы, т.б.) алынған.

Байырғы қазақ жылқысының бір түрі – **жабы**. Жабының денесі ірі, басы дөрекілеу, мойны қысқа, омыраулы, кеудесі кең, жоны жалпақ, сауырлы; құйрық-жалы қалың әрі ұзын; денесі тығыз әрі етті келеді. Әдетте, жабылар торы немесе жирен, сұр көк түсті болады, қара түстісі сирек кездеседі. Алыс жолға төзімді. Салт мінуге де, жегуге де ыңғайлы. Олар Қазақстанның оңтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс өңірлерінде өсіріледі.

Салт мінілетін қазақ жылқысының бір тұқымы – Адай жылқысы. Бойы биік, мойны ұзындау, шоқтығы биік, арқасы түзу, сауыры ұзын әрі солыңқы, аяғы жуан (бірақ етсіз) болады. Суық пен ыстыққа төзімді, қысы-жазы жайылымда жүреді, күтім талғамайды. Адай жылқысы Қазақстанның Атырау облысында өсіріледі.

Көшім жылқысы – ет-сүт бағытындағы, мініп-жегуге арналған жылқы тұқымы. Көшім жылқысы қазақ жылқысын орлов, орыс желісті және таза қанды салт мініс дон жылқысы айғырларымен шағылыстырып, олардың буданын «өзара» сұрыптау арқылы Батыс Қазақстанның жылқы зауыттарында шығарылған. Бұлар қазақ жылқысынан едәуір ірі, бітімі шымыр, басы үлкен, мойыны тым ұзын емес, шоқтығы биік, әдемі, кеудесі кең, қабырғасы шеңберленіп біткен, жаялы, белді (кейде қайқы бел келетіндері де бар), сүйегі берік, жұмысқа төзімді, тебіндетіп бағуға жақсы бейімделген. Түсі қоңыр, торы, жирен және күрең болып келеді. Биелері сүтті болады.



Қостанай жылқысы – Қазақстанның Қостанай, Майкөл және Ресейдің Троицк жылқы зауыттарында қазақ жылқысының биесін қалмақ, дон, стрелец, орлов-растопчин, ағылшын-араб, таза қанды салт мініс жылқыларының айғырларымен будандастыру нәтижесінде шығарылған тұқым. Жеке қолтұқым ретінде 1951 жылы тіркелді. Олар негізгі, мініс, дала жылқысы деп үш тұқымдық топқа бөлінеді. Қостанай жылқысының бітімі дала жылқысына тән шымыр, сүйегі ірі, бұлшық еттері жақсы дамыған; аяғы сіңірлі, тұяғы берік; мініске де, жегіске де төзімді; түсі, көбінесе, жирен кейде торы, құла, қара болып келеді. Қостанай жылқысы Қостанай, Павлодар, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында таралған.

Қазақтың ақбас сиыры – сиырдың етті тұқымы. Қазақ және қалмақ сиырларын герефорд бұқасымен будандастыру арқылы 1932 – 50 жылдары Қазақстан мен Ресейде шығарылған. Бұл тұқым республиканың далалы және шөлейт аудандарының табиғи жағдайына бейімделген. Түсі қызыл, басы мен құйрығының ұшы, әукесі, бауыры мен сирағы ақ болады. Етті малға тән белгілері өте айқын, тез жетіледі. Кеудесі кең, етті, аяқтары қысқа, берік келеді. Сақа бұқасы орта есеппен 800 – 900 кг, сиыры 450 – 500 кг тартады.

Алатау сиыры – сүтті, етті сиыр тұқымы. Ол Қазақстан мен Қырғызстанның жергілікті сиырын швиц және кострома сиырымен будандастыру арқылы шығарылған. Жаңа қолтұқым ретінде 1950 жылы мойындалды. Алатау сиырының түсі, негізінен, қоңыр, ал дене құрылысы швиц сиырына ұқсас болады, басы үлкен, мойыны жалпақ, етті, арқасы мен белі түзу, кеудесі кең, сандары білеуленген, сирақтары ұзын, түзу, тұяқтары мықты келеді. Орта есеппен жылына 2800 – 3500 кг сүт береді. Алатау сиыры Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарының бірқатар аудандарында өсіріледі.

Әулиеата сиыры – сиырдың сүтті тұқымы. Қазақстандағы жергілікті сиырды голланд бұқасымен будандастыру арқылы алынған. 1952 жылдан жеке сиыр қолтұқымы болып саналады. Түсі қара немесе қара ала болып келеді, кейде қара құлақты, қара төбел ақ сиырлар да кездеседі. Әулиеата сиыры жергілікті жердің ауа райына тез бейімделеді. Тұрқы шымыр, ұзын жіңішке мойынды, кеудесі шығыңқы, етсіз келеді. Әрбір сауын сиыр жылына орта есеппен 3500 – 4000 кг шамасында сүт береді. Әулиеата сиыры Оңтүстік Қазақстан облысының шаруашылықтарында өсіріледі.





Әуликөл сиыры – сиырдың етті тұқымы. Ол қазақтың ақбас сиыры тұқымын абердин-ангус және шароле тұқымдарымен будандастыру жолымен алынған. Әуликөл сиыры тез жетілгіш, жергілікті жағдайларға тез бейімделгіш келеді. Қыста жүні қалың өседі, катал ауа райына көнбіс болады. Түсі – ақшыл сұр. Қазақстанның солтүстік аудандарында өсіріледі.

Қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойы (шүлен) – ет-май өндіру бағытында шығарылған ежелгі қой тұқымы. Дене пішіні бір-біріне ұқсас, тек өнімділігіне және өсірілетін өңіріне қарай бөлінетін 22 тармағы белгілі. Дене бітіміне байланысты 3 топқа бөлінеді. Ірілеріне: еділбай, қостанай, терісаққан, ырғыз-шалқар, бағаналы, бесата, т.б.; орташаларына: торғай, сарысу, шу, қарқаралы, т.б.; ұсақтарына: мерке, жетісу, ертіс, түрікмен-шымкент, т.б. тармақтары жатады. Бұл тармақтардың ішіндегі дене бітімі мығым, ет-жүн түсімі жоғары, түбіті қалыңырағы – еділбай қойы.

Қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойы – дене бітімі шымыр, сүйегі берік, басы орташа, тұмсығы түзу не сәл дөңестеу, мойыны аса ұзын емес, кеудесі кең, жоталы, сирақтары ұзын, тұяқтары өте мықты тұқым. Бұлардың түсі, көбінесе, қоңыр, қызғылт сары, көк және қара болады. Қазақстанның барлық облыстарында өсіріледі.

Еділбай қойы – ет-май өндіру бағытында өсірілетін қылшық жүнді, құйрықты қазақы қой тұқымының бір түрі. XIX ғасырдың аяғында Еділ-Жайық бойынан тараған. Құрғақ және шөлейт аймақтарда өсіруге бейімделген. Түсі бозғылт, қызыл қоңыр, көбінесе, қара болады. Дене бітімі мығым, басы үлкен, тұрқы ұзын, жоталы, кеудесі кең, құйрығы үлкен. Еділбай қойы өсімтал келеді, тез ет алады. Жүн түсімі де басқа құйрықты қой тұқымдарынан жоғары. Еділбай қойы құйрықты қазақы қой тұқымдарын жақсарту үшін пайдаланылады. Көбінесе, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстарында өсіріледі.

Қазақтың ұяң жүнді құйрықты қойы – ет, май, жүн бағытындағы қой тұқымы. Еділбай қойы қошқарымен жақсартылған қазақтың қылшық жүнді жергілікті құйрықты қой саулықтарын сараджа, дегерес етті-жүнді және тәжік қойы қошқарларымен күрделі будандастыру арқылы 1994 жылы шығарылған. Шөл, шөлейт және құрғақ дала аймақтарында өсіруге жақсы бейімделген, жыл бойы дерлік жайылымда бағылады. Түсі, көбінесе, қоңыр, қызғылт сары, ішінара көк, сұр, ақ түстілері де кездеседі. Бітімі шымыр, сүйегі мықты, тұлғасы орташадан жоғары, жоталы, кеудесі кең, құйрығы үлкен, жүні ұяң, ақ және ақшыл түсті келеді. Қойдың бұл қолтұқымы Ақтөбе, Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Алматы облысы шаруашылықтарында өсіріледі.





Қазақтың арқар-мериносы – биязы жүнді қой тұқымы. 1934 – 50 жылдары биязы жүнді жаңа кавказдық типтегі рамбулье және прекос саулықтарын жабайы арқармен қолдан ұрықтандыру нәтижесінде алынды. Бұл қой тұқымы биік тау жайылымдарында бағуға өте ыңғайлы. Кейінірек жүн сапасын одан әрі жақсарту мақсатында асыл тұқымды малдардың бір бөлігіне аустралия мериностарының қаны құйылды.

Қазақтың оңтүстік мериносы – жүн, ет өндіру бағытында өсірілетін қой тұқымы. Еліміздің оңтүстік өңірлерінің шөл, шөлейт және таулы аймақтарының құбылмалы табиғат жағдайларына жақсы бейімделген. Бұл тұқымды 1932 – 66 жылдары Қазақ қой шаруашылығы технологиялық ғылыми-зерттеу институты шығарды. Ол жергілікті қылшық жүнді құйрықты қойларды кавказ, алтай, ставрополь, грозный және кеңес мериносы қой тұқымдарымен күрделі будандастыру нәтижесінде алынған. Кейінгі кезде жүн өнімділігінің сапасы мен түсімін арттыру мақсатында алынған қой тұқымы аустралия мериностарымен будандастырылды. Қой тұқымы Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының шаруашылықтарында өсіріледі.

Қазақтың биязы жүнді қойы – ет, жүн өндіру бағытында өсірілетін қой тұқымы. 1931 – 46 жылдары жергілікті қазақтың құйрықты саулықтарын прекос және «америка рамбульесі» қошқарларымен будандастыру нәтижесінде алынған. Кейіннен жүн сапасын жақсарту мақсатында аскания, алтай, грозный, аустралия мериностары және полварс тұқымдарының қошқарларымен кіріспе будандастырып, етті-жүнді бағытта алынған бұл қой тұқымы Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы таулы және шөлейтті аймақтардың жайылым жағдайларына жақсы бейімделген.

Қазақтың биязылау ұзын жүнді қойы – ет, жүн өндіру бағытында өсірілетін қой тұқымы. Бұл тұқымды 1962 – 94 жылдары Тәжірибелік биология институтының ғалымдары жергілікті қойлардың 5 тұқымын будандастыру арқылы шығарған. Алғашқы үлгі ретінде қазақы биязы жүнді қой тұқымдарының саулығын шетелдік етті, ұзын жүнді линкольн, ром-ни-марш, бордер-лейстер және тяньшань қой тұқымдарының қошқарларымен будандастырды. Бұдан алынған күрделі будандар әрі қарай «өз-өзімен» өсіру арқылы көбейтілді. Қойдың дене бітімі мықты, қошқарлары, көбінесе, мүйізсіз келеді.





ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Қазақта егін шаруашылығы қашаннан бар. Мысалы, ежелгі Сауран, Отырар, Тараз қалаларының маңайында ескі арықтардың ізі әлі күнге дейін байқалады. Бұл – Қазақстанда егін шаруашылығының ертеден дамығандығының дәлелі.

Суы мол Сыр өңірі, Жетісу, Есіл, Ертіс, Жайық бойларын мекендеген халық егін шаруашылығымен көбірек айналысқан. Қазақтың егетіні, негізінен, дәнді дақыл, аздап бақша өсімдіктері болды. Егін егу жерді суландырумен қатар жүретін. Жерді суландыру – өзеннен түрлі арықтар арқылы суды егіндікке жеткізу әдісі. Ол үшін егіндіктің жоғары тұсынан суды егіндікке бұру мақсатымен үлкен арық қазылады.



Жерді түйе, кейде екі жылқы немесе қос өгіз жеккен соқамен жыртқан.

Егінші қазақтың ертеден өсірген дақылының бірі – тары. Оңтүстік Қазақстан, Сыр бойындағы қазақтардың егетін тағы бір дақылы – күріш (салы). Сондай-ақ қазақ даласында жүгері, арпа, сұлы өсірілген. Оларды, негізінен, малға берген, сабақтарын бастырып сабан жасаған, қажетіне қарай өздері азық ретінде пайдаланған. Сабанды балшыққа араластырып илеп, одан кам кірпіш (күйдірілмеген) жасап, қыстау, қора-қопсы салған.

Жер өңдеуді кәсіп еткен қазақ су диірменін ойлап тапқан. Бұл – ағын судың күшімен жұмыс істейтін күрделі құрылыс. Мұның негізгі тетігі – екі диірмен тасы. Олар дөңгелек пішінде тегістеле қашалады, ортасын теседі. Тегіс беттерін бір-біріне қабыстыра, бірінің үстіне бірі орнатылады. Судың күшімен үстіндегі тас дөңгеленгенде, ортасындағы тесіктен бидай салынып, шеттерінен ұн болып шығады. Қазақтың «қол диірмені» де осы шартқа негізделген. Бірақ қол диірмен – көшпелі қазақтардың аспабы.

Отырықшы шаруалар тек дәнді дақыл егумен шектелген жоқ, олар бау-бақшамен де айналысты. Алма, алмұрт, жүзім, өрік, шие, жиде, шабдалы – Қазақстанның оңтүстігінде ертеден өсетін жеміс ағаштары. Пияз, сәбіз, қызыл бұрыш, асқабақ, қияр, қызан, қауын, қарбыз – қазақтың ежелден тағамға пайдаланып келген көкөніс-жидектері.